ТАУДАН ДА БИІК

УДК
ББК
.....

«Таудан да биік» Естеліктер жинағы
Құрастырған: Дәуренбек Бұланбаев
Қарағанды: ТОО «Tengri ltd» баспасы, 2026. - 234 б.

ISBN .....

Бұл жинаққа Ұлытау ауданы Сарысу ауылында туып-өсіп, саналы ғұмырын осынау өлкенің гүлденуіне арнаған ақынжанды азамат Дәнеке Бұланбайұлының жыр-толғаулары, естеліктер, сонымен қатар ұзақ жылдар бойы мал шаруашылығының өркендеуіне қомақты үлес қосқан Тұрсынбек қажы Бұланбайұлының өмірінен сыр шертетін деректер топтастырылған.

Кітап жалпы оқырмандарға арналған.

УДК
ББК

ISBN .....

АЛҒЫСӨЗ

«Ұлт ұясы» атанған Ұлытау өңірі қашаннан-ақ тағылымды тарихымен, шер жамылған шежіресімен биік. Қол бастаған көсемдер де, сөз бастаған шешендер де осынау өлкенің қадірі мен қасиетін биікке көтере білді. Сағымы көз арбаған сары даланың қиырындағы Сарысу ауылы да осындай тұлғалардан кенде емес. Осынау жинаққа арқау болған Бұланбай балалары Дәнеке мен Тұрсынбек қажы да Сарысу ауылының өркендеуіне өз үлестерін қосқан абзал жүректі азаматтар еді.

Ұзақ жылдар бойы механизатор, кейіннен шопан болып еңбек еткен Дәнеке Бұланбайұлының еңбегі әділ бағасын алып, екі мәрте Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен марапатталған, 1957 жылы Қазақстанның ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің Алматыда өткен съезіне делегат болып қатысқан.

Дәнеке Бұланбайұлы – ақын, ауылдың айтулы асабасы болған адам еді. Ақынның жазған жырлары мен толғауларын оқып қарасаңыз, өмірдің ағы мен қарасынан ой түйген ақынның көңіл көкжиегінің кеңдігіне ерекше тәнті боласыз. Өлеңді өміріне серік еткен Дәнеке Бұланбайұлының жазған жырлары мен айтқан әзіл-қалжыңдары әлі күнге дейін ел есінде, жұрт жадында.

Тұрсынбек Бұланбайұлы – Сарысу ауылында беделді қызметтер атқарған, имандылықты ту еткен асыл азамат. Өз ісінің білгір маманы өзі еңбек еткен жылдары ерен еңбектің үлгісін көрсетіп, мал басының шығынсыз өсуіне үлкен үлес қоса білді. Сонымен қатар Тұрсынбек Бұланбайұлы ауылдың өнерлі қыз-жігіттерінің басын қосып, оркестр

ұйымдастырып, ол оркестр аудандық, облыстық байқаулардан жүлделі орындарға да ие болған.

Тұрсынбек Бұланбайұлының күйшілік, қобызшылық өнерінің өзі бір төбе. Ол кісі Меккеге барып, мұсылманның бір парызын өтеп, қажы атанып келген соң, жастарды имандылыққа шақыру мақсатында көптеген игі істерге де мұрындық болды.

Осы кітапты жазу барысында ауылдың шежіресі мен тарихын, осы өлкеде туып-өскен белгілі азаматтар жайлы деректерді көкірегіне тоқыған талай ағаларымыз бен апаларымыздан сұхбат алудың сәті түсті, ол кісілердің айтқан әңгімелері естелік ретінде кітаптан орын алды.

Осынау жинақ Сарысу ауылы азаматтарының биік беделі мен адамгершілік асыл қасиеттері жайлы сыр шертетін туындылар топтамасы болады деген ойдамын.

Дәуренбек Бұланбаев, ақын,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.



Дәнеке Бұланбайұлы 1930 жылы Ұлытау ауданының «Бірлестік» ауылында (қазіргі Сарысу ауылы) дүниеге келген. Руы – Балталы - Құли. Балалық шағы Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс келген Дәнеке еңбекке ерте араласады. Ұзақ жыл механизатор, шопан болып еңбек еткен Дәнеке өз жанынан өлең шығаратын, сөзге шешен, ауыл тойларында асаба болған азамат еді. Бүгін назарларыңызға бірнеше өлеңдері мен толғауын ұсынып отырмыз.

АРМАН

Қадірсіз болсаң жолдасқа,
Сөзіңе құлақ салар ма ед?
Сыйласпасаң туғанмен,
Тіріде жақын болар ма ед?
Жалқаулықпен дос болсаң,
Ұйқың, сірә, қанар ма ед?
Өтірікпен дос болсаң,
Сөзіңе ешкім нанар ма ед?

Еңбексізбен дос болсаң,
Бәрекелді болар ма ед?
Кітап-газет болмаса,
Мейірің, сірә, қанар ма ед?
Егер кітап болмаса,
Жабайы адам қалар ма ед?
Есенберлин Ілияс
«Ғашықтар» атты кітабын,
Жаттап, шіркін, алар ма ед?
Жасым менен өлеңім,
Жамбылдай менің болар ма ед?
Қаныштың келіп білімі,
Көңіліме қонар ма ед?
Королев ашқан жаңалық,
Шіркін, менде болар ма ед?
Космонавт болып даңқты,
Жұлдыздарға барар ма ед?
Жылтыраған шетінен,
Сындырып, аздап алар ма ед?
Әлия мен Мәншүктей,
Тарихта мәңгі қалар ма ед?
Нұркендейін Әбдіров,
Батыр болсам жарар ед.
Әміредей ән салсам,
Әлемге даңқым тарар ма ед?
Қақпашы болсам яшиндей,
Көрермендер көбейіп,
Мыңдаған халық барар ма ед?
Таңдау ал десе табиғат,
Қайсына көңілім соғар ед?

...Өлмей адам, қартаймай,
Дүниеде мәңгі қалар ма ед?!

ҰЛЫТАУ

Ұлытау, сен сұлусың, басың биік,
Салыпсың бұлттан шәлі, шашың түйіп.
Үш жүздің басын қосқан сен бір алып,
Жатырсың шежірені ішке жиып.

Ақтылы мыңғырған қой, суда балық,
Жүргісіз аяқ алып жатқан киік.
Бас алып талай өзен ағып жатыр,
Бұраңдап бірнеше рет белін иіп.

НАСИХАТ
(толғау)

Жарандар, кеңес жазайын,
Үшбу дәптер қағазға.
Ақымаққа таяқ дегендей,
Ақылды нұсқа сабазға.

Мұсылман болсаң, берік бол,
Әуелі иман-намазға.
Алланың өзі кешірер,
Ақырда өлшеп таразыға.

Фәни болсаң мақтанба,
Көзіңді сал хәлі азға.

Ризық берер бір Алла,
Жарлы болсаң тағы азба.

Жарлымын деп жасыма,
Инабатың жараса.
Жақсыменен жарассаң,
Айтқан сөзді тыңдасаң,
Әлің жетпесе таласпа.
Жақсыменен дос болсаң,
Артық-кемді санаспа.

Артық-кемді санассаң,
Әуел баста жанаспа.
Сәулең болса кеудеңде,
Дұшпаныңа сыр айтпа.

Дұшпаныңа сыр айтсаң,
Қауіп тұрар бір басқа.
Әзілің болса араңда,
Түсіңді айтпа құрдасқа.

Алды тұман, арты жөн,
Ер жолынан адасса.
Айтар сөзді байқап айт,
Сырласарда мұңдасқа.
Алдыңнан шығар айтқаның,
Дұшпандық етіп, сыр ашса.
Дүние деген опасыз,
Ренжу туса арада.

Алып бір соғар жамбасқа,
Көп адамда опа жоқ.
Бәлесін сақтап жүреді,
Жақындасып мұңдасқа.

Адамның кейбір аласы,
Ниеті жаман, қарасы.
Қастығын ойлап жолдасқа.
Жолдаста да жолдас бар,
Кеудеде жаны бір басқа.
Ондай жолдас табылмас,
Табылса егер жаңылмас,
Туысы бөлек нар қасқа.

Бәрінен де, әлеумет,
Жалғыздық қиын ол басқа.
Арашалар адам жоқ,
Біреу саған жармасса.

Жалғыз болып, бар болсаң,
Дәулетің болар туғаның.
Жарлы болып, көп болса,
Көп те болса салғанын.

Ізгілік етсең - сөйлеме,
Ысырап болар жиғаның.
Жасыңда өнер білмесең,
Қартайғанда білмессің.

Бәйтеректің майысып,
Қыңырайып тұрғанын.
Досыңа жаман сөйлеме.
Досыңа жаман сөйлесең,
Өзіңді-өзің ұрғаның.

Сәулең болса кеудеңде,
Алдына шықпа менменсіп,
Ата менен ананың.
Өтемесең борышын,
Жолығарсың қаһарына,
Жасаған ие Алланың.
Мақсатыңа жетерсің,
Жақсы болса алғаның.
Жаман болса алғаның,
Ішіңде кетер өкініп,
Өле-өлгенше арманың.

Қатарыңды көргенде,
Бұйырмаған секілді,
Аз да болса жиғаның.
Сонда өзің сезерсің,
Алдаушы дүния жалғанын,
Опасыздық - қалғаны.
Бағың тайса басыңнан,
Жақын жүрмес туғаның.

Соңыңа түсер өшіксе,
Ұстап берер жауына.

Қылмысыңды естісе,
Шақырып құрмет қылмас та.

Қыдырып барма есікке,
Қыдырған себеп болмайды.
Тәңірде жазған несіпке,
Қонақ келсе сыртына,
Жүгіріп шық, кешікпе.
Қырықтың бірі - қыдыр-ды,
Дауасы тиер несіпке.
Құдайдан тілек сұрасаң,
Арамды қоспа несіпке.
Дұшпанды жеңсең - достық қыл,
Жеңген сайын өшікпе.
Өне-бойы қорқытып,
Таяй берме тесікке.
Өз көзіңмен көрмесең,
Біреудің айтқан өсегін,
Шын екен деп есітпе.

Бұл жалғанда өсек көп,
Шала-шарпы естісе.
Бұл заманда шын білмек,
Көрмегенге нанбаған.
Екі достың арасын,
Ажыратар оңбаған.
Жалаң аяқ қулар көп,
Нашарларды алдаған.

Ішіңе кіріп, досым деп,
Өтірік айтып, арбаған.
Екі сөзге келмей-ақ,
Шырмап, беттен тырнаған.

Бір сөзінде байлау жоқ,
Айтқан сөзде тұрмаған.
Достық, ишарат қолынан,
Екеуі де келе алмай,
Біреу алдап зорлаған.

Ақиқат өзі көрмесе,
Тілге азбайды оңды адам.
Оңды адамның белгісі,
Жамандыққа болмаған.

Өзі біле тұрса да,
Ұнаған сөзді тыңдаған.
Мінезінің белгісі,
Түйе үстінен жүрсе де,
Орнынан да тұрмаған.
Ердің ері сол болар,
Айтқан сөзден танбаған.
Негізі оның оңбайды,
Өз туғанын қорлаған.
Дос пен қасты айырмас,
Екі жүзді оңбаған.

Балаң әдет біле алмас,
Сабақ алмай молдадан.

Би кеңесі келіспес,
Үлгі алмай ордадан.

Жауда қалар жолдасы,
Өзінің басын қорғаған.
Жақсы жолдас сол болар,
Шашпай сырды жинаған.

Жаман жолдас сол болар,
Өзінің басын қорғаған.
Көршінің қоғам болғаны,
Ауылдың малын жинаған.

Баланың асыл болғаны,
Ата-анасын сыйлаған.
Ер ынсапсыз болғаны,
Жастығы жеңіп мінезін,
Қартайғанша қоймаған.

Бұл сөзімді кем көрмес,
Ақылы артық милы адам.
Милы адамның белгісі,
Сөзі шықпас шашауға.

Болаты қайтар жүзінің,
Балта шапсаң қашауға.
Негізі жаман жасықты,
Қайта болмас жасауға.

Ақылсызды үйрету,
Салғандай құрық асауға.
Тегі асыл нәсілге,
Басыңды әуел қосарға.

Ер асылы табылмас,
Басын қосар осалға.
Бір күні саған іс түссе,
Жөнін таппас қашарға.

Көптің болса құрмасы,
Жалғыз шығып қашар ма?
Көппен жүріп адассаң,
Жөн тапқаның асарға.

Жалғыз жүріп адассаң,
Жөн таппассың қашарға.
Отсызға қарап қалада,
Қу кедейдің аңсары.

Аздап салсаң жусанға,
Жігерің қайтар құм болып.
Өтініш етсең нашарға,
Дұшпандық етер оңбаған,
Етегіңді ашарға.

Алды-артын ойланған,
Ер-азамат сасар ма?
Ер болып тусаң анадан,
Жолдасың жауға сатар ма?

Ағайынның жаманы,
Алдыңа түсіп, бас болмас.
Артына түсіп, дос болмас.
Ойлағаны қараңғы,
Көңілі оның қош болмас.

Бұрышты тамақ ас болмас,
Балшықты мың күн илесең,
Асыл гауһар тас болмас.
Екі жақсы бас қосса,
Ізіңді аңдып, өш болмас.

Бірге бітсе мал мен бас,
Тәңірім берсе, кеш болмас.
Басы бұлақ болмаса,
Аяғы шалқар көл болмас.

Қарғадай қонса топтанып,
Жарлының жұрты көң болмас.
Ұры-қары жиналып,
Ұйытқылы ел болмас.

Қашыр есек қадірлеп,
Бәйгеден келер ат болмас.
Алла артық жаратқан,
Арыстандай шер болмас.

Барлық жұлдыз жиналып,
Балқып нұрлы ай болмас.

Айдың нұры жадырап,
Күн шығып атқан таң болмас.

Құдай қымбат еткен жан,
Қой бақса да кем болмас.
Құдай нашар еткен жан,
Тұлпар мініп, ту алмас.

Санасында болмаса,
Ата жолын қуа алмас.
Құтан-қарға жиылып,
Мамырлап ұшқан қаз болмас.

Отқа салып илесең,
Асыл гауһар тас болмас.
Аяққа шұлғау етсең де,
Асыл жібек бөз болмас.

Қисықтарды түзету,
Қыңырайған тез болмас.
Тиянағы болмаса,
Мағыналы сөз болмас.

Досыңа шын сөйлесең,
Сонда да саған аз болмас.
Тура келген досыңды,
Кезі келсе сыйлап қал.

Дүние деген опасыз,
Өне-бойы кез болмас.

Көл тартылып, суалса,
Үйрек ұшып, қаз қонбас.

Сары атан егер ықтаса,
Күн жылынып, жаз болмас.
Білгенімді, әлеумет,
Айтпай қалсам, жөн болмас.

Жаман адам белгісі,
Қайда барса да болады,
Ит жегендей арам ас.
Негізінде кемдік бар,
Әр түрлі жыныс аралас.
Іздегені бұзықтық,
Көңіліңе қарамас.

Өтірік, өсек, мақтаншақ,
Ішкені арақ, күнде мас.
Өзінің сөзін мақұлдап,
Ақыл айтсаң тыңдамас.

Жақсы адамның белгісі,
Абыройыңды кетіріп,
Көп алдында сынамас.
Ер бақыттан айрылса,
Ел азамат құра алмас.

Ер басынан бақ тайса,
Ағайыны жоламас.
Жаман болса ағайын,

Жау жағадан алғанда,
Қолының ұшын бере алмас.

Жапалақ қонса бақшаға,
Бұлбұл сайрап тұра алмас.
Мың жапалақ жиылып,
Бір бұлбұлдай бола алмас.

Ат басына күн туса,
Ауыздықпен су ішер.
Ер басына күн туса,
Етігімен күн кешер,
Емін-еркін жүре алмас.
Бастан тайса бақытың,
Көпке дейін құралмас.

Бақ қонса да басыңа,
Бұрынғыдай бола алмас.
Насихат сөзім бірталай,
Бола келді шамалас.

Құдайдан келген жаңаға,
Ер азамат мен демес.
Асыл болса алғаның,
Сіз, біз деп сөйлеп, сен демес.

Тұтқынға түссе серігі,
Ақырын күтер, шерленбес.
Бүтін болса есебі,
Шаруасы жүдемес.

Бақыты тұрған кезінде,
Ер азамат кенде емес.
Ерге қырсық дарыса,
Еткен ісі емді емес.

Көшпелі бақ - дүние,
Бір қалыпта тұра алмас.
Қиындық көрмей ер жігіт,
Қайткенде де сыналмас.
Сейілмесе қатерің,
Ердің көңілі тына алмас.

Құр айласыз қайраттан,
Айбынды біткен күш артық.
Құрметсіз өткен өмірден,
Ұйқыда көрген түс артық.
Жаңбырсыз көрген жаз күннен,
Жеңіл болған қыс артық.

Формасы келмес күмістен,
Сұлулап соққан мыс артық.
Сыйласпаған туғаннан,
Таршылықта дос болған,
Танымаған кісі артық.

Сипаты бірдей болғанмен,
Ерден ердің ісі артық.
Жыртық та болса қараша үй,
Таза болса тамағы,

Ықыласты болса адамы,
Ақ ордадан көп артық.

Осы сөзім бекер ме,
Жал пісіріп, жая ассам,
Ұқсар ма еді шекерге?
Қына біткен тау-тасқа,
Балта шапсам өтер ме?
Алыстағы аруға,
Ұсынсам қолым жетер ме?
Қайырымсыздан би болса,
Арыз айтсаң өтер ме?
Арамнан болса негізі,
Кісіге қайыр етер ме?!

***

Көптен ауырып жатқан жақын туысы Мәулен деген кісі Дәнекеге хат жазады.

Мәулен:

Ақ қағаз, сәлем апар Дәнекеге,
Іні едің, тете туып, бірге өскен.
Секілді Қарлыбайдай ағаң едім,
Тең басып, екі аяқты жүрген кезде.
Жылына екі сәлем бір бермейсің,
Демалыс алсаң-дағы жетісіне.
Өзіңнің әріптесің Асансейіт,
Бес келед, уақыт тауып жетісіне.
Асансейіт келе қалса, сызу сызад,
Қалтаңда болып жүрсін елу теңге.

Мейлің кел, мейлің келме, енді өзің біл,
Бастайтын азаматсың көпті жөнге!

Дәнеке:
Хатыңыз келіп тиді жазған бізге,
Түсіндім, хат бетінде айтқан сөзге.
Сөзіңіз маған жазған түсінікті,
Жүйріксіз көп адамнан қызыл тілге.

Құлпырып гүлдер шығып, жер де көктер,
Бұлт тұрып, көк жүзінен төгіп нөсер.
Бар етер жоқтан барды жаратушы,
Сауығып сайрандарсыз, шығып кесел.
Келмейін деп жүрген жоқ іниіңіз де,
Көбіне шаруа қуып, жүріп кетер.

Оқыдым орта кезін жазған хаттың,
Түсіндім бізге деген сөздің парқын.
«Көп келед» - деп жазыпсыз Асансейітті,
Және де ойнайды деп сызу картын.
«Мәуленнен ақша ұттым» деп мақтанып жүр,
Мұрны имек, көзі көкше, шақша басың!..

***

Беташарда айтқандары:
Сарысу бойын жайлаған,
Сиырды сыммен сабаған,
Шалбарының жыртығын,
Киік терісімен жамаған,
Мұратқа да бір сәлем!

Сарысу бойын жайлаған,
Автолавка айдаған,
Бір құлақты байлаған,
Өмірзаққа бір сәлем!

Аяз деме, мороз де,
Өткен деме, переезд де.
Қазан деме, шойын де,
Шағыр деме, жусан де.
Жылқы деме, мінгіш де,
Қара деме, баран де!..

Дәнеке Бұланбайұлы жайлы естеліктер



ҰЛЫТАУДЫҢ ҰЛЫ

Ұлытау өңірі ежелден-ақ ұлы тұлғаларға кенде болмаған. Қол бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де, азуын айға білеген ақындар да осынау өңірдің шер жамылған шежіресіне, талайлы тарихына айналды. Ондай тұлғалардың есімін ел есінде сақтау - бүгінгілердің парызы.

Мен білетін Дәнеке Бұланбаев осындай көшелі, ортасына сыйлы жандардың бірі болатын.

1967 жылы желтоқсан айында мен Жезді аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі болып сайландым. Келесі жылы жаз мезгілінде Райкомның тапсырмасымен ауылдарды аралауға шықтық. Мақсатымыз - шөпшілердің, малшылардың жағдайын көзбен көру, жалпы жұмыс жағдайымен танысу. Қасымда Кузнецов деген Жезді аудандық партия комитетінің екінші секретары бар, таңертең ертелетіп жолға шығып кеттік. Жолға шығардан бір күн бұрын маған Жезді аудандық ауыл шаруашылық басқармасы бастығының орынбасары Мәкен Төрегелдин хабарласып:

-Сарысуға барсаң, Дәнеке деген кісімен кездес. Сол ауылдың жай-күйін, тыныс-тіршілігін Дәнекеден артық білетін адамды таппайсың, - деген болатын.

Ауылдарды аралай жүріп, Сарысуға да жеттік. Ауылға келісімен Дәнеке Бұланбаев деген кісіні іздестіре бастадым. Дәкең шөпте екен. Сарысу өзенін қапталдай салған шабындық жайқалып тұрған кез, шөбі белуардан келеді. Сонымен түс ауа шөпшілердің қосына да келіп жеттік. Біз келген кезде Дәнеке қолдан жасалған моторлы шарықпен орақ қайрап отыр екен, бізбен бұрыннан таныс адамдай

емен-жарқын амандасты. Өзімізді таныстырып, жағдайларын сұрап жатырмыз. «Қайрақшы жігіт бір күнге сұранып, ауылға кетіп еді. Жұмыс тоқтап қалмасын деп орақ қайрап жатырмын» - деді. Бізбен әңгімелесіп отырса да қимылы ширақ, орақтарды жалтырата шыңдауда. Сол арада біздің қасымызға шөпшілер де жиналып қалды. Дәнеке орнынан тұрып, шаруа жайын айтып, әрбір шөпшіні өлеңмен таныстырды. Құдай-ау, айдаладағы шөпшілердің арасында да мынадай талант бар екен-ау деп, таң-тамаша болдым. Содан соң, атын ұмыттым, бір жас жігітті Дәнеке қатты мақтады. «Өзіне берілген жұмысты тап-тұйнақтай ғып орындайды, жас болса да бас болатын жігіт» деп айтқаны есімде. Мақтағанды кім жек көрсін, әлгі жігіттің екі көзі шоқтай жайнап, мерейі өсіп қалды. Осы сәтте мен Дәнекенің бойынан психологқа, керек десеңіз педагогтарға тән ерекше қасиетті байқадым. Адамға сенім артса, жігер берсе, оның тауды да жарып шығарын Дәкең терең түсінеді екен.

Дәнеке менің қасымдағы Кузнецовпен де сөйлесіп, шаруа жайын айтып берді. Жеті кластық қана білімі бар ауылдың қазағының екі тілге де ағып тұрғанына тағы таңғалдым.

Түс ауған шақ, ыстықтың беті қайтқан уақыт, шөпшілердің бәрі жұмысқа шыққалы қамдана бастады. Мен Дәнекеге:

-Аудандық ауыл шаруашылық басқармасы бастығының орынбасары Мәкен Төрегелдин сізге сәлем айтты. Ол кісінің айтуынша, сіз өлең-жырды, ескі әңгімелерді көп біледі екенсіз, ақындығыңызды да естідім. Сол өнеріңізбен сусындайық, - дедім.

Сонда Дәнеке:

-Мәкеннің айтқаны рас. Бірақ біз дәл қазір шөп шабуға шыққалы жатырмыз. Әне, жігіттер тракторын оталдырып жатыр. Өлең айтып отырсақ, шаруа тоқтап қалар. Кейін бір кездескенде ретін келтірейік, - деді.

Жөн сөзге дау бар ма, Дәкеңнің өнерін кейінірек тамашалауға келістік.

Дәнекемен сөйлескен кезде байқағаным, жер жағдайын, шаруаның ыңғайын жетік біледі екен. Совхоздың жұмысына өз жұмысындай қарайтын жанашырлығы да мені тәнті етті. Сөйлескен кезінде қоңырқай жүзінен шуақ төгіліп тұрады екен. Біз шөпшілермен қоштасып, жолға шықтық.

Мен ауданға келе сала сол кездегі аудандық «Октябрь туы» газетінің бас редакторы Ишанбек Жауыртаевқа хабарласып:

-Ишанбек, сен басқа шаруаңды қоя тұрып, Сарысудағы Дәнеке Бұланбаев деген кісіге баршы. Жолығып, сұхбаттас. Өлеңдерін жазып алып, газетіңе жарияла, - дедім.

-Ол қиын шаруа емес қой, Дәнекенің өлеңдерін сол ауылдағы Өтебаев Қонысбекке айтып, алдыра саламын, - деді Ишанбек. Қонысбек ол кезде Сарысу селолық Советінің атқару комитетінің төрағасы еді. Мен Дәнекемен осылайша таныстым.

Иә, одан бері де оқтай зымырап алпыс жылдай уақыт өтіпті. Бүгін, міне, сексеннің бесеуіне келген шағымда өткен өміріме көз жіберсем, талай тұлғалармен дәмдес болып, ақыл-кеңесін тыңдаған екем. Ол кісілер туған жерге ту тігіп, еңбек майданында ерен ерлік көрсете алды. Осы

әңгімеге арқау болып отырған азамат Дәнеке Бұланбаев та осынау өңірдің гүлденуіне үлкен үлес қосқан, ақындығы, айтқыштығы бір төбе жан еді. Ондай жандардың есімі ұмытылмайды, әрдайым ел есінде, жұрт жадында болары хақ.

Сағындық Үсенұлы Қожамсейітов, Ұлытау ауданы және Жезқазған қаласының, Қарағанды облысының Құрметті азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері.

АСЫЛ АЗАМАТ ЕДІ

Халық даналығында «Жақсымен өткізген жарты сағатың, жаманның өтіп кеткен ғұмырымен тең» деген тамыры терең тәмсіл бар. Бүгінде жасым сексеннен асқан кезде өткен өміріме көз салсам, жақсы адамдармен де көп араласып, дәмдес болған екем. Солардың бірі - Дәнеке Бұланбайұлы. Дәнекенің менен үш-төрт жас үлкендігі бар. Дәнекемен мен бала жасымнан бастап бірге еңбек еттім. Кешегі колхоз уақытында өгіз айдап, жер жырттық, малға жем-шөп дайындадық. Колхоздың қандай жұмысы болса, сол жұмыстың бәрін атқарып едік. Ол кезде ер-азаматтардың бәрі майданда, ауылда әйел, шал-шауқан, бала-шаға, бейнеттің бәрі бізге түсуші еді. Бригадиріміз - Түгелбайдың әкесі Әбдікер, сол бөліп берген жерді үш-төрт соқамен жыртушы едік. Бізді аяйтын да ешкім жоқ, таң атқаннан күн батқанға дейін тырбанып, еңбек етуші едік. Егіс басында жататын жеріміз де жоқ, өңшең қара сирақ балалар Әбдікердің үйіне сыйғанымызша жаттық, сыймағанымыз далаға жатушы едік. Шешеміз колхоздың сиырын сауды, тапқан өнімнің бәрін ол кезде майданға жөнелтуші еді. Колхозда еңбекшілерге беретін табыс жоқ, талғажау қылуға бес-он келіден арпа, тары, екі-үш литр көк сүт беретін, сонымен жан бақтық. Соғысқа кеткен солдаттардың отбасы ашығып қалмасын деп өкіметтен азын –аулақ көмек болатын. Дәнекенің әкесі Бұланбай соғыс басталған жылы-ақ майданға кеткен, інісі Тұрсынбек әлі кішкентай, Дәнеке ширақтау болғасын колхоз қай жерде жұмыс жөнді жүрмей жатса, оны сонда жіберетін. Сол кезде

Дәнекенің жасы небары он бір-он екілер шамасында болатын.

Ол кезде оқуға да мүмкіндік, уақыт жоқ, бір күн сабақ болса, бір апта оқымаймыз. Оқымай қалдық деп ренжу қайда, ел ішінің жағдайын көріп отырған соң бейнеттен қашқанымыз жоқ. Кейіннен үш колхоздың орталығы Түйемойнақтан мектеп ашылып, сол жерде интернатта жатып оқып, хат таныдық.

Ол заманның бейнеті қазіргілерге ертегі сияқты. Бригадир айтқан шаруаны істейміз. Мал бағу, қой қырқу, малшылардың көшіп-қонуы, шөп шабу, тағы басқа қым-қуыт шаруалардың басында алдымен Дәнеке жүруші еді. Ол кездегі балалардың көбі қырман басына тай мініп баратын. Дәнекенің астында өзі үйреткен Шайтан құла деген жүйрік тұлпары болды. Онымен жылқы қуғанда құрығын көтеріп айқай салса, жылқының бәрі қашып құтылмайтынын біліп, дір-дір етіп тұра қалатын. Сол кезде сай табанындағы көлшіктерде дуадақ деген құс топ-тобымен жайылып жүретін. Шайтан құланың шапшаңдығы сондай, сол дуадақтар аспанға көтерілгенше жетіп барып, Дәнеке құрықпен ұрып алатын.

1956 жылы мен қойшы Әлменге көмекші боп бардым. Ол кезде Мұңайтпас бухгалтер еді, Керімбек - завферма. Сол жылы көктемде колхозымыз совхоз болып ұйысты. Совхоз болған соң отыз сом, қырық сом айлық алып, ақшаның бетін көрдік. Оған дейін ақшаның не екенін білгеніміз жоқ. Ол кезде әр үй үкіметке салық төлейтін, алпыс жұмыртқа, алпыс келі ет, үйіңде бір сиыр болса, сегіз келі сары май төлеуің керек. 1953 жылы Сталин қайтыс

болған соң халық осы салықтан босап, елдің жағдайы жақсара бастады.

Ол кездің қысы бөлек. Қар қалың жауады. Түйемойнақ пен екі ортаның жолын қыс бойы бульдозермен аршиды, артынан ілбіген машинаның кузовы бір жерде көрінсе, кей жерлерде тіпті көрінбей қалады. Осыдан-ақ қардың қалыңдығын шамалай беріңіз. Ол кездегі тракторлардың кабинасы жоқ, Дәнеке екеуміз қыстың көзі қырауда сондай трактормен ауылға жем тасып, бейнет кешкенбіз. Кейде ауылға келген әкім-қараларға ферманы аралату үшін ат шанамен көшір де болған кездерім аз емес. Аралтөбе, Жетіқоңыр, Сарысу совхоздары ол кезде Ленин совхозы болатын, кейіннен үшеуі бөлінді. Әкем атшы боп зейнетке шыққан соң, шешем де атшы боп зейнетке шықты, әйелім Замок та атшы болды.

Сол заманда ешкімде құжат болған жоқ. Метірке, паспорт дегенді біз совхоз болған соң ғана көрдік. Өкіметтің саясаты ғой, қолдарына документ берсек, колхоздың бейнетінен қашып, кетіп қалады десе керек.

Сол кездегі жас жігіттердің бәрі трактористің оқуын оқыды. Ауылға Лесин деген инженер келіп, сол ауылдың жастарының бәріне трактордың қыр-сырын түсіндірді, оқытты. Мен де сонда оқып, тракторист атандым. Одан бұрын Хрущевтің бұйрығымен жан-жақтан келген трактористердің дені сотталғандар, жаза арқалағандар еді ғой. Өз кінәсін еңбекпен жуады деген желеумен келгендер кейіннен елдеріне қайтып кетті, олардың орнын өзіміздің жігіттер басты. Ахметов Зият бір трактор, Дәнеке де бір трактор жүргізіп кетті.

1961 жылы совхоздың шөбін шауып, маялап болғаннан кейін, құмда ферманың жері бар екен, соған үш жүз сиыр апарып қыстатамыз деп, соған Алшынбай, Қыдырбай деген ауылдың азаматтары көшіп барды. Біз Дәнеке екеуміз сол жердің шөбін шауып, сиырға қыстық азық дайындадық. Киік көп, ет керек болса Қыдырбай бір-екі теке, Дәнеке бір-екі теке атып әкеледі. Сонымен тамағымыз тоқ болды. Шөпті бір айға жеткізбей шауып, маялап бітірдік. Сол жылы қаңтар айының жиырма екісінде жаңбыр жауып, жердің бәрі көк мұз, мал жайылымға шыға алмай қалды. Соған совхоздан он сегіз трактор шығып, ұзын бөренелерге трос байлап сүйреп, жайылымның мұзын талқандадық. Сөйтіп малды қыстан аман алып шықтық.

1962 жылы Мұстафин Күшмағанбет екеуміз төртінші фермаға барып, мал азығын дайындадық. Ол кезде үйленіп, үй болғанбыз. Үкімет қара үйін беріп, бізді шығарып салды. Ол жерде Асансейіттің үйі бар екен, Күшмағанбеттің үйі бар, Жәнібеков Шахымның үйі бар, сол жерде күзге дейін екі трактормен шөп шауып, жинадық. Тобылғылыға бір-екі жыл сиыр қыстағаннан кейін сол жақтан комсомол жастар бригадасын ашамыз деген ұран тасталды. Төлек Шайыхов бригадир, Әбеев Рақым зоотехник, Шәмшиден мен Мұқажан қойшы болды, тағы да басқа малшылар бар, Дәнеке сол жылдары Тобылғылының трактористері болды, содан уақыт өте келе совхоз басшылары Дәнекені «К-700» тракторының оқуына жіберді, кейін Дәнеке ауылға келген «К-700» тракторын тізгіндеді. Сол жылдары құмда шөп шықпай, қуаңшылық болып, ауылдағы сегіз «К-700» тракторы Жыландының бауырындағы шабындықтан құмға қыс бойы шөп тасыды.

Кейіннен Дәнеке механизаторлық жұмысын шопандыққа ауыстырып, бір жағынан жолдасы Рақияның денсаулығына да қарап, бірнеше жыл бойы совхоздың қойын бақты. Інісі Тұрсынбек кейіннен Қарқаралыға барып, Шубаев Көшен, Әзімбаев Байзақ, Мираш сияқты ауылдың азаматтарымен бірге малдәрігерлік оқуды оқып келді. Мен 1972 жылы қой баққанымда Дәнекенің інісі Тұрсынбек ферманың дәрігері болды. Кісіге қиянаты жоқ, өз жұмысын ғана білетін біртоға жігіт еді. Бұланбайдың балаларының бәрі де еңбегімен елге сыйлы еді. Жалпы сол жылдары еңбек еткен азаматтардың бәрі де еңбекқор, адал болатын.

«Орнында бар оңалар» дейді халқымыз. Дәнеке сияқты елге сыйлы азамат өмірден өткенімен, артында қалған ұрпағы әкелерінің есімін ұлықтап жатыр. Тәубе дейік. Жақсының аты өлмейтіні рас!..

Жетпіс Жауқасынов, еңбек ардагері,
Ұлытау ауданының Құрметті азаматы.

АУЫЛДЫҢ АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТЫ ЕДІ

Сарысу өзенінің жағасын жайлаған біздің ауылдың тарихы аса бай. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары «Бірлестік» колхозы атанған елді мекен кейін келе іргесі кеңейіп, «Сарысу асыл тұқымды қой заводы» атанған. Мал шаруашылығы дамып, табысы молайып, миллионер совхоз атанғанына тарих куә. Осы ауылдан үш бірдей Социалистік Еңбек Ері шыққан. Сонымен қатар сөз қадірін білген ақындар, қарымды қаламгерлер де ауылымыздың абыройын көтеруге өз үлестерін қосты. Солардың бірі – Дәнеке Бұланбаев.

Дәнеке ағамыз Сарысу ауылында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, майталман механизатор атанды, осы ауылға алғаш келген «К-700» тракторын жүргізді, жазда малға жем-шөп дайындады, қыста алыстағы ауылдарға жол салды. Кейіннен механизаторлықты шопан таяғына айырбастап, мал бақты. Өзінің мінсіз еңбегімен Дәкең бірнеше рет аудандық Кеңестің депутаты болды, кеудесіне орден-медальдар тақты.

Дәнеке ағамыз өз жанынан өлең шығаратын, өз заманында ауылдың асабасы болған адам еді. Ол кісі талай келіннің бетін ашып, суырып салмалық қасиетімен үлкен-кішіні таң қалдыратын. Құрдастарымен әзіл-қалжыңдарының өзі бір төбе.

Дәкеңнің шөпте жүрген кезі болса керек. Жаз айы. Шөпшілердің ішіндегі Байбосын деген ұста кісінің кесірткеден қорқатыны бар екен. Байбосынның шақша сұрайтынын білетін Дәнеке бір кесірткені өлтіріп, оны газетке орап, қалтасына салып алыпты. Байекең күндегідей

шақша сұраған кезде Дәкең «Насыбайды газетке орап едім» - деп, Байбосынның қолына ораулы газетті ұстата салыпты. Ойында ештеңе жоқ, Байекең ораманы ашып қалса –өлген кесіртке. Сондағы Байекеңнің тулағанын шөпшілер әлі күнге дейін айтады.

Дәнеке ағамыздың тағы бір қасиеті – көп оқитындығы. Ол кісі ауыл кітапханасының ең озық оқырманы болды десем, артық айтпаған болар едім. Қолтығына бір бума кітапты қыстырып алып, үйдің тұсынан өтіп бара жатқанын талай рет көрдім.

-Осы кітаптың бәрін оқисыз ба? – деп сұрағаным бар бірде.

-Әрине, оқимын. Қызықтыларын қайталап оқитыным бар, - деді сонда.

Иә, жақсы адамдар жайлы әңгіме айтылса, жаныңыз жадырайды. Ол кісілердің өнегесі ұмытылмасы анық. Дәнеке ағамыздың жаны жәннатта болсын дейік.

Жамсап Әбуұлы Әшенов,
Сарысу ауылдық Ақсақалдар кеңесінің
төрағасы.

ШЕЖІРЕ МЕН ТАРИХТЫҢ БІЛГІРІ

Мен Дәнеке ағамызбен ұзақ жылдар бойы сыйластықта болдым. Ол кісі ұзақ жылдар бойы механизатор болып еңбек етті. Ерен еңбегімен пленум мүшесі болды, бірнеше орден-медальдардың иегері атанды. Ауылдағы контордың ішінде үздік еңбеккерлердің тақтасында ол кісінің суреті ілулі тұратын. Мен ол кісімен жиі байланысып тұрдым. Ол кезде мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары едім. Мектепте өтетін түрлі жиындарға, ата-аналар жиналыстарына Дәнеке ағамыз үнемі келіп отыратын. Осыдан-ақ ол кісінің бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін байқауға болады.

Мен бұл үйдің екі баласына сабақ бердім. Біреуі – Гүлбану, бүгінгі таңда дәрігер болып еңбек етеді. Екіншісі – Дәуренбек, бүгінде ел таныған қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Дәнеке ағамыздың тағы бір қасиеті – кітапқа құмарлығы. Ауылдың кітапханасын тауысып, мектептің кітапханасынан кітап қарар кезде кейде мені қасына ертіп алушы еді. Біздің үйде де тарихи, әдеби кітаптар көп болатын, соны да алып оқитын.

Ол кісі отырған жерін думанға бөлеп, жыр-термелер айтып отырушы еді, әзіл әңгімелерінің өзі бір төбе. Ол кісінің айтқандарын ауылдастары әлі күнге дейін ұмытқан жоқ.

Дәнеке ағамыз сол өңірдегі ел-жер тарихының білгірі әрі шежіреші болатын. Менің атам Бұзау болыс жайлы да көптеген тың деректерді осы кісіден естідім. Мына Жаңаарқа ауданына қарасты Қараағаш (бұрынғы Рассвет)

ауылы тұсында «Бұзау бұлақ» деген бұлақ бар. Бір замандарда Шоң би сол өңірдегі Қарабұлақтың тұсында үлкен жиын ашатын болып, сол жиынға Бұзау болысты, Қарабала, Жауғашты, Шағыр, тағы да басқа рулардың ақсақалдарын, тағы да басқа болыстарды, орыстардың шенділерін шақырады.

Бұзау болыс қасына беделді, сөз білетін адамдарды ертіп жолға шығады. Күн кешкіріп қалған уақыт. Бәрі осы тұсқа қона кетпек болып, аттарын тұсап, тоқым жастанып жата кетсе керек. Сол жерде ордалы жылан бар екен. Түнде жылан Бұзау болыстың денесінен сырғып өтіп, шетте жатқан атқосшыны шағып өлтіреді. Таң ата жолаушылар әлгі өлген жігітті сол жерге жерлесе керек. Кейіннен болыстың қасындағы кісілер «Бұзау болыстың даңқы бұрыннан белгілі еді, мына жағдайдан кейін оған Алланың ықыласы түскенін анық сездік. Жыланның өзі бұл кісіні шақпай, үстінен сырғып өте шыққанын қарасаңызшы» - деп, таң қалыпты.

Біз кейіннен «Бұзау бұлақтың» басында ас бердік, басына ескерткіш белгі қойдық.

Міне, Дәнеке ағамыздың зеректігінің арқасында бұл әңгіме бүгінге дейін жетіп отыр.

Менің тоғызыншы сыныпта оқитын кезім, ол кезде практика деген бар болатын. Ауылдың қиырындағы «Кемер» деген тұста жаз айында шөпшілер шөп шабатын, бір топ ұлдарды шөпшілерге көмектесуге жіберді. Күндіз шөп шабамыз, кешкісін бәріміз қосқа жиналып, Дәнеке көкеміздің толғауларын, әзіл әңгімелерін тыңдайтынбыз. Ол бір керемет кездер еді.

Әкем Бәкия ұзақ жылдар бойы ауылдың газетін тасыды. Ол кезде шағын ұшақ ауылдың іргесіне ұшып келіп, қатталып буылған газет-журналдарды төбеден тастап кетуші еді. Әкем сол газет-журналдарды жинап алып, ауылдың поштасына апаратын. Әкемнің совхоз берген жуас аты болды, сол атқа ауыл шетіндегі маядан шөп алуға әкемнің рұқсаты бар еді. Әкемнің маядан бір арқа шөп алып кетіп бара жатқанын көрген Дәнеке ағамыз:

-Уа, Бәке! Құранда тіс шұқитын шөп алсаң да сұрауы бар екендігі жазылған ғой, мына арқа-арқа шөбіңіздің сұрауы қалай болар екен? – деп әзілдейтін.

Иә, жақсы адамдар туралы талай дүние айтуға болады. Дәнеке ағамыздың жаны жәннатта болсын демекпін.

Мейірбек Бұзауов, III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері, ұлағатты ұстаз, еңбек ардагері

ҚАЛЖЫҢНЫҢ ҚАҚПАНЫ

Сарысу ауылы – іргелі шаруашылықтардың бірі. Заманында бүкіл елге танымал болған совхоздың өркендеуіне сол ауылдың атпал азаматтарының да қосқан үлесі қомақты. Солардың бірі – Дәнеке Бұланбаев.

Бірлестік колхозы құрылған тұстан бері Дәнеке еңбекке араласып, ұзақ жылдар бойы механизатор, кейіннен шопан болып еңбек етті. Менің әкем Жаппаспен жақсы әңгімелесуші еді.

Дәкең механизаторлықты қызыл түсті «ХТЗ» тракторынан бастаған. Ол кісі ауылдың біраз баласына трактордың қыр-сырын үйретті. Сол балалардың көбі кейіннен тракторист болды.

Біз мал бағып, «Тақырдың» тұсында біраз жыл отырдық. Дәнеке ол кезде «К-700» тракторын жүргізетін, қыс айларында жол салады. Дәкеңнің тракторының таудай боп қарасы көрінген кезден-ақ біздің үй абыр-сабыр болып, қазанға ет салып, самаурынға шәй қоя бастайтын. Ол кісінің үйге келуі де бір мереке, әкей екеуі небір әңгімелерді айтады, әзіл-қалжыңдары тағы бар. Үлкен ұлым Ерғазы ол кезде әлі бала, Дәкең үйге кірмей жатып-ақ Жаппас атасының шақшасын қолына алып, Дәнекеге ұсынуға әзір тұрады. Дәкең де балажан адам ғой, қалтасына қолын сұғып жіберіп, Ерғазының қос алақанын тәттіге толтырады. Тәттінің орнына Ерғазы атасынан «ұрлап алған» шақшаны береді. Айырбас.

Біздің Сарысу ауылында шабындық бар. Шөп қоры мол. Жаз айларында Қарсақбай жаққа шөп тасимыз. Дәнеке «К-700» тракторымен Қарсақбайға шөп апарып, сол ауылға қонса, ауылдың әйелдері шәй құюдан қашады екен. От

ауызды, орақ тілді Дәнеке олардың жүріс-тұрысын сөзбен іліп тастап отырады ғой, бәрі содан қашады екен, шәй құятын адам табылмағасын сол ауылдың жігіттері шәй құйған күндер болған.

Дәнеке кітапты көп оқитын, кітапханаларды тауысып, ел жағалап кітап іздеп жүргенін көзіміз көрді.

Ол кісі шариғат жағына да терең адам еді. Бірде қалаға барып, біреудің құдайысында құран оқыпты. Құран оқылып біткеннен кейін Дәкеңнің дауысына ұйыған бір ақсақал:

-Айналайын-ай, шариғатқа білімің терең сияқты, ауылыңның нешінші молдасысың? – десе керек.

Сонда Дәнеке:

-Бесінші молдасымын, - депті.

Сонда әлгі ақсақал:

-Бесіншісі мынадай болса, бірінші, екіншілері қандай екен?! – деп таң қалыпты.

Кемердің тұсында жайлауда көрші отырған кезіміз. Жаз айы. Біздің үйдің иті күшіктеп, көп күшікті көрген Дәнеке менің әкеме:

-Мына бір күшіктің тұрпаты бөлек екен, түбі қасқыр алады-ау, осыны маған сат, - деді бірде.

-Тәйт әрі! Қартайған шағымда мені «Ит сатқан Жаппас» атандырайын деп пе едің? – деді әкем жұлып алғандай.

Олардың әңгімесіне үлкен-кіші күліп мәз.

Иә, Дәкеңмен біз ұзақ жылдар бойы жақсы сыйластық, араластық. Ол кісі жарқын мінезді, сөзге шешен, ақынжанды адам болатын. Ондай адамдардың есімі ұмытылмайды.

Сұлтанғазы Жандильдин

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Есімі ел есінде қалған тұлғалар біздің аймақта көптеп саналады. Солардың бірі – Дәнеке ағамыз.

Дәкең – ойшыл, ойыншыл, білімді адам болатын. Сонымен қатар еңбек десе, жанып түсетін қасиетін де айта кеткен жөн. Ол кісі механизатор болып, «МТЗ-5», «ЮМЗ» тракторларын жүргізді, мал азығын дайындады, ауылдың басқа да шаруаларын атқарды. Кейіннен ауылға алғаш келген «К-700» тракторын жүргізді. Мен ол кезде совхоздағы МТМ-нің бастығы едім, Дәнекенің трактору қашан да болсын, жұмысқа дайын тұрушы еді, техника бұзылса, өзі-ақ жөндеп алатын.

Жазда «К-700» тракторына қос тіркеме жегіп, 140-150 шақырым жердегі құмға, №3, №4 фермаларға шөп таситын. Қыста жол салып, тоқтаусыз еңбек етті.

Кейін балалары өсіп, есейе бастаған кезде механизаторлық мамандығын шопандыққа ауыстырып, № 2 фермада қой бақты, қыста Үштағанды, жазда қырқаны жайлады. Жемісті еңбегі әділ бағаланып, талай мәрте марапатқа да ие болды.

Дәкеңнің тағы бір қасиеті – кітапқұмарлығы. Ол кісі көп оқитын. Ауыл тойларында асаба болып, талай келіннің бетін де ашқан. Беташар айтқанда әзіл өлеңімен талай адамды «түйрегендігін» елдің бәрі әлі де ұмыта қойған жоқ.

Бір жылы ауылда Бураханов Айыпханның баласы Жапсарбайдың үйлену тойы болып, сол тойдың тізгінін ұстаған Дәнеке ауылдағы Мұратты:

Сарысу бойын жайлаған,

Сиырды сыммен сабаған,

Шалбарының жыртығын,

Киік терісімен жамаған,

Мұратқа да бір сәлем! – деп таныстырғаны бар.

Иә, Дәкең Сарысу ауылының тарихында өз өрнегін салып кеткен азамат деп айтар едім. Дәнекенің жаны жәннатта болсын, Алла артындағы ұрпағына ұзақ ғұмыр, ырыс-береке берсін.

Әбдіжәлел Әбдіханұлы Жағыпаров,
еңбек ардагері

ЖАНАШЫР ЖАН ЕДІ

Қай адам болса да жақсыларға қарап бой түзейді ғой. Менің балалық шағым өткен Сарысу ауылында өнегесі өміріме азық боларлық жақсы адамдар көп болды. Солардың бірі – Дәнеке ағамыз.

Ол кісі ақкөңіл, үлкен-кішімен тез тіл табысатын, сөзге шешен, ақынжанды адам болды. Сол жылдары ауылдың асабасы да осы кісі болатын. Дәнеке ағамыздың беташарындағы тауып айтқан әзіл өлеңдері әлі күнге дейін ұмытылған жоқ.

Қателеспесем, 1958 жылы болар, алтыншы сыныпты аяқтаған жылы жаз айларында мен Дәнеке ағамызға тіркемеші болып жұмыс істедім. Дәкең механизатор еді. Ол кезде жазда ең басты жұмыс – шөп шабу, мал азығын дайындау. Сол кездің балалары да еңбекке бейім еді, мен де солардан қалыспай, қияндағы шөпшілердің қосынан бір-ақ шықтым. Менің міндетім – шошақтарды троспен қоршап, тракторға жегу. Жаз айы болған соң күн ыстық, шыбын-шіркейі тағы бар, аңқамыз кепсе де сыр бермеуші едік. Үнемі трактормен тарта берген соң тростың өзі тозып, сымы қолға кіріп, қан жоса қылатын. Бригадир қолғап тарататын, ол қолғап сол күні кешке дейін-ақ түте-түтесі шығып, жыртылып қалушы еді. Мені жайымды айтқызбай-ақ түсінген Дәнеке ағам маған өзінің қолғабын беріп, тростың «тікенді тұсын» ескі шүберекпен орап, қолды жараламайтындай қылып беруші еді.

Жаз мезгілінде Сарысу өзенін жағалай малшылар отырады, түс мезгілінде шөп шапқан тұсымыздағы ең жақын ауылға барып ас ішетін едік. Дархан көңілді елміз

ғой, қай үйге барсақ та құшақ жая қарсы алып, төрге шығаратын. Дастархан басында Дәнеке ағамыз қызықты әңгімелер айтып, бәріміздің көңілімізді көтеретін. Ол кісіні елдің бәрі құрмет тұтушы еді.

Кейін ауылдың бас инженері Зейін деген кісі ауылдан трактористтің курсын ашты. Жетінші сыныпта оқып жүргенімде сол тракторшының курсын қоса оқыдым. Оқу жылының соңында Қарсақбайдағы механизаторлар мектебінен комиссия келіп, соған емтихан тапсырдық. Ұғымтал едім, емтиханнан сүрінбей өтіп, механизаторлық куәлік алып шықтым. Сол оқуды ауылдың біраз баласы оқып, механизатор атанды, ауылға трактор көптеп келіп жатқан кез еді, бәріміз де бір-бір тракторды жүргіздік. Менің алғаш жүргізген тракторым «Т-20» маркалы трактор болатын, әлі де есімде.

Кейіннен мектеп бітірген соң оқу іздеп қалаға кеттік. Мен тау-кен инженерінің оқуын оқып, ұзақ жылдар бойы сол салада еңбек еттім.

Екі мыңыншы жылдардың бас кезінде жаз айында Сарысуға жолым түсті. Сәмет ағамның үйіне соғып едім, сол үйде Дәнеке ағам отыр екен. Ол кісі мені көріп, қатты қуанып қалды. Баяғыда шөпте бірге болғанымызды айтып, біраз қауқылдастық. Сонда Дәнеке ағам:

-Мына Аман бала кезінен-ақ бейнетке бейім еді. Алтыншы класс бітірген жылында-ақ еңбекке араласты, маған прицепщик болды. Жұмысына тиянақты еді. Сол еңбексүйгіштігінен жаман болған жоқ. Міне, бүгінде елге сыйлы азамат атанды, - деді. Ағама мен де алғыс білдірдім.

Иә, жақсы адамдардың шарапаты болатыны рас. Дәнеке ағамыз да солардың бірі еді. Еңбегімен ел есінде қалған ағамыздың есімі ұмытылмайды.

Аман Тәліпұлы Ахметов,
тау-кен инженері, еңбек ардагері.

ӨЛЕҢ-ЖЫРДЫҢ ӨЗЕГІ

Жақсы адамның артында сөз қалады. Хакім Абайдың «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» дейтіні де содан болса керек. Сондай жандардың бірі – Дәнеке көкем.

Дәнеке көкемнің өлең-толғаулары, әзіл әңгімелері ел аузында әлі де айтылып келеді. Сарысу өңіріне бара қалсаңыз, «Дәнеке айтыпты» деген қалжыңдардың алдыңыздан шығары сөзсіз.

Біздің үйге Дәнеке көкем жиі келіп тұрушы еді. Кітап оқығанды жақсы көретін, үйдегі әдеби кітаптарды алып оқитын. Ол кезде қазіргідей компьютер дегеніңіз жоқ, жолдасым Нұрила ауыл әкімшілігінде жұмыс істегендіктен, көкем өзінің жазған жыр-толғауларын біздің үйдегі келіні Нұрилаға машинкаға бастыртып алушы еді. Нұрила бірнеше дана қылып басып, бір данасын өзімізге қалдырған екен. Былтырғы жылы Дәнеке көкемнің балалары әкелерінің ел аузындағы жыр-толғауларын жинақтаған кезде, біздің үйден көкемнің сол толғаулары табылып, мерейіміз бір өсіп қалып еді.

Ауылда шағын кітапхана бар. Көкеміз сол кітапхананың тұрақты оқырманы еді, кітап оқуды өзіне демалыс деп санайтын. Көкемнің үйіне қашан барсам да, қолынан кітабы түскенін көрген емеспін.

Дәнеке көкем ұзақ жыл механизатор болып еңбек етті, кейіннен шопан таяғын қолына алды. Көкемнің шөпте жүрген кездегі әзіл-қалжыңдарын ауылдастары әлі де айтып, мәз болады.

Жаз айы. Шөптегі жастар кеш бата көкеміздің жын-шайтан, перілер туралы «шытырман» оқиғалы әңгімелерін тыңдайды екен. Көкем кеш батпай тұрып, «дайындық жұмыстарын» жасап алатын көрінеді. Бір күні көкем жұмыстан ертерек келіп, шөпшілердің қосынан сәл әрірек жерге үш айырды қадап, айырдың бас жағына ақ мата іліп, кешке шайтандар туралы әңгімесін бастаса керек. Шөпшілердің бәрі тыңдап отыр, жастар жағының екі көзі атыздай, қорқып отырса керек. Сәлден кейін шөпшілердің біреуі түзге отыруға шықса керек. Қостан сәл ұзап «шаруасын» бітірейін деп жатса, әлгі ақ мата ілінген айырды көрмей ме?! Түзге не үшін шыққанын ұмытқан әлгі байғұс қосқа жүгіріп келіп:

-К-к-к-келе жатыр, - десе керек. Айырға ілінген ақ мата самал желмен сәл ғана тербеліп, көзіне шайтан сияқты елестеген ғой.

Дәнеке көкем шамасы жеткенше бес уақыт намазын қаза қылмаған, Ислам діні турасында көңіліне түйгені көп адам еді. Ол кісінің адалдық, имандылық жайлы әңгімелері де көп еді. Құдайы, Тарауық намаздарында көкеміз шариғат, діни дастандар айтып, елді ұйытушы еді.

Иә, жақсының жақсылығы туралы айту да бір ғанибет. Шүкір дейік, бүгінде көкеміздің ұл-қыздары да бір-бір шаңырақ болып, абыройлы ғұмыр кешуде. Жаны жәннатта болсын көкемнің!..

Қоңырбек Мәмбетбаев

СӨЗ СҮЛЕЙІ

Біздің өңірдің тарихы аса бай. Қол бастаған көсемдер, сөз бастаған шешендер осы өлкеден көп шыққан. Солардың бірі – Дәнеке көкеміз.

Көкем жас кезінен өлең шығаратын, суырып салма ақын, асаба кісі еді. Өлеңдері сол кездегі аудандық газеттерге де шығып тұратын. Ол кісінің ағайын-туыс, бауырларға деген жанашырлығы, құрметі де ерекше еді. Ауылдың тойларын да осы кісі жүргізіп, жас келіндердің бетін ашатын, тауып айтып, талай тойдың сәнін кіргізгені де рас. Құрбы-дос, замандастарымен, балдыздарымен әзілдері де бір төбе болатын.

Дәнеке көкем кітапты да көп оқушы еді. Ауылдың кітапханасын тауысып, үй жағалап кітап іздеп жүретін. Ол кісінің тілге бай, шешен болуына кітапқа құмарлығы да оң әсерін бергендігі белгілі.

Бірде ағайындарымыздың бірі той жасап, сонда көкеме сөз кезегі тиеді. Арғы-бергі тарихтан орағытып кеп, өлең-жыр араластырып сөйлеген көкемнің ділмарлығына таң қалған қонақтардың бірі:

-Мына кісі не жұмыс істейді? - деп сұраса керек.

Сонда Дәнеке көкем:

-Жиырма бес жылдан бері қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берем, - депті. Әлгі сұрақ қойған адам көкеме қалтқысыз сеніпті.

Дәнеке көкемнің біздің үйдегі келіні Саиданың мамандығы мұғалім, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді. Саида тіл маманы болған соң ба, үйге әдеби

кітаптарды көп жинайтын. Көкем келінінен де кітап алып оқушы еді.

Әттең деймін кейде. Дәнеке көкемнің әкесі соғысқа кетіп, жетім қалды, қамкөңіл анасының, артынан ерген бауырларының қамын ойлап, жастайынан еңбекке араласты. Шіркін-ай, осы кісі оқып, білім алғанда, бүгінгі күні елімізге танымал қаламгер болар ма еді? Амал не, Алланың маңдайға жазған тағдырынан асып қайда барамыз?..

Бүгінде Дәнеке көкеміздің ұрпағы өсіп-өніп, абыройлы еңбек етіп, ел алғысына бөленуде. Шүкір дейік, ағамыздың есімі ешқашан өшпек емес.

Әмзе Жетібаев

АЙТУЛЫ АҚЫН, ӘЗІЛІ ӘЗІР АСАБА

Қазақ - сөз қадірін білетін халық. Біздің Сарысу өңірі де ақындарға, шешен-ділмарларға бай болған. Дәнеке ағамыз да сондай тауып айтатын ақындарымыздың бірі болатын.

Дәкең ауылдың асабасы болған, келіннің бетін ашқан суырып салма өлеңімен елдің бәрін таң қалдыратын. Сондай тойлардың бірінде жездесі Мұратты:

Асыраған итті қабаған,
Сиырды сыммен сабаған.
Шалбарының жыртығын,
Киіктің терісімен жамаған, - деп таныстырған еді.

Дәнеке көкеміздің қайын жұрты – Шағыр, қайнағасы Рақым кінәлі болып, жұмыстан шығып кетіп, алты ай үйінде жатып алыпты. Сонда Дәкең:

Алты ай жатып демалған,
Шамадан тыс оңалған.
Әйелі теуіп артынан,
Жұмысқа зорға оралған – дегені бар.

Дәкең бірде аң аулап келе жатып, Әбдікердің ауылына түсіпті. Әбдікердің Атбасардан екі құдашасы келген екен. Олардың құрметіне кешке ойын ұйымдастырылса керек. Келген құдашаның біреуі ақын екен, Дәнекенің суырып салмалығын естіп, «Иығына ілгені мылтық, бұтына кигені жарғақ шалбар, ақындық мұның қай жерінде», - деп кемсітсе керек. Сонда Дәкең:

Құдаша, келіп қапсың Атбасардан,
Шалдықпай жеттіңіз бе, алыс жолдан?
Әлеке, құдашаны танымадым,

Кім еді, көті-басын бояп алған? – деп, әлгі құдашаның аузына құм құйыпты.

Дәкең жылқы бағып, «Тышқан» жақта қоста жалғыз отырғанда Жәлел деген нағашысы келіп, қонатын болған соң, Дәкең семіз жылқының етін мол ғып асып, шыртылдаққа нан илеп, бауырсақ пісіріпті. Келген қонағына кілең майлы ет жегізіп, майлы сорпа ішкізіпті. Шыртылдағы тағы бар. Сонымен жатар мезгіл болып, ел жатар кезде Дәнеке қостың есігін ешкімге байқатпай байлап қояды. Кілең майлы ет, майлы сорпа, шыртылдақ ішіп-жеген адам қайдан оңсын, түн ортасында Жәлелдің іші ауырып, түзге шықпақшы болып, есікті аша алмай қатты қысылып, «Ойбай-ау» - деп жүріп, бір уақытта «Ойбоой!» деп қалады. Дәкең сонда оянып кеткен болып:

-Нағашы, не болды? - депті. Сонда нағашысы:

-Иттің баласы, бәрін әдейі істеген екенсің ғой, - десе керек.

Жазғы уақыт. Елдің бәрі шөпте. Шөп бригадасы Тоғызбай тұсында шөп шауып жатқан ғой, бригадирлері - Зият. Содан Зият бірде:

-Ет таусылып қалды, әзірге жей тұрамыз - деп, ауылдан бір жәшік консервідегі сиыр етін (тущенка, говядина) алып келіпті. Елдің бәрі шөпке кеткен кезде Зият Дәкеңе:

-Осыны тамақ қыла тұрыңдар – деп, әлгі консервілерді тапсырып кетіпті. Сосын Дәкең «Говядина» сөзіндегі «Г» - ні өшіріп, «О» әрпінің шетін өшіріп, «С» жасайды, тағы басқа әріптерді «әдіптейді». Сонымен консервінің сыртындағы жазу «Свинина» болып шығады. Сонымен кеш болады, шөпшілер келеді, шөпшілердің ішінде Дәкеңнің

құрдасы Асансейіт те бар екен. Сонда Дәкең «Ауылдан мал әкелетіндер кешігіп жатыр, Зият сендерге бір-екі күн осыны жей тұрыңдар деп айтты» - деп, әлгі өзінің «өңдеуінен» өткен «шошқа» консервісін бәріне таратып беріпті. Елдің сауатты кезі ғой, консервінің сыртын оқып, бәрі Зиятқа қатты ренжіпті. Сонда Дәкең:

-Обалдарың Зиятқа – деп, консервінің біреуін ашып, жей бастайды. Оның сиыр еті екені өзіне аян ғой, неден тартынсын. Содан әлгі жігіттер консервінің сыртына үңіліп қарап, әріптерінің өшірілгенін байқаса керек. Шөпшілер сонда ғана бәленің бәрі Дәнекеден келгенін түсініпті.

Шөпшілердің қосы моланың тұсында болса керек. Дәкең кеш бата қосқа келсе, шөпшілердің бәрі демалып жатыр екен. Далада ешкім жоқ. Мола жақ тұстағы тобылғыда ақ жаймалар жайылып тұр. Содан Дәкең мола жақ бетке екі-үш айырды басын біріктіріп қадап, әлгі ақ жаймалардың біреуін жауып, тракторын сол тұсқа әкеп қояды. Кешкі ас ішерде Берікке:

-Шаршап жүрген шығарсыңдар, жүз грамм ішіңдер, менің тракторымның кәбеңкесінде бір-екі жарты бар – деп, Берікті тракторына жұмсайды. Берік жұмсаған жерге барып, әлгі затты алып келе жатса, мола жақтан ағараңдаған бірдеңені көреді. Жүрегі тас төбесіне шығып, қосқа жүгіріп кіріп:

-О, боже! – деп, жүрегін ұстап отыра кетіпті. Елдің бәрінде зәре жоқ, содан Дәкең үйдегілерді тыныштандырып, «Аруақты назаландырғансыңдар ғой, құран оқып үйде тыныш отырыңдар» - деп, өзі сыртқа шығып, ешкімге байқатпай әлгі айырларды алып тастайды. Сөйтіп шөпшілердің тілін кәлимаға келтіріп алған екен.

Түс уақыты, күн қатты ыситын кез. Осы уақытта шөпшілер қоста азырақ дем алады екен. Әбілқасым деген жігіт ылғи керегені түріп, қол жетер тұсқа оқитын газеттерін қыстырып қояды екен. Дәкең бір күні кесірткені өлтіріп, әлгі газетке орап қойыпты. Әбілқасым күндегі орнына келіп, керіліп жатып, әлгі газетті қолына алған кезде өлі кесіртке кеудесіне түсіп, мәйкесінің ішіне кіріп кетіпті. Әбілқасым жатқан жерінде тулап, есін зорға жинаса керек.

Иә, Дәкең жайлы таңды таңға ұрып әңгіме айтуға болады. Ондай азаматтардың айтқаны ел есінен өшпек емес. Шүкір, бүгінгі таңда Дәнеке ағамыздың ұрпағы бір-бір шаңырақ иесі болып, әкелерінің атына кір келтірмей, ғибратты ғұмыр кешуде. Өмірдің мәні де осында емес пе?..

Өтеген Әбікенов

ҚАДІРЛІ ЕДІ КӨКЕМІЗ...

Өткенге көз салып отырсаңыз, айтары бар ақын да, жау қайтарған батыр да, дуалы ауыз шешен де өткендігін бажайлап, олардан қалған өнеге-аңыздардың, жыр-дастандардың уақыт өткен сайын маңызы арта түскендігін байқарыңыз анық.

Сондай жандардың бірі және бірегейі - Дәнеке көкеміз еді. Әкелері сонау отты жылдары соғысқа кетіп, жастайынан еңбекке араласқан көкемнің оқуға мойын бұруға шамасы да, жағдайы да болмады. Егер осындай кісілер оқығанда, бүгінгі таңда қазақ әдебиетінің классиигі атанар ма еді, кім білсін...

Ертеректе ауылда ақындар айтысы болыпты. Жаңаарқадан, Қызылжардан, Жеңістен, тағы да басқа өңірлерден келген ақындармен айтысуға біздің ауылдан көкеміз шықса керек.

Сонда ауыздыға сөз бермеген көкемізге әлгі ақындар:

-Түпкірден шықпай қалған ақын екенсің. Әттең, айтыстың соңынан кеткеніңде мықты айтыскер ақын болар едің - деп, таң қалған екен.

Жолдасым Өмірзақ - Дәнеке көкеміздің жақын туысы, інісі. Көкеміз жаз айларында үнемі шөпте жүреді. Ол кездің балаларына дейін еңбекқор еді ғой, Өмірзақ, Мусин Берік, Дәлханов Сламбек, тағы да басқа ауылдың біраз жігіттері де жаздағы шөп науқанына барады ғой. Жастарға қызық керек, кешке қарай бәрі киіз үйде отырып, көкеміздің не бір әңгімелерін тыңдайды екен. Олардың сенгіштігі мен қорқақтығын жақсы білетін көкем күндіз ешкімге байқатпай, ішіне су толы торсықты шаңырақка іліп, торсыққа жіп байлап, туырлықтың жігімен керегеге әкеліп,

жіптің ұшын башайына ілінетін қылып ілмектеп қойса керек.

Сонымен кеш болады, елдің бәріне қызық керек, ас-суын ішіп болған соң көкем отырған үйге жиналады ғой. Содан көкем де қайдағы бір жын-шайтан, перілер туралы әңгімелерді төгеді екен. Айтқанда қалай айтады десеңізші, екі көзін алақтатып, түсін суытып жібергенде жастар жағының көзі атыздай болады екен. Содан көкеміз шайтан жайлы әңгімесінің шарықтау шегіне келіп:

-Сонда әлгі шайтан сиіп-сиіп жібереді! - деп, башайын қимылдатып қалғанда, шаңыраққа байланған торсықтағы су дастарханның үстіне сар ете қалмай ма?!

Өздері қорқып, әрең отырған жастар жағы орындарынан атып тұрып, безе қашқанда, есікке сыймай, киіз үйді төңкеріп кете жаздапты.

Көкеміздің әзілдері көп қой. Ол кезде Мираш завгар болып істейді. Мираштың шешесі Балталының қызы еді. Бір күні Мираштың тісі қақсап ауырып, шешесі Мирашты көкеме ертіп апарған ғой, ішірткі жазып бер деп. Оған көкем қарсы болсын ба, қазір, қазір деп, кішкене қағазға ішірткі жазып, Мирашқа беріпті. Адамның сенімі деген күшті ғой, әлгі ішірткіні Мираш тісіне басса, тісінің ауырғаны қойса керек. Мынау бір керемет нәрсе екен, не жазды екен, үйреніп алайын деп, әлгі Мираш ішірткінің қағазын ашса:

Ауырса сенің тісің,

Менің емес ісім.

Апама еркелігіңді қоймасаң,

Сәлден соң ауырады ішің – деп жазылған бір шумақ өлең жазулы тұр. Мұндай қызық болар ма?!

Бұл кісі Шағырдың қызын алды ғой, балдыздарымен қатты ойнайды екен. Оның өзі бір төбе әңгіме. Көкеміз

азуын айға білеген асаба еді ғой. Кейде ауылда той-томалақ болған кезде көкеміз келіннің бетін ашып:

Өткел деме, переезд де,

Жүн деме, қылшық де.

Дүрия деме, жібек де - дегені есімде.

Қарабалалардың біреуі келін түсіріп, көкем беташар жасағанда милиция болып жұмыс істейтін құрдасы Кәденді:

Жылауық еді жасында,

Темір қалпақ басында.

Әне отыр, менің апам қасында – деп таныстырғаны бар.

Бұл кісінің жұбайы Қожырбайдың қызы еді ғой. Көкемізбен бәрі ойнайды, бірақ балдыздарының бәрін көкеміз тілмен «жаусататын» көрінеді.

Көкем балалармен ойнағанды да жақсы көруші еді. Бір күні біздің үйге келді. Ол кезде ұлымыз Дәулет кішкентай бала, көкемді көре сала ата, ата деп тұра ұмтылды. Сол кезде көкем:

-Әй, Өмірзақ! – демесі бар ма?!

-Иә, не болды?

-Менің атымның қанжығасын қарасаң, бір дорба насыбай тұр. Соны алып кел. Мына баланың насыбайы жоқ екен, насыбай салып берейін - деді. Дәулеттің екі көзі атыздай, қорыққанынан баж ете қалды. Бәріміз күліп жатырмыз.

Иә, жақсы жандар туралы айту қандай ғажап! Ал, олардың өнегесін өн-бойыңа сіңіріп, айтқан асыл сөздерін ұғыну - ұлылық. Асылдарымызды ардақтайық!..

Роза Мұңайтпасова, еңбек ардагері,
ұлағатты ұстаз

БӘТУАЛЫ БАЖАМ

Жақсы адамдар жайлы жазудың өзі үлкен бақыт қой, шіркін! Жазып отырған сәтте сол жанмен іштей тілдесеріңіз тағы белгілі. Ондайда жаныңыз жай тауып, өткен шаққа ораларыңыз және шындық.

«Адамда бажа, малда бота тату» деген қанатты сөз бекер айтылмаса керек. Мен 1984 жылы жолдасым Күлиямен бас қосқаннан бастап, Дәнеке бажаммен жақын танысып, көп араластым. Дәкең ақкөңіл, ашық-жарқын, әзілқой, шешендігімен қай ортада болса да биік тұратын. Ол кісі балдыздарымен қатты ойнаушы еді. Жолдасы Рақия көп бала тәрбиелеген, кішіпейіл, дастарханы кең, аса көп сөйлей қоймайтын жан болатын.

1988 жылы күз айында балдызым Нұржан Жангүлді жар етіп алып келіп, атам Рақым Дәнеке екеумізді Шет ауданының Қайрақты деген ауылына құдалардың алдынан өтуге жіберді. Сонымен Қайрақтыға жетіп, құданың үйіне де келдік. Құдалардың қабағы қатулы, құдағи жүрегін ұстап, талып қалды. Бізді қыз ұрлағандар деп, милиция шақырамыз деп, үргін-сүргін болды. Сол кезде Дәкең айтты:

-Жарайды, милицияға бізді жаптырарсыңдар, біраз жыл отырып келерміз. Бірақ мына қыздарыңыз Жангүл кейін «жезделерімді неге жаптырдыңдар» десе, не дейсіңдер? - деді. Мұны естіген құдалардың екпіні басылып, содан кейін ғана тілдесіп, жөн сұрасып, ақыры құйрық-бауыр жескен құда болдық. Міне, сөздің құдіреті деген осы емес пе?!

Дәкең өте ойыншыл кісі еді. Жұбайы Рақия өмірден өтіп, ел-жұрттың бәрі орталықтағы үйіне көңіл айтып, шұбап барып жатыр. Көп кісілердің ішінде балдызы Базира Дәкеңе көңіл айтып, қолын алып жатса, Дәкең Базира балдызының құлағына сыбырлап:

-Базира-ау, менің де басым босады - десе керек. Сол жылдары Базираның басы бос екен, соған Дәкеңнің балдызымен ойнап, ойлап тапқаны ғой. Базира болса, «не дейді мынау» деп, жездесінің айтқан әзілін елге жаймай ма?!

Жиналған елдің бәрі күліп жатыр. Қайғының үстінде де әзілін ұмытпайтын қайран бажам-ай!

Дәнекенің өмірден өткеніне де біраз жылдың жүзі болды. Артында қалған ұрпағы бүгінде әкесінің атын өшірмей, абыройлы ғұмыр кешуде. Тәубе дейік!..

Қайыржан Біраяқов, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері» медалінің иегері.

АПА-ЖЕЗДЕМ АРДАҚТЫ ЖАНДАР ЕДІ

Мына өмірде жақсының шарапатын көру, олардан үлгі-өнеге алудың өзі үлкен бақыт екен. Ондай жандардан бойыңа тараған шұғыла-шуақ келер күндеріңе сәулесін шашып тұратыны тағы бар.

Мен әңгіме еткелі отырған Дәнеке жездем мен Рақия апам да елге сыйлы, өнегелі жандар еді ғой. Олардың айтқан ақылы, кең пейілі біздер үшін адастырмас Темірқазық дер едім.

Дәнеке жездеміз өте әзілқой, айналасын күлкіге көміп жүретін кісі еді. Ал, Рақия апамыз сабырлы адам болатын. Мен ауылда Балым әжемнің қолында өстім де, Рақия апамның туған сіңлісі сияқты болдым. Рақия апам - менің әкем Рақымның туған қарындасы еді.

Бала кезім, ауыл мектебінде оқимын. Ол уақытта Дәнеке жездем мен Рақия апам шаруа жайымен құмда тұратын. Құм ауылдан қашық жерде, ол кісілерді сирек көреміз. Қысқы каникул уақыты еді, Дәнеке жездем орталыққа бір шаруамен келген екен, біздің үйге соқты. Мен әжеме:

-Құмға, Рақия апама барып келейін, - деп өтіндім.

-Қой, балам. Ол өте алыс жер. Барып қайту оңай емес, - деп әжем көнбеді. Мен болсам әжемді көндіре алмай әлекпін. Осы кезде жездем менің көңілімді қимай, әжеме:

-Құмға ала кетейін. Уайымдамаңыз, сабағынан қалдырмай әкеп тастаймын, - деді. Әжем келісімін берді. Сондағы қуанғаным-ай! Сөйтіп, жездеме еріп, құмдағы апама барып, біраз күн қонақ боп қайттым. Жездемнің тіпті

баланың да көңілін қалдырғысы келмейтін ақ пейілін мен сонда байқадым. Сол оқиға қанша жыл өтсе де әлі есімде.

Кейінірек Рақия апамның денсаулығы сыр беріп, төсек тартып жатып қалды. Бірде қасыма қызым Меруертті ертіп, көңілін сұрап бардым. Сонда апам өзі ауырып жатса да:

-Меруертке бір нәрсе беріңдер. Үйге бірінші рет келуі ғой. Бос қайтпасын, - деп еді. Өзі ауырып жатса да, жолынан жығылмайтын бұрынғының адамдары-ай! Шіркін, бауыр деген осы ғой.

Бүгінде апамыз да, жездеміз де өмірден өткен. Біз оларды әрдайым сағына еске аламыз. Ұмытпаймыз. Жақсы жандардың есімі ұмытылмайды ғой.

Шәкия Рақымқызы Әбеева

АПАМА ЖЕЗДЕМ САЙ

Менің жездем Дәнеке сөзге шебер болатын. Ол кісі ауылдағы тойларда әзіл-қалжың айтып отырушы еді. Жаңа түскен келіннің де бетін ашатын. Киік, балық аулауды да ұнатушы еді. Киік аулауға атпен шығатын. Ертеде Сарысу өзенінде жайын, лақа сияқты үлкен балықтар көп кездесетін. Жездем лақа аулауға арнайы құрал дайындаушы еді. Алдымен серіппені (пружина) отқа қыздырып, ине (крючок) дайындайтын, өйткені лақа үлкен балық болғандықтан, зауытта жасалған ине оған жарамсыз болатын. Сонан соң торғай ұстап, лақа иіске келеді деп, оны үйітетін. Ол кісі аңшылықты демалыс деп түсінетін.

Әлі есімде, бір жылы жазғы демалыста қырқадағы жездемнің жайлауына бардым. Кешкі асқа отырған кезімізде апам:

-Таңертең ерте құдық басына киіктер су ішуге келеді, - деді.

Ертеңіне таңертең ерте ояндым. Неге екенін кім білсін, апамның сөзінің шындығына көз жеткізгім келді ме, киіктерді көргім келді. Жайлап киіз үйдің есігіне таянғаным сол еді, апам қолын сермеп, «тыныш, тыныш» деді. Дем алуға да жүрексініп, отыра қалдым. Бір кезде тарс еткен дыбыс естілді. Есіктен басымды қылтитып қарап едім, құдық басындағы киіктер дүр етіп үркіп, қашып барады екен. Жездем жайлап орнынан тұрып:

-Сәл мүлт кеттім, ол киік жаралы, алысқа ұзай қоймас. Бір тобылғының түбіне барып жатады ғой, қой жайып жүріп тауып алармын, - деді. Түске таман айқай естілді. Киіз үйден шыға сап қарасақ, жездем бір киікті атпен қуып

келеді. Киік ақсақ екен, бір аяғын көтеріп алып қашып келе жатыр. Таңертеңгі жаралы киік осы екендігін бірден сездім. Үйдің тұсына өте бере киік жерге жата кетті. Әліпбек жүгіріп барып, киікті бауыздады.

Жездемнің долбары дәл келген екен, таңертең қой өргізіп келе жатса, тобылғының түбінде жатқан әлгі жаралы киіктің тура үстінен түскен ғой. Міне, жездемнің шаруа жайын білетіндігі деп осыны айтса болады.

Менің апам Рақия мінезі біртоға, шаруақор жан еді. Әлгі «апама жездем сай» деген сөз осы кісілерге тән сияқты көрінеді маған. Жездем қандай жетістікке жетсе, оның тілекшісі болып қасында әрдайым апам жүрді. Рақия апам - менің әкем Рақымбектің туған әпкесі. Есіме түскен соң айта кетейін, сонау бала кездерінде апалы-інілі екеуін Әбей әкелері арбамен шөпке жіберсе керек. Екеуі ауылдан алыстағы шабындыққа барып, арбаға шөп тиеген кезде шөпті қисық жайлап, жол бойы ол шөбі бар болғыр қайта-қайта ауып қалып, шаршатса керек. Жаз мезгілі. Күн ыстық. Екі бала әбден шаршап, арбаның көлеңкесінде отырса, ауылдағы Жетібай деген қария екеуіне кез болып, арбаға шөпті қайта артып, арқанмен бастыра тартып, жолға салып жіберіпті. Апалы-інілі екеуі мәз, жол бойы Жетібайға:

-Алла разы болғыр Жетібай-ай, иманды болғыр Жетібай-ай! – деп батасын беріпті. Тірі адамға «Иманды болғыр» деп батасын берген апам мен әкемнің бала кездегі бейнесі-ай!..

Студент кезімде каникулға ауылға келген сайын Рақия апам табақ-табақ ет асып, мені қонаққа шақырушы еді. Дастархан басында апам мен жездем мені барынша күтіп,

тәтті-дәмдісін аузыма тосатын. Шіркін, жолынан жаңылмайтын бұрынғының адамдары-ай деймін кейде.

Иә, жездем жайлы, апам туралы көп әңгіме айтуға болады. Сол әңгімелердің бәрі де адамгершілік, адалдық, имандылық деген құндылықтарға саятын. Өйткені ол кісілердің жүрегі ізгілік деп соғушы еді. Жандары жәннатта болсын дейік!..

Ғазиз Әбеев

ӘКЕМДЕЙ БОЛҒАН АДАМ ЕДІ

Мына дүниені «жарық дүние» атандырып тұрған жақсы адамдардың жүзінен төгілген шұғыласы, олардың ізгілігі екен. Мен оны есейіп, ақыл тоқтатқан соң түсіндім. Менің көкем Дәнеке де осындай керемет жан болатын.

Менің анам Құрман қайын інісі Дәнеке көкемді «Тентегім» деуші еді. Мен Дәнеке көкеміздің қарындасы боп келем. Ол кісімен әкелеріміз бір туысатын, жақынымыз, жанашырымыз еді.

Біз әкеден жастай жетім қалдық. Біз тұратын Түйемойнақтағы мектеп төрт кластық қана болатын. Заманның қиын кезі ғой, енді оқуымыз қалай болар екен деп уайымдаушы едім. Біздің жайымызды айтқызбай-ақ түсінген көкем бізді Сарысу ауылындағы өз үйіне жатқызып оқытты.

Дәнеке көкемді анасы Шолпан «Әлләм» деп атайды екен, біз де солай атап кеттік. Әлләмнің алты баласы бар еді, Сәуле екеумізді де сол алты баласынан кем қылмай оқытып-тоқытты. Балаларына оқу құралдарын алса, киім-кешек алса, бізді де ұмыт қалдырмайтын, сондай пейілі кең, жаны жомарт жан еді.

Әлләм сол жылдары механизатор болып еңбек етті. Бос уақыты аз болса да, күзгі, қысқы, жазғы каникул кездерінде Әлләм бізді трактормен Түйемойнақтағы үйімізге алып келіп, сабақ басталар кезде алып қайтатын. Осы еңбегінің өзінде қаншама тектілік жатыр десеңізші!

Ол үйдегі Рақия жеңгем де қарапайым, сабырлы, шаруақор жан еді. Біздің тамағымызды дайындап, кір-қоңымызды жуып, өз баласынан кем көрген жоқ.

Кейіннен мектеп бітіріп, оқу оқып, қалаға жұмысқа тұрып, отбасылы болған кезімізде Әлләм «Осы мен Бизейнептің баласына көгендік бермедім ғой» - деп, мал сойып берген болатын. Айтайын дегенім – ол кісінің жолынан жаңылмайтындығы, қайырымдылығы, бауырмалдығы еді.

Аллаға тәубе, әлі күнге дейін Әлләмнің үйімен, балашағасымен байланысымыз үзілген емес, тойы, қуанышы болса, алдымен бізбен бөлісетін.

Әлләм сияқты адамдар бұл дүниеде көп шығар, бірақ мен осы кісінің жақсылығын өмірімде ұмытпаймын. Жақсының аты өлмейтіні рас екен, ол кісінің есімін ауылаймақ әлі күнге дейін аңыз етіп айтады. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, көкемнің балалары да қазіргі таңда отбасылы, әкенің ұлағатын ұрпағының бойына сіңіріп, ғибратты ғұмыр кешуде. Алла ұрпағына ұзақ ғұмыр берсін!..

Бизейнеп Көпеева

КӨКЕМНІҢ КӘМПИТТЕРІ

Бұрынғының адамдары...

Бойына адамгершілік қасиеттің бәрін ұялатқан сол кісілерден біздің үйренгеніміз көп. Біздің бойымызда кісі қызығарлық бір қасиет болса, сол кісілердің арқасы деп түсінгеніміз жөн.

Бала кезім. Ол кезде біз «Ескі баз» деген жерде тұрамыз. Әкем сиыр бағады, Дәнеке көкем көмекші болды. Дәнеке көкем кешке орталықтағы үйіне кетіп, таңертең оралатын. Мен көкемнің келуін асыға күтетінмін. Өйткені маған күнде кәмпит, тәттілер беретін. Біріне-бірі жабысқан таблетка сияқты кәмпиттері әлі көз алдымда. Тәттілері қалтасынан үзілмейтін. «Кәмпитті қайдан аласыз?» - деймін ғой кейде, балалығым ұстап кетіп. Дәнеке көкем:

-Әлгі тайынша ылғи осындай кәмпит тышады. Соны Аманкүлге апарып берейін деп жинап алам, - дейді. Мен аңтаң болам.

Бір күні анам қонақ шақыратын болып, кіре берістегі тығып қойған кәмпитін іздеп таппады. Сөйтсем, көкем ол кәмпиттің тұрған жерін көріп қап, содан алып маған бере береді екен ғой.

Дәнеке көкем механизатор болып еңбек еткен кезінде Қызылжардың тұсынан шөп шапқан екен. Содан Қызылжарда үлкен той болады деген хабарды естіп, сол тойға «Түйе палуан» мен «Желаяқты» апарыпты. Түйе палуаны» - қайнағасы Рақым, «Желаяғы» - Ошыр деген кісі екен. Рақым алып тұлғалы, етжеңді жігіт болса, Ошыр өте арық адам болса керек. Сонымен той басталып, кезек палуандар күресіне келген кезде Дәнеке көкем Рақымды

ертіп шығыпты. Рақымның денесі жалаңаштанған, белінде белбеуі бар. Таудай тұлғасына қарап, Рақыммен белдесуге ешкімнің дәті бармай, бас жүлдені алыпты. Одан кейінгі кезек жаяу жарысқа келеді. Дәнеке көкемнің үйреткені ғой, Ошыр хас тұлпардай тыпыршып, табанымен «жер тарпып» тұрыпты. Жүйріктер қанша шақырымға жүгіреді деген мәселеге келген кезде, Дәнеке көкем қазылардың айтқанына көнбей, «Жақын жерге бола босқа терлемейміз. Межені «Карьерден» қайырыңдар, бұған көнбесеңдер, біз қайтамыз» - депті. Тіпті әлгі Ожанға:

-Киін, кетеміз – десе керек. Дәнеке көкемнің «Карьер» деп отырғаны Қызылжардан пәлен шақырым жер болса керек. Құдайдың құба жонына кім бара қойсын, сонымен жаяу жарыстан да Дәнеке көкемнің «жүйрігінің» бағы жаныпты. Міне, тапқырлық!

Кейін көкем Жәйрем жаққа қызын ұзатып, соған тойға барар кезде мені өзі отырған көлікке мінгізіп алып, қайтарда да сол көкем мінген көлікпен келгем. Маған деген көкемнің құрметі, қамқорлығы ғой соның бәрі.

Иә, көкем туралы көп айтуға болады. Сол әңгімелердің бәрінде де Дәнеке көкемнің тұлғасы биіктей түсері сөзсіз. Ол кісінің есімі ұмытылмайды.

Аманкүл Мұқашева

ЕЛ АДАМЫ

Біздің ауылдың тарихы аса бай. Толайым тұлғалар жайлы әңгімелер әлі күнге дейін жұрт жадында. Сондай жандардың бірі - Дәнеке көкем.

Көкеміз өте керемет адам еді ғой. Отырған жері думан болатын. Бұл кісі ұзақ жыл механизатор болып етті, үйінің жанында трактор тұратыны есімде. Көкем кейіннен шопан атанып, ол салада да ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Дәнеке көкемнің еңбегі бағаланып, талай мәрте аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі Құрмет грамоталарымен марапатталды, омырауына орден-медальдар тақты, ол кісі жайлы баспасөз беттеріне мақалалар жарияланды. Мұның өзі кейінгі ұрпаққа үлкен өнеге екендігі рас. «Еңбек ер атандырады» деген осы болар.

Менің әкемнің Дәнеке көкемнен екі жас үлкендігі бар. Менің анам Бибайшамен Дәнеке көкем қатты ойнаушы еді. Жеңге мен қайын інісінің әзілдері керемет еді ғой. Менің анамды ол кісі «Губернатор» дейтін. Көкем біздің үйге жиі келіп тұратын. Әкеммен, анаммен әңгімелесетін. Ол кісілердің әңгімелерін тыңдаудың өзі бір ғанибет қой, бала да болсақ айтқандарына құлақ салушы едік. Одан жаман болмадық, құлағымызға сіңген өнегелерін өмірімізге азық етіп келеміз.

Жас кезінде ауыл тойларын басқарып, асаба болған көкем «беташарды» суырып салып айтатын. Ол кісінің суырып салып айтқан өлеңдері, әзіл-қалжыңдары ел арасында әлі де айтылып келеді. Көкем ауыл тұрғындарын таныстырған кезінде әлгі адамның біз байқай бермейтін қасиетін өткір әзілімен ел алдына жайып салатын. Дәл

айтылған теңеу жерде жата ма, естіп отырған жұрт іліп әкетеді ғой. Сөздің құдіреті деген осы болар.

Жаз мезгілінде кешке қарай Дәнеке көкемнің үйінің көлеңке тұсына ауылдың ақсақалдары жиналушы еді. Жерге жайылған көрпеге құс жастықты шынтақтай жатқан қарияларға Дәнеке көкем не бір шешендік әңгімелерді, жыр-дастандарды айтып, құлақ құрышын қандырушы еді. Шіркін, сол кездің адамдары-ай! Көкірегі көне сандық сол кісілерді де сағынамыз. Сол кездің адамдары әңгіме тыңдай білетін, сөз қадірін ұғатын.

Дәнеке көкем кітапты көп оқушы еді. Ауылымыздағы кітапхананың тұрақты оқырманы болған көкеміз тіпті ауылдағы үйлерден де кітап алып оқушы еді. Ол кісінің сөзге шешен болуына оқыған кітаптарының да көмегі көп тиген болар.

Көкем туралы көп айтуға болады. Ол әңгімелердің бәрі де ол кісінің адамгершілігін асқақтата түсері сөзсіз. Жаны жәннатта болсын көкеміздің!..

Зәуре Назарбекқызы Абсалықова

КӨКЕМІЗ КӨШЕЛІ АДАМ ЕДІ

Менің әкем Шәмшиден ұзақ жыл мал бағып, 1971 жылы күз айында орталықтан үй сатып алды. Мектеп жасындағы балалар сөйтіп өз үйімізде жатып оқитын болдық. Сол жылы Алмас деген інім де дүниеге келді. Сол жылдардан бастап екі мың төртінші жылға дейін, отыз жылдан астам уақыт Дәнеке көкемізбен көрші тұрдық. Көкеміздің жұбайы Рақияны, ол үйдегі Шолпан әжені де көзіміз көрді. Бәрі де керемет адамдар еді ғой.

Дәнеке көкеміз қара сөздің қаймағын қалқыған шешен, ақынжанды, кітапты көп оқитын кісі болатын. Үлкенмен де, кішімен де әзілі жарасқан көкеміз ағайын-туған, ауылдастарының бәріне сыйлы еді.

Ол кісі ұзақ жылдар механизатор болып еңбек етті, ауылға алғаш келген «К-700» тракторын да осы кісі жүргізген болатын. Қыс айларында ауылдағы үйлердің арасын қалың қар басатын. Ол кездің қысы да ерекше еді ғой. Қатты борандарда қар тіпті үйдің, қораның үстіне дейін басып қалатын. Сондай сәттерде көкем «К-700» тракторымен келіп, ең бірінші біздің үйдің қарын күреуші еді-ау. «Алыстағы ағайыннан жақындағы көрші артық» деген осы шығар.

Ауылдың тұсында Сарысу өзені бар. Ол кезде өзеннің жағасы қалың қамыс, суы мол еді. Жазғы уақыт. Күн ысыған кезде өзенге барсақ, Дәнеке көкеміз де суға түсіп жатыр екен, үлкен айдынның ортасына дейін құлаштап жүзіп барып:

-Әй, балалар, мына жерде арал бар екен, суы саяз. Міне, қараңдар – деп, белінен жоғарғы жағы көрініп, суға қолын жуып тұр.

Баламыз ғой, аралды көрейік деп, бәріміз суға секіріп, әлгі жерге жүзіп барсақ, айдын түгіл дәнеңе де жоқ. Сөйтсек, көкеміз екі аяғын сермеп қимылдатып, бір орнында тұра береді екен ғой.

Дәнеке көкемнің тағы бір қасиеті - кітапты көп оқитындығы. Ауылдағы үйлердің біразынан кітап алып оқып жүретінін сан рет көрдік. «Мен кітап оқысам шаршағаным басылады, қарным да ашпайды» - дейтін бізге. Қарны ашпағаны қалай деп те ойлағам. Сөйтсем «Жақсы кітап - жан азығы» дегені екен ғой көкеміздің. Ол сөздің мағынасын кейіннен ұқтық.

Көкеміздің жұбай Рақия тәтеміздің мінезі жұмсақ, мейірімді жан болатын. Менің анаммен екеуі сырлас еді. Құдайы, тойларға да бірге баратын.

Бұл үйдің үлкен ұлы Әліпбек менімен құрдас еді, одан кейінгі Гүлбанумен мен бір сыныпта оқыдым. Одан кейінгі балалары да шетінен білімді, өнерлі, жақсы жандар болатын. Бала кезде барлығымен дос болдық, бірге ойнап өстік.

Өмірге келу бар да, кету бар. Ол - маңдайымызға жазылған тағдырымыз. Бүгінде бақилық болған көкеміз бен тәтеміздің жаны жәннатта болсын. Артындағы ұрпағына Алла ұзақ та бақытты ғұмыр нәсіп етсін демекпін.

Әбілхасен Мергентаев

КӨКЕМНІҢ ҚЫЗЫҚТАРЫ

Айтқаны ел аузында жүрген ағаларымыздың, әкелеріміздің қадірі мен қасиетін заманның өзі сездіреді екен. Бүгінде арамызда жоқ сондай кісілердің айтқанының шындық екендігін көңілге түйіп жүрген жайымыз бар.

Ауыл-аймаққа сыйлы Дәнеке көкемізбен біз жарты ғасырдан астам уақыт көрші тұрдық. Ол кісі аса тілді, сөзге шешен, ойыншыл, балажан, керемет адам болатын. Елдің бәрі ол кісінің әзілдерін айтып, мәз болушы еді.

Бала кезіміз. Бес-алты жаста шығармыз. Ойын баласымыз. Ол кісі біздің қасымызға келіп, қолындағы кесілген етке ұқсас бірдеңені көрсетіп:

-Әй, балалар, мынау сендердің «насыбайларың» емес пе, түсіп қалған?– дейтін бізге сұраулы жүзбен қарап.

-Жоқ. Біздікі емес. Міне, менікі орнында – деп, бір топ баланың бәрі шалбарымызды шешіп, «насыбайымызды» көрсетеміз.

-Әәә, онда бұл «насыбай» әлгі Әбікендікі шығар - дейді көкеміз. Әбікен деген көрші кісі болатын, әлгі «насыбай» сол кісіден түсіп қалған дегендегісі ғой. Әлгі бізге көрсетіп жүрген «насыбайы» малдың жүрегінің құлақшалары екен, мал сойған кезде малдың жүрегінің құлақшаларын кесіп, оны кептіріп, қалтасына салып алады екен. Оны кейін өсе келе білдік. Қалай ерінбейді десеңізші!

Мен отбасылы болып, Аян деген ұлым өмірге келген кезде де бұл кісі үйге келіп, Аянға тәттілер әкеліп, ол әкелген тәттісін түрлі «әдістермен» беріп, қызыққа батыратын. Аян ол кісіні «Ата» деп, келгенін асыға күтіп отыратын.

Екі мыңыншы жылы болса керек, бір күні таңертең біздің үйге келді, қабағы қатулы. Не болды десек:

-Бекзат Саттарханов қайтыс болды, - деді.

-Ол кім еді?

-Құдай-ау, мынадай заманда өмір сүріп отырып, соны да білмейсіңдер ме, ол - боксшы, еліміздің мақтанышы, - деп еді. Сонда деймін-ау, үлкен кісі болса да, еліміздің жаңалықтарын қалт жібермейтін болғаны ғой.

Бүгінде біз де ер жеттік, отбасылы болдық, ұрпақ өсірдік. Бір ақиқаты - біз осындай айтулы азаматтардың өзі мен сөзін үлгі тұттық. Соны балаларымыздың санасына сіңірудеміз. Өйткені Дәнеке көкеміз сияқты ел ағаларының өнегесі өрісті екендігі анық.

Рақман Мусин

ТЕКТІДЕН ТЕКТІ ТУАДЫ

Колхоздастыру кезінде «Бірлестік» колхозы атанған Сарысу ауылы – өзімен аттас атақты Сарысу өзенінің бойын жайлаған ел. Көне көз қариялардың айтуынша, шілденің шіліңгір ыстығына дейін өткел бермейтін, қамыс-құрағы аттылы адамды жасыратын, шалғыны белуардан келетін құт дарыған мекен екен. Балығы мен қаз-үйрегі өз алдына. Ауылымыз мал мен жанның ғана емес, ақ бөкеннің де құтты мекені сияқты көрінетін. Ыстықта шөлдегенде бөкендер қоймен араласып өзенге құлайтын.

Еділбай қойының сапалы сұрпын өсіріп, еті мен жібегі кезінде Ресейге жөнелтілген ауылымыз Қазақстанға Сарысу асыл тұқымды қой заводы атымен танылған. Күйек кезінде бөлек бағылатын тайыншадай қошқарлар семіздіктен жусап жатқан жерінен өз күшімен орнынан тұра алмайтын. Малшылар құйрығынан демеп тұрғызып жіберетін.

Қазыналы қарттары қандай еді! Ерен еңбектің кәтепті қара нары ма дерсің! Қаншама Еңбек Ері шықты құтты ауылдан. Осындай тасы өрге домалаған Сарысу ауылының ауасын, жусанының жұпарын жұтып, Еспенің мөлдірінен қанып ішіп, қыздармен қызғалдағын терген, ат жалын тартып мініп, өлең өлкесін кезген жігіттің бірі де бірегейі – осы Дәуренбек. Дәуренбек – бүгінде елімізге танылып үлгерген мықты ақын! «Ер туып, жоқ елді бар қыла алмайды, Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды» дейді халқымыз. Дәуренбек те құнарлы топыраққа түскен текті тұқым. Олай дейтініміз, Дәуренбектің тегінде бар. Әріге бармай-ақ, әкесі Дәнеке Бұланбайұлы суырыпсалма ақындығы бар, жүрген жерін күлкіге қарық қылып жүретін

орақ тілді кісі еді. Аздап серілігі де бар, өнерпаз жан. Даланың ойын-сауығын ұйымдастырушы кешегі сал-серілердің жұрнағындай болған Дәнеке кезінде ауылдың асабасы болған. Талай жаңа түскен келіннің бетін ашып, ауылдастарының бет-бейне, мінез-құлқын дөп басып, әзіл өлеңімен әспеттей отырып беташар айтқанын ауыл жұртшылығы әлі күнге жыр қылып айтып жүреді. «Дәнеке айтты» дейтін әзіл-қалжың, сын-сықақ та өз алдына бір төбе. Дәуренбектің көңілдің кейбір сәтінде әзілі аралас «Тума талантпын ғой» дейтіні бар. Рас. «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» демекші, Дәнекедей текті әкеден асып туған Дәуренбек те өлең өлкесінен өз орнын ойып тұрып алды.

ДӘУРЕНБЕККЕ

Ғарыш жаққа жүрегімді жөнелтем...
Д. Дәнекеұлы

Тұманың тіршіліктің сәні екенін,
Құнарлы топырақтың дәні екенін,
Әкеден асып туып, мойындатты,
Дәуренбегі – тілі мір Дәнекенің.

Еспенің ерке суын есіп өтіп,
Сарысуды сирағынан кешіп өтіп,
Басынан Жыландының түлеп ұшты,
Бір ақын қара өлеңді несібе етіп.

Баурынан қуат алып Үштағанның,
Қаламын қара өлеңге ұштаған мың.

О, Дәурен, пенде жерде жүре берсін,
Ғарышты жарып өтіп, құш ғаламды!

Әріптесің һәм ауылдасың, Амангелді Бұқар

ҒИБРАТ ТҰНҒАН ҒАЗАЛДАР

Қазақ ежелден-ақ қара сөздің қадірін білген халық қой. Қол бастаған көсемдерін, сөз бастаған шешендерін қадір тұтқан ел ішінде не бір ділмарлардың айтқан әңгімелері әлі күнге дейін аңыз боп айтылады. Солардың бірі - ақын атамыз.

Мен Балталы елінің келінімін. Жұбайымның есімі – Мейірбек. Ауыл жұрты жолдасымды «Мико» деп атайды.

Ақын атамызбен үйіміз жақын еді, көрші тұрдық. Менің атам мен енем ақын атамыздың әзілдері, өлең-жырлары жайлы жиі айтып отыратын. Енем ақын атамыздың жеңгесі болғандықтан араларындағы әзілдерін есіне алып, күліп алушы еді.

Өзім қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болғаннан соң шығар, ол кісінің өлең-толғауларына көбірек назар аудардым. Ақын атамыз өзінің «Ұлытау» деген өлеңінде:

Ұлытау, сен сұлусың, басың биік,
Салыпсың бұлттан шәлі, шашың түйіп.
Үш жүздің басын қосқан сен бір алып,
Жатырсың шежірені ішке жиып.

Ақтылы мыңғырған қой, суда балық,
Жүргісіз аяқ алып жатқан киік.
Бас алып талай өзен ағып жатыр,

Бұраңдап бірнеше рет белін иіп - деп жырлаған екен. Осы шағын ғана өлеңде қаншама теңеу, қаншама шеберлік жатыр десеңізші! Өлеңді оқыған кезіңізде Ұлытаудың әсем

табиғаты көз алдыңызға келіп, ақындық құдіретке іштей бас иеріңіз анық.

Жастарға үлгі-өнеге көрсету, адамгершілікті үлгі ету - әрбір қаламгердің парызы. Ұлтты құндылық дегеніңіздің өзі жас ұрпақ санасына ақын-жазушыларымыздың шығармалары арқылы енеді ғой. Ақын атамыз өзінің «Арман» деген өлеңінде:

Қадірсіз болсаң жолдасқа,
Сөзіңе құлақ салар ма ед?
Сыйласпасаң туғанмен,
Тіріде жақын болар ма ед?
Жалқаулықпен дос болсаң,
Ұйқың, сірә, қанар ма ед?
Өтірікпен дос болсаң,
Сөзіңе ешкім нанар ма ед? – деп, әдемі ой түйеді.

Иә, өмір дегеніміз - тәжірибе алаңы. Көпті көрген қарияларымыздың ақылы, үлгісі мен өнегесі кейінгі толқын үшін баға жетпес байлық, адастырмас Темірқазық бола берері хақ. Ал, осынау құндылықты жас ұрпақ санасына сіңіре алса, олардың болашақтағы жолы даңғыл болмақ. Ақын атамыз өзінің «Өсиет» деген толғауында:

Сәулең болса кеудеңде,
Алдына шықпа менменсіп,
Ата менен ананың.
Өтемесең борышын,
Жолығарсың қаһарына,
Жасаған ие Алланың.
Мақсатыңа жетерсің,
Жақсы болса алғаның.

Жаман болса алғаның,

Ішіңде кетер өкініп,

Өле-өлгенше арманың – деп ой түйеді. Адамгершіліктің аксиомасы деген осындай-ақ болар. Тек осыны құйып алмаққа көкірек керек.

Ақын атамыздың мол мұрасын бағалай білсек, одан ұтарымыз да көп болмақ. Өйткені ол кісінің шығармалары – өміршең.

Динара Еділбаева

САЛМАҒЫН СӨЗДІҢ СЕЗІНГЕН

Тірі адам үшін тіршілік - үлкен сынақ. Адам өз өмірінде ізгі іс істесе, артында жақсы сөз қалдырса - үлкен бақыт. Сондай жандардың бірі - суырып салма ақындығымен танылған, сөз қадірін терең түсінген, талай шаңырақтың қуанышына куә болып, қаншама келіннің бетін ашқан Дәнеке әкеміз еді. Сөздің салмағын сезінетін, айтар ойын орнымен жеткізетін, ақжарқын мінезі, ойыншылдығы, елге, ағайын-туысқа жасаған жақсылығы әрдайым есімізде. Дәнеке әкемнің отырған жері қызыққа толы болатын. Менің әжем Дәнеке көкемнің жеңгесі еді ғой, ол кісі жеңгесімен қатты қалжыңдасады екен. Әжем айтатын, бірде Дәнеке қалаға барып келсе, үйдегі кішкентай қызы Гүлжан алдынан жүгіріп шығып, тәтті дәметсе керек. Сонда әкеміз саспастан сәл кері шегініп, жерде жатқан кәмпиттің жылтыр қағазын байқатпай алып, қызына ұсыныпты. Кішкентай бала оның әншейін қағаз екенін қайдан білсін, әкем тәтті әкелді деп мәз болған екен. Бұл Дәнеке әкеміздің тапқырлығы емес пе?!

Дәнеке әкеміз біздің үймен бірге туған бауырдай араласты. Атам, әкем барлығы кез келген шаруаны қатар отырып, ақылдасып шешетін еді ғой. Сол сыйластығы біздерге әрдайым үлгі-өнеге.

Дәнеке әкеміздің тағы бір қасиеті - кітапты көп оқитындығы. Ауыл кітапханасындағы кітапты түгесіп, ауылдың үйлерін жағалап жүріп, кітап алып оқитын. Ол кісінің сөзге шеберлігінде сол кітапты көп оқитындығының да әсері болғандығы сөзсіз.

Қашаннан-ақ әкенің қуанышы баласының абыройымен өлшенеді. Бұл күндері әкеміздің тараған ұрпақтары өмірден өз жолдарын тапқан, еңбегімен ел алғысына бөленген жандар десем, артық айтпаған болар едім.

Қалдықүл Жартыбаева

БИІК ОНЫҢ ЕСІМІ

«Таулар алыстаған сайын биіктей түседі» деген сөздің мағынасын кейінірек түсіндім. Тау мінезді тұлғалардың есімі ел есінен өшпейді екен.

Мен әкемнің тұңғыш баласымын. Мен өмірге келген жылдары әкем үнемі сыртта, ауылдан жырақ, шөпте жүретін. Әкемізді біз сирек көретінбіз.

Анамыз үнемі әкемізбен бірге жүріп, өмірдің ыстық-суығын бірге көрді. Әкеміз қандай жетістікке жетсе, оның артында сүйеу болып анам тұрғандығы белгілі. Әкем шөпте жүргенде анам шөпшілерге аспаз болды, кейіннен әкеміз мал баққан жылдары да анам үнемі қасында жүрді.

Біз орталықтағы үйде, апамның қолында өстік. Апам деп отырғаным - әкемнің анасы. Әкемнің әкесі Бұланбай атамыз соғыс басталған жылы-ақ майданға алынып, хабарсыз кеткен екен. Тіпті бір хат та келмепті. Апамыз қамкөңіл, артық сөзі жоқ, мінезі біртоға, аса үнемшіл адам болатын.

Мектеп бітірген соң мен әкемнің қасында жүріп, біраз жыл механизатор болдым. Әкем мықты тракторист еді, тіпті трактордың ақауын дауысынан білетін. Оны шөпші жігіттердің бәрі аңыз қылып айтатын. Шөп шапқан кезде маған айтатын ақылы да көп болатын. «Жан-жағыңа мұқият қара, сергек отыр, сонда орақ сынбайды. Мысалы, мен оң жағымда анау бір індегі зорманның екі рет кіріп-шыққанын көріп келем» - дегені бар. Оң жаққа мен де қарадым. Көз ұшындағы зорманның інін ұзақ қарап отырып, әрең таптым. Ал, ол кісі бір қарағанда-ақ көріп қойған.

Ол кезде орталықтағы үйде азын-аулақ мал бар, жазда соған да шөп дайындаймыз. Сонда әкем үйдегі малға Қарасайдың табанының майда шөбін ғана оратын. Әр жердің шөбі әр түрлі болатын мен сонда түсіндім.

Кейін әкем қойшы таяғын қолына алып, шопан болып еңбек етті. Қырқада отырған кезіміз. Жаз мезгілі. Жайлау. Бұлақтың жағасы. Бие байлап, қымыз ішіп, мәре-сәреміз. Кеш бата үйдегі жалғыз итіміз тура іргеге кеп, жерге қарап, арсылдап үре бастады. Мынаған не болды деп, бәріміз аң-таңбыз. Кенет әкей ішіп отырған тамағын тастай сап, атып тұрды да, босағада жатқан көсеуді ала салып, әлгі иттің үріп тұрған жеріне барып, бірдеңені екі-үш рет ұрып өлтірді. Сөйтсек, жылан екен! Сәлден соң әкей үйге кіріп:

-«Жақсы ит жыланға қарап үреді» деген мақал бар еді, сол есіме түсті. Мына ит жыланға қарап үріп тұр, жақсы ит болғаны ғой», - деді бізге. Осы шағын ғана оқиғадан мен әкеміздің сөздің мағынасына мән беретін даналығын байқадым.

Жайлаудағы біздің үйден сегіз шақырым жерде алтын шахтасы болатын. Бастығы - Алексеевич деген сары орыс. Әкеміз шахтаға бір шаруаларымен барып жүріп, әлгі орыспен достасып, Алексеевич жайлаудағы біздің үйге жиі келіп қонақ болушы еді. Сары қымыз, бағыланның еті, қолдың қаймағы мен майына Алексеевич те құмар еді. Қада-қазықты сол шахтадан алатынбыз. Балта қайрау, сварка дегендердің бәрін сол шахтаның орыстары тындыратын.

Шахтада техника көп, әкей кез келген шаруасына қалаған көлігін сұрап алушы еді. Жайлаудан орталықтағы үйге тезек, отын-суды да шахтаның алып көліктерімен таситынбыз. Кейіннен Сарысудағы үйге құрылыс

жұмыстарын жүргізгенде де сол шахтадан керек материалдарды әкей алып келетін.

Жайлауда су мол. Бұлақтың жағасына әкей жаз бойы бау-бақша егуші еді. Қауын-қарбыз, қияр-қызанақ, жуа-сәбіз дегендеріңіз біздің үйге таңсық емес еді. Оның үстіне әлгі алтын шахтасының салған бақшасының өнімдері де біздің дастарханнан үзілмейтін.

Әкеміз шамасы келгенше бес уақыт намазын қаза қылмаған, ислам діні жайлы көкейіне түйгені көп жан еді. Қалада жұмыс істеп жүрген кезімде мешіттен Халифа Алтайдың «Құран Кәрім, қазақша мағына және түсінігі» деген кітабын алып, ауылдағы әкеме әкеліп бергем. Әкем батасын беріп еді. Тұңғыш ұлым өмірге келгенде Тәуелсіздік мерекесінің тұсы болатын, есімін Еркінбек деп қойғанымда әкем «атын тауып қойдыңдар» - деп, риза болып еді.

Әкемізден, анамыздан біздің үйренгеніміз көп. Сол білгенімізді бүгінде балаларымызға, немерелерімізге айтудамыз. Өмірдің заңдылығы да осы ғой...

Әліпбек Дәнекеұлы Бұланбаев

МЕН ӘКЕММЕН МАҚТАНАМЫН

Әкем дегенде көз алдыма көңілі даладай кең, әңгімешіл, мейірімді, зор тұлға келеді. Мен әкеммен мақтанамын. Ағам Әліпбек екеуміз ол кісіні «Әллә» дейтінбіз. Өйткені әкемнің анасы Шолпан апам ұлын «Аллам», «Әлләм» деп еркелететін, содан құлағымызға сіңіп қалған ғой.

Әлләм тілді, сөйлесе аузына адамды қарататын шешен адам еді. Ауылда беташар айтып, әр адамды мінезіне қарай сипаттап, беташарды көңілді өткізеді екен. Дәнеке солай айтып еді деп, көп өлең сөздерін қазір де ауылдағы ағайын айтып жүреді.

Соғыс басталып, әкесі майданға кеткен кезде әкемнің жасы не бары онда ғана екен. Ел басына күн туған кезде қай бір жөнді сабақ болсын, жеті сыныптық білімі болса да, әкемнің жазуы әдемі, маржандай болатын.

Әлі есімде, жазда шөпшілермен бірге шөп шабатын әкем кейде үйге шіл ұстап әкелетін, оның тұзақты қалай құратыны, шіл ұстаудағы ептілігі жайлы ел көп айтушы еді, есімде қалмапты. Әкем аулап әкелген шілді анам шөпшілерге дәмді етіп пісіріп беруші еді. Дуадақ деген құс болушы еді, өзі үлкен болатын. Әкем оны да ұстап әкелетін. Мұндай күндері шөпшілер бір мәз болып қалушы еді. Әкемнің епті, «сегіз қырлы, бір сырлы» болуына бала кездегі соғыс, жоқшылықтың да әсері аз болмаса керек.

Бала кезімде әкемдер фермада тұрды да, мектеп орталықта болған соң, біз Сарысуда апамның қолында оқыдық. Апам көп сөйлемейтін, кішкене бойлы, әдеміше келген тұйықтау жан еді. Жоқшылық, жесірлік көрген жан

кейде қилы-қилы өмірі жайлы сыр шертетін. Нанды, бидайды, күрішті қатты қадірлейтін, жерге бір түйір күріш түсіп кетсе, «бұл пайғамбардың тісі» - деп жерден алатын. Көрші Қапиза апам екеуі тор қалтаға печенье, кәмпит салып алып, тойларға барушы еді. Әлләм фермадан әр келген сайын сүт, етін әкеліп, біздің сабағымызды тексеретін. Ол кісіні қуанту мен үшін бір міндет сияқты еді. Әлі есімде, бастауыш сыныпта оқитын кезім болса керек, орта кезіне дейін жазылған дәптерім бір жерінен боялып, қате кетіп, ал әкем екі күннен соң келетін болып, сол дәптерді әкеме көрсетем деп екі күн отырып, көшіріп шыққаным бар. Ол ешқашан ұрысқан да емес, жетістіктеріме, жақсы бағаларыма балаша қуанатын.

Кейін ол кісілер ауылға көшіп келді де, бірге болдық. Ауылға келген тұңғыш «К-700» тракторын сол кісі жүргізді. Ерте кетеді, кеш келеді, тіпті кей кездері тәулік бойы жұмыста жүретін. Әкеміз үйде болғанда көп әңгіме айтатын, көп оқитын еді, жанында үнемі кітап жиналып тұратын. Қайда барса да, оқылмаған кітап көрсе, аттай қалап сұрап алатын еді де, түнімен оқитын. Әңгімешіл еді, жанында сөз тыңдайтын жолдас, құрдастары болатын. Солармен әңгіме-дүкен құрып, оқығандарымен бөлісіп жататын. «Әлемде талай қызық бар» деген кітапты қайта-қайта оқып, сол кітаптағы таңғажайыптарды көп айтқаны есімде. Қиссаларды жатқа айтушы еді, түнімен ол кісімен отырып, елдің бәрі айтыс, қисса тыңдайтын. Баламен бала бола алатын, әр барған жерінде балаларға қатты көңіл бөлетін. Кейде қонақта болғанда бала жылап немесе тыңдамай жатса, қасына отырып алып, ол баламен қосыла жылаған сияқты болып дыбыс шығаратын, сол кезде

жылаған бала таң қала ма, кім білсін, жылағанын қоя қоятын. Болмаса қалтасына кәмпит салып жүреді де, бала жылап жатса, өзінің құлағына қыстырып алып, күшік немесе мысық сияқты дыбыстаса, ол бала аң-таң болып жылағанын немесе бұзықтығын қоя қоятын. Ол кісінің отырған жері думан, әзіл әңгімелер еді.

Мен әкемнен кітап оқуды көріп өскеннен болар, әдеби кітаптарды ерте оқи бастадым. Төртінші, бесінші сыныптарда романдар оқитынмын. Апам «мына баланың көзі құриды» - деп, кітаптарды тығып жүретін. Мені әкем журналист болады деп ойлайтын. Апам төсек тартып көп ауырды. Дәрігер келгенде өте жақсы болып қалатын, содан ба, маған дәрігер деген бір сиқыршыдай көрінетін. Мен мектеп бітірген соң дәрігер боламын деп шештім. Әкем ол оқудың орысша екендігін, ауылда оқыған балаға медицинада оқу қиын соғатынын айтып бақты. Мен алған бетімнен қайтпадым. Сонда ол кісі шешеме айтыпты, «көңілі қайтпасын, барса барсын, қысқы сессиядан соң кайтып келер» - депті. Әке сөзі қамшы болды ма, мен күндіз-түні оқитын едім. Еңбектің нәтижесі болар, қысқы сессияны жақсы бағалармен аяқтап, әкеме мақтанышпен «зачеткамды» көрсеткенім есімде. Сонда әкем қатты қуанып еді.

Студент кезімде әкем демалыстарда Қарағандыға жиі келетін, таңертең поездан түсіп, ет (сүйексіз ет қана әкелетін), май, тәттілер алып, сөмке-сөмке тамақпен келетін еді. Жанымдағы құрбыларымды да өз баласындай көретін. Қарағандыға келгенде ол кісі зоопаркке барғанды қалап тұратын, әр аңның жанына барып, таң қала қараушы еді. Түйенің қасына таяп келіп, «шіркін, мына жануар даланы

аңсап тұр-ау» - дегені есімде. Сосын кетер кезінде вокзал жанындағы кітап дүкенінен жаңа кітап сатып алушы еді. Ол кісінің келгені бізге бір мереке сияқты болатын. Шешеміз үйдегі адам, ойлап отырсам, бізді адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелепті. Әкем қатал емес еді, сонда да шешеміз «әкең ұрысады, әкең білсе ренжиді, әкең жесін, ұйықтап жатқан әкең оянып кетер» - деп, ер адамды, әкені сыйлауды үйретіпті. Мен тамақты талғап, өте аз жейтін едім, есімде калғаны - табақпен ет келген кезде ол кісі «әкел кесені» деп, етті майдалап, маған нарын жасап беретін, мен жеген кезде сүйсіне қарап қалатын.

Інім Дәурен өмірге келгенде әкем қатты қуанды, есімін Мұхтар коямын деді, Әуезов сияқты жазушы болады деп, сосын «жоқ, ол «мұңды» деген мағына береді екен» деп, ол есімді қоймады. Дәуреннің кітапты көп оқып, ақын болуына ол кісінің ықпалы зор болды. Әкесі оған кітаптар сатып алып жүретін. «Ол кім, бұл не?» «Балақай мен шатырда тұратын Карлсон», «Батырлар жыры», тағы да басқа кітаптар Дәуренде көп болатын.

Иә, асқар таудай болған әке жайлы толғану - бір ғанибет. Ал, сондай жанның ұрпағы бола білу, есімін әрдайым жоғары ұстау - парыз. Ендеше, сол парызға әрдайым адал болуды Алла нәсіп етсін!..

Гүлбану Дәнекеқызы Бұланбаева

ЖАПЫРАҒЫН ЖАЙҒАН БӘЙТЕРЕК

Қай адамның болса да өзінің арқа тұтып, сенер тұлғасы болары хақ. Мен үшін әкем сондай биік тұлға болатын. Әкемнің айтқан әңгімелері, қанатты сөздері, үлгісі мен өнегесі балаларын биіктерге самғатты, алар асуларын аласартпады.

Әкем ертеде жылқы баққан, одан кейін механизатор болып ширек ғасыр еңбек етті. Ауылға алғаш келген «К-700» тракторын да менің әкем тізгіндеді. Сол алып трактормен әкем қыста Сарысу мен Қоскұдық арасына, қияндағы құмға жол салушы еді. «К-700»-дің күрегі артында, жол салған кезде үнемі артқа қарап отыру керек. Әкем алыс сапардан жол салып келген кезде үнемі мойнын сипалап отырушы еді, сөйтсек әрдайым артқа бұрылып отырған соң мойыны ауырады екен ғой, оны кейіннен түсіндік. Әкем салған жол оқтай түзу болғандығынан шығар, ауылдың бәрі «Дәнекенің қара жолы» деуші еді. Қай салада еңбек етсе де абыройлы болған әкем талай рет аудандық, облыстық советтің депутаты болды, омырауына орден-медальдар тақты.

Мен де кейін әкемнің жолын қуып, тракторист болып еңбек етіп, жақсы жетістіктерге жеттім. Оның бәрі әкемнің арқасы, әрине. Маған тигені - «ЮМЗ-6» маркалы трактор, сол трактормен совхоз басшыларының тапсырған жұмысын мүлтіксіз орындауға тырыстым. Әкем екеуміз шөп шабуға бірге шығатын болдық. Шөп шабу барысында загон алуды, косилка жөндеуді, орақты ауыстыруды да әкемнен үйрендім.

Кейіннен әкемнің шешімімен бір отар қой алып, механизаторлықты шопандық жұмысқа ауыстырдық, мен көмекші шопан болдым. Кейін әкем зейнет жасына жеткен соң аға шопан болып еңбек еттім.

Әкем өнерлі еді. Күн сайын кешке домбыра шертіп, термелер, насихат өлеңдер айтатын. Қызықты әңгімелерінің өзі бір төбе еді. Соларды тыңдап, балаларының бәрі мәз болатын. Сонымен қатар әкеміз өте сабырлы, салмақты кісі еді ғой. Ол кісінің қатты ашуланғанын көрмеуші едік. Кез келген шаруаны әбден ойланып алып, шешімін айтатын. Ол кезде Коммунистік партияның дүркіреп тұрған кезі, әкем коммунист болғандықтан ол кісінің сөзі өтімді болушы еді, ауыл басшылары да әкемнің айтқанын екі етпейтін.

Таудан биік, теңізден терең еді,
Әкем барға жайдық біз керегені.
Қара сөздің қаймағын қалқып ішкен,
Жүрегіне толған дерт - өлең еді.

Өнегесін жадыма жаттағанмын,
Мен әкеммен әрдайым мақтанамын.
Бәйтерек ед, тамырын терең жайған,
Әкем - менің тірегім, жақсы адамым!..

Әрине, әкенің орны бір бөлек те, анамыздың орны тіптен бөлек. Ер азаматының алтын басын төрге сүйреген анамыз Рақия да өте адал, еңбекқор, кішіпейіл адам еді. Әкенің қас-қабағына қарауды, оны құрметтеуді біз анамыздан үйрендік. Малшының әйелі болу анама да оңай емес еді, тамақ істеу, іс қылу, отын-су тасу, сиыр, бие сауу, тағы да басқа бейнеттердің барлығын анам атқарушы еді. Сонда да қабақ шытқан кезі аз.

Жаз жайлаудан қыстауға көшер тұста ауылдан келген трактористтер үйдегі үлкен қара жәшікті көтере алмай, әуреге түскені бар. Ақыры көтере алмай, терге малшынған соң, жәшікті ашып көрген ғой. Сөйтсе, ішінде қойдың қарнына салынған алты қарын май! Кәдімгі қолдың сары майы. Не деген еңбек десеңізші. Анам алтын адам еді ғой, шіркін!..

Өмір болған соң қуанышы мен қайғысы қатар жүреді емес пе, алғашқы асыл жарым Нәзипа қатты ауырып, өмірден өткен жылы күйзеліске түскенім рас. Сол кезде жанымды түсініп, үнемі қолдау білдірген әкем мен анам, бауырларым еді ғой.

Көңілде - сағыныш кемсеңі,
Ойлаймын, ойлаймын мен сені.
Түсімде өзіңмен тілдестім,
Қасірет басқанда еңсені.

Жағамнан алады жабығыс,
Түседі күні ертең тағы қыс.
Тағдырдың басыма салғаны –
Мәңгілік сағыныш, сағыныш...

«Орнында бар оңалар» дейді халқымыз. Шүкір, бүгінде ұлымызды ұяға, қызымызды қияға қондырып отырған жайымыз бар. Қандай биікке шықсақ та, соның бәрі ата-анамыздың арқасы екені рас. Біз жапырағын жайған бәйтеректің бір бұтағымыз.

Шәріпбек Дәнекеұлы Бұланбаев

ӘКЕМДІ АҢСАЙМЫН

Әкем - менің мақтанышым.

Иә, мен әкемді бала кезімнен бастап-ақ мақтаныш етіп өстім. Өйткені, біздің ауылдың барлығы да әкемді қатты қадірлейтін, сыйлайтын.

Көп жыл механизатор болған, одан кейін шопан таяғын қолына алған әкемнің демалған сәтін көрген емеспін. Тіпті, еңбек демалысына шыққаннан кейін де шаруадан қол үзбеді.

Біздің үйдің негізгі байлығы - кітап еді. Кітап қоятын шкаф кітаптың салмағынан майысып тұратын. Әкем соның бәрін оқып тауысқан. Ауылдың дүкеніне жақсы кітап түссе, оның алғашқы оқырманы әкеміз болушы еді-ау.

Мен мектеп бітірген кезде әкем бір отар қой алып, анам, ағам Шәріпбек үшеуі орталықтағы үйге ие қылып мені тастап, өздері малшы боп кетті. Сіңілім Гүлжан мен інім Дәуренбек ол кезде ауыл мектебінде оқиды. Сарысудағы үйде үш бала тұрдық. Әкем малдан қолы сәл босаған кезде бізге келіп, отын-суымызды түсіріп, ет-сүтін, майын әкеліп, бізге ақша беріп, қуантып кетуші еді. Ол кезде әкеміздің қыстауы орталықтан біраз жерде болса да, сенбі күндері мотоциклмен бізді ауылға алып кетуші еді. Қияндағы қыстау, жып-жылы үй, анамның көл-көсір дастарханы, шіркін, сол сәттер керемет еді ғой!..

Бірде әкем қыста бір шаруамен орталыққа келіп, осы орталықтағы дүкеннен балаларыма деп, он келі жаңғақ алыпты. Сыртқа шықса, екінші фермаға су таситын водавозды көріп, соның шопырына жаңғақты беріп, үйге апара салшы деген ғой. Содан түс ауа әкем үйге келіп:

-Жаңғақ жедіңдер ме? - дейді.

-Қандай жаңғақ?

Сөйтсек, әлгі водавоздың шопыры оны қыстаудағы екі ағама апарып берген ғой. Соларға бұйырған екен.

Содан жаңғақ әкеледі деп, Дәуренбек кешке дейін далада көлік күтті, кішкене жылап та алды. Кешке әкем бізге арнап тағы бір дорба жаңғақ сатып әкелгені бар. Қызық еді сол кездер.

Дәуренбек інім балықшы, жаз бойы өзенге ау құрып, күн сайын таңертең балық әкеледі. Оны аршып, тазалауға ерініп, үйге кіріп кетуші еді. Балық тазалауға біздің де құлқымыз жоқ, бұрылып кетеміз. Бір кезде әкей далаға шығып, әлгі балықтарды малдасын құрып отырып тазалап, жуып-шайып, тұздап, кептіріп қоятын. Түс қайта анам әлгі балықты қуырып, сағат бестің тұсындағы шәй кезінде бәріміз таласа жеуші едік. Әлгінде балық тазалауға ерінген бізге әкеміз жымия қарайтын.

Туған күнім жаз айында еді. Жайлау. Киіз үй. Түскі ас кезінде киіз үйде отырып, әкемнен сыйлық дәметсем керек:

-Әке, бүгін менің туған күнім ғой - демесім бар ма?!

Айдаладағы жалғыз үй, дүкен жоқ, сыйлық қайдан табылсын. Сонда әкем саспастан:

-Ее, айналайын Шоқадан! Мына кәштен тойып тұрып жеп ал - дегені!

Үйдің іші қыран-топан күлкі. Інім Дәуренбек табақтағы тамақты алдыма қарай ысырып қояды, тойып жеп ал деп. Сөйтіп қызық болғаны бар.

Әкеміз туралы айта берсек, әңгіме көп. Сол әңгіменің барлығы да әкеміздің азаматтық тұлғасын асқақтата

түсетіні тағы бар. Өйткені менің әкем мақтаныш етуге тұрарлық адам еді!..

Шәркүл Дәнекеқызы Бұланбаева
2025 жыл, мамыр айы

ТАУ ТҰЛҒА

«Әке - асқар тау» дейді бұрынғылар. Иә, менің әкем шынында асқар тау еді ғой. Әкем жайлы ағайын-туыс, ауылдастар жылы сөз, әсерлі әңгімелер айтса, ұйып тыңдаймын, іштей айта түссе екен деп тілеймін.

Әкем өмірінде балаға ұрысып көрген жан емес. Қайта ол кісі балажан еді ғой, қай үйге барса, сол үйдің балаларымен ойнайтын. Қалтасына үнемі тәтті салып жүріп, балаларға беруші еді.

Мені әкем «Гәмәй», «Гәй» деп еркелетуші еді. Әкем демалса, жастығын әкеліп, түкіргішін дайындап жүруші едім.

Мен әжемнің де көзін көрдім. Әкемнің анасы Шолпан әжем мені үнемі еркелетуші еді. Мен әжемнің дәрет алатын құманын дайындап, жайнамазын әкеп беріп, тыным таппаушы едім.

Әкем механизатор болып жұмыс істеген кезінде алыстағы фермадан «ДТ-75» тракторымен келіп, қыстың күні үйдің маңын тау қылып басқан қарды күрейтін. Ондай сәтте көршілердің барлық баласы біздің үйдің жанына жиналатын, бәріміз қар күреген трактордың қызықтап, мәз-мейрам болатынбыз.

Менен кейінгі інім Дәуренбек - үйдің кішісі. Дәуренбектің бір жасқа да толмаған кезі ме екен, түскі уақыт, әкем мен анам көршілердің бірінің үйіне құдайыға кеткен. Бір кезде інім ұйқысынан оянып, шөлдеді ме, қарны ашты ма, кім білсін, жылай бастады. Жұбатқанға көнбей, жылағанын үдете түскен соң, апам Шәркүл мені «анамды

шақырып кел» - деп, көрші үйге жұмсады. Сонда мен көрші үйге кіре салып, елмен бірге отырған анама қарап:

Бала бақырып жатыр,

Шәркүл шақырып жатыр - дегем ғой!

«Әкесі сияқты өлеңдетіп сөйлейді» - деп, қонақтардың бәрі мәз. Мен ұялып қалып, кейін қаштым.

Қыстауда мал бағып отырған кезіміз. Желтоқсан айының тұсы. Әкем бір жылқыны жемге байлап семіртіп, соғымға соймақ болды. Содан жылқыны есіктің алдына бауыздап, терісін жылы жерде алайық деп, әлгі жылқыны үйге кіргізбек болдық. Әкем, анам, ағам және мен төртеуміз нән семіз жылқыны қара терге түсіп, үйге әрең кіргіздік.

Кешке ет жеп отырғанда әкем:

-Тағы он күн семірткенде бұдан да семіз болатын еді, - деді. Сонда мен:

-Құрысын, онда бұл жылқыны үйге кіргізе алмайтын едік, - дегем ғой. Үйдегілер бәрі менің сөзіме жамырай күлді.

Жаз күндері кешке қарай орталықтағы үйдің көлеңкесіне киіз төсетіп, әкем таз ауада демалғанды ұнататын. Сол уақытта көрші қариялардың бәрі біздің үйдің жанына жиналушы еді-ау. Әкеміздің шешендігін біз сонда көретінбіз. Қазақтың би-шешендері, ақындары мен батырлары туралы не бір әңгімелерді тұщына тыңдайтынбыз.

Шіркін, әкем-ай! Сондай адамның баласы болғанымызға мың да бір тәубе дейік те!..

Гүлжан Дәнекеқызы Бұланбаева

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Жалпы өзің пір тұтатын адам туралы жазу қиынның қиыны екен. Сол адам жайлы жазсам, көңілдегі көрікті ойды жеткізе алмай қалам ба деген қорқыныш болатыны рас. Әдебиет әлемінде отыз жылдан астам уақыт қалам тербеп жүрсем де, маған әкем туралы естелік жазу оңайға түспеді. Өйткені, менің әкем отбасының ғана емес, ағайынның, ауылдың, аймақтың айтулы тұлғасы еді ғой...

Мен өмірге күз айында келіппін. Әкем қатты қуанып, маған кімнің есімін қоям деп, көп ойланыпты. Содан есіне Түйемойнақтағы Дәуренбек деген көрген-түйгені мол, сабырлы, салиқалы, елге сыйлы қария түссе керек. Әкем түн ішінде трактормен Түйемойнаққа барып, әлгі қариямен жүздесіп, өзінің ұлды болғандығын айтып, ұлыма сіздің есіміңізді қойсам деймін деген ғой. Сонда әлгі Дәуренбек ақсақал:

-Ұлыңның бауы берік болсын. Менің есімімді қойсаң қоя ғой, бірақ есімімді алғаның үшін маған бір қой бересің, - депті. Әкей келісіп, әлгі қарияға кейін бір қой апарып беріпті. Міне қызық! Есімді де сатып алады екен-ау...

Екі-үш жасымда есімде қалғаны - «Балдырған» деген велосипед сатып әкелгені, менің педальге аяғым жетпей, әкемнің великке жіп байлап, мені сүйреп жүретіні, менің екі өңіріме өзінің барлық орден-медальдарын тағатыны. Әкем механизатор болған кездері, мен оның тракторын сәндемек болып, төргі үйдегі вазадан гүл ұрлап, әкемнің тракторының кәбеңкесіне іліп қоятыным есімде қалыпты.

Одан соң мектепке барған жылдарым, әкемнің жайлауға бақша егетіні, күз түсе маған жайлаудан қауын-қарбыз таситыны...

Біздің ферманың жаз жайлауы қырқада болатын. Совхоз орталығынан алысырақ, алпыс шақырымдай жерде, тау ішінде. Мамыр айының соңында жайлауға жеткен біздің үй қыстаққа қар түсе бір-ақ көшетін. Менің балалық шағымның жаз айлары дерлік сол жайлауда өтті. Жайлаудың шөбі шүйгін, ауасы таза. Киіз үйдің дәл іргесінен бұлақ ағып жатады. Ол кезде бүгінгідей ағылып жатқан көлік жоқ, айына бір рет кассир мен мал дәрігерін, есепшілерді көреміз - болды. Сондағы әкемнің бар ермегі - кітап болатын. Сыртқа шықса, келерінде міндетті түрде кітаптар алып келетін. Сондай жаздың жайма-шуақ күндерінің бірінде орталыққа барған әкем «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген сыртқы мұқабасы қалың, сұр кітап алып келмесі бар ма! Шешендік сөздер жинағы екен. Тауып айтқан, қауып айтқан қазақтың ділмар би-шешендерінің әңгімесі кітаптың ішінде тұнып тұр. Ол кезде мектепке енді барған бала болсам да, әкеммен жарысып кітап оқушы едім. Маған балалар әдебиетін кім әкеп берсін, Әбіш Кекілбаевтың, Мұхтар Мағауиннің, тағы да басқа классик жазушылардың қалың-қалың романдарын әкеммен бірдей «сіңіре» беретінмін. Әлгі шешендік сөздер жинағының біраз бетін оқып, керемет әсерден арыла алмай, кешкі ас үстінде:

-Папа, мынау кітап керемет екен! - дедім.

-Иә, балам! Қолға түспейтін кітап қой. Мен барғанша дүкенде таусылып қапты.

-Мына кітапты қайдан алдың, дүкенде таусылып қалса?

-Әә, ауылдың бір адамы кітабымды сатамын деді, содан сатып алдым.

Бала болғасын ба, мен де тықақтап қоймадым.

-Қаншаға алдың сонда?

-Бір қойға!

-Бір кітапты бір қойға?!

Мен ішіп отырған тамағымды тастай сап, әкемнің бетіне таңдана қарадым.

Сонда анамның:

-Есі дұрыс адам малға кітап ала ма екен? - деп ренжігені әлі көз алдымда.

Қыстың ұзақ түндерінде әкем қисса айтушы еді ғой. Не деген жады деп, осы күні таң-тамаша қалам. Үйде «Рүстем-дастан» деген қалың кітап болушы еді, соны түгелімен жатқа білетін.

Ерен еңбек еткен әкемнің Үкіметтен алған орден-медальдары, Құрмет грамоталары да бір төбе еді. Мал басын мінсіз сақтағаны үшін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасы да әкемде бар болатын. Бірде жаз мезгілінде анамыз сүт пісіріп, сүттің бетіне әлгі Жоғарғы Советтің грамотасын жаба салған ғой. Шыбын түсіп кетпесін десе керек. Соны әкем байқап қалып, «менің ең жоғарғы жетістігімді бағаламадыңдар» - деп, қатты ренжіп, тамақ ішпей жатып алғаны да бар.

Әкем механизаторлықпен қатар малдың да бабын білетін адам еді ғой. Өзінің Шайтан құла деген тұлпары жайлы көп айтатын. Сонымен қатар, соғымға сойылатын малдың қоңын бір қарағаннан-ақ айта беретін. Соғым

соятын көрші-қолаңдар әкемді ертіп әкетіп, соятын малын көрсетіп жүруші еді.

Мен балық аулағанды жақсы көрдім. Қаладан ауылға қармақтың түр-түрін апарушы едім. Ол кезде студентпін, мен күзде қалаға оқуға кеткен кезде әкем менің қармақтарыммен балық аулайды екен. Спиннингпен (жалтырауық) шортан ауласа, қармақтың басындағы жалтырауығы үзілген кезде үйдегі күміс қасықтардан жалтырауық жасап алады екен. Оның бұл әрекетін анам үйде сорпа ішетін күміс қасық қалмаған кезде бір-ақ білген ғой.

Әкеміздің тағы бір қасиеті - Ислам діні туралы көкірегіне түйгенінің көптігі еді. Шама-шарқынша бес уақыт намазын қаза етпеген әкем құдайы, Тарауық тұстарында пайғамбарлар туралы дастандарды төгілдіріп айтатын. «Үмбетім, үмбетім деп, көзін жұмды» деп, бір дастанды айтқан кезінде үйге Тарауық намазын оқуға келген кемпір-шалдардың жылағаны әлі есімде.

Иә, мен үшін әкем алдымдағы бағыт беруші адам болды. Елдің бәрі жақсы ісімді көрсе, «Дәнекенің баласы ғой!» дейтін. Мен үшін одан артық марапат жоқ болатын. Кейін мектеп бітірдім, жоғарғы оқу орнын аяқтадым, республикалық әдеби байқаулардың бірнеше дүркін жеңімпазы болдым, кітаптарым жарық көрді, бәрін тізе беріп қайтейін, солардың бәрінен де маған «Дәнекенің баласы!» деген марапат қымбат еді. Әлі де солай.

2002 жылы Сәтбаев қаласында өткен аймақтық ақындар мүшәйрасынан Бас жүлде алдым. Сыйлыққа бергені - бейнемагнитофон және Диплом. Сонда әкем менің

дипломымды қолына алып, ұзақ отырды. Не ойлағанын кім білсін...

Кейіннен әкем де, анамыз да өмірден өтті. Соңындағы ұрпағы жақсы болуға тырыстық. Шүкір, бүгінде ел қатарлы еңбек етудеміз.

...Мен қай қиырда, қай түпкірде жүрсем де абыройлы болуды, адал жүріп-тұруды ойладым. Оның себебі - әкеміздің атын биік ұстау еді.

Өйткені мен - Дәнекенің баласымын!..

Дәуренбек Дәнекеұлы Бұланбаев, ақын,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ

Мен 2001 жылы осы шаңыраққа келін болып түстім. Жолдасымның есімі – Дәуренбек, үйінің кенже баласы. Менің бағыма қарай атам да, енем де көненің көзі, сабырлы, салиқалы жандар болып шықты. Менің осы үйдің ерке келіні болдым.

Атам мені өз баласындай көрді. Менің мінезімнің ашықтығына қуанып, «осы келінім үнемі күліп жүреді» - деп, мені мақтап отыратын. Атамның қарны ашып қалмасын деп, қолыма түскен тәттінің бәрін сол кісіге апарып беретінмін, атам риза болып жеуші еді. Негізі үлкен кісілер тәттіні көп жей қоймайды ғой, сірә, атам менің көңілімді қалдырмайын деп жейтін болса керек.

Біздің үйге қонақ көп келуші еді. Атамның танымайтын адамы жоқ. Қонақ келісімен әдеттегідей мал сойылады, қазан асылады. Атам сол кісілермен дастархан басында ұзақ әңгімелесетін. Шәй құя отырып, мен де әңгімеге құлақ салатынмын. Сарысу ауылының тарихы, шежіресі, сол өңірдің айтулы тұлғалары жайлы деректерге мен осылайша қанықтым.

Менің атам ақынжанды, суырып салмалығы тағы бар, сөзге шешен, тілді адам еді. Ол кісі жас кезінде ауылдың асабасы болып, сол ауылға түскен талай келіннің бетін ашқан екен. Ол кісінің жыр-дастандарын, әзіл әңгімелерін ауылдас ағайындары әлі күнге дейін айтып отырады. Атамның өлеңдерін оқи отырып, кей кезде ойының тереңдігіне таң қаламын.

Сәулең болса кеудеңде,
Алдына шықпа менменсіп,

Ата менен ананың.
Өтемесең борышын,
Жолығарсың қаһарына,
Жасаған ие Алланың.
Мақсатыңа жетерсің,
Жақсы болса алғаның.
Жаман болса алғаның,
Ішіңде кетер өкініп,
Өле-өлгенше арманың...
Иә, түсінген адамға нағыз ғибрат қой осы өлеңдер.

Атамның тағы бір қасиеті – кітапқа құмарлығы. Сәтбаев қаласында тұрған кезімізде атам қалалық кітапханаға жиі баратын. «Орындыққа отырып алып кітап қарайды, керемет білімді адам» - деп, кітапханашылардың айтқанын естігенім бар. Көп білетіндігі, сөзге шешендігі, бәрі де сол кітаптың пайдасы екендігі даусыз. Ол кісі кейде дастархан басында отырып ескі әңгімелерді айтқанда, дәл сол оқиғаның ортасында отырғандай қылып суреттейтін, мен қызыға тыңдаушы едім.

Атамның Ислам діні, имандылық жайлы көңіліне түйгені де көп болатын. Атам шама-шарқынша бес уақыт намазын қаза қылмады. Үйге келген кісілердің кейбірі осы тақырыпта да атамнан кеңестер алатын.

Тұңғышымыз Әйгерім дүниеге келгенде атам қатты қуанды. Немересін қасынан шығармайтын, көрпе-жастықтан қорған жасап, қасына отырғызып қоюшы еді. Атамның онысының өзі үлкен көмек, мен үй шаруасын ыңғайлап ала қоятынмын.

Иә, атам жайлы көп айта беруге болады. Бір ақиқаты – не айтылса да атамның адамгершілік асыл қасиеттері сөз болары анық.

Жаныңыз жәннатта болсын, ата. Біз сізді ұмытпаймыз.

Салтанат Сағындыққызы Арыстанова

АТАМНЫҢ БАЛАСЫМЫН

Мен атамның тұңғыш немересімін. Бала кезімде атам мен әжемнің бауырында өстім. Менің атам әңгімешіл, суырып салма ақын, беделді кісі болатын.

Мектепте оқып жүрген кезімде жаңа жылға қарай аудандық шыршаға баратын болдым. Қыс айы. Күн аяз, жол тайғақ. Сонда атам есік алдына отырып алып, «жол ұзақ әрі тайғақ, бармағандарың дұрыс» - деп, мені ауданға жібермей қойған болатын. Жанашырлығы ғой.

Атам құдайы-тойларға, қонаққа барса, мені қасынан тастамайтын. Ол кісінің қасына үлкен кісілер үйіріліп, не бір қызық әңгімесін тыңдаушы еді. Жаз мезгілінде, күннің ыстығы қайтқан соң біздің үйдің көлеңкесіне көршілер жиналатын. Керемет өлең-жырларды, шешендік әңгімелерді мен сондай отырыстарда көп естідім.

Атамның ойыншылдығы бір төбе еді. Ауылдың бір жігітінің айтқан әңгімесі осы сөзіме дәлел.

«Мен 6-7 жасқа келгенше горшокқа отырдым. Ерке болғам ғой. Содан бір күні тағы да горшокта отырсам, үстібасы сабалақ-сабалақ біреу кіріп келді де, бас киімін тастай сап, маған тұра ұмтылды. Қатты қорыққаным сондай, горшоктан тұра салып, безіп кеттім. Содан кейін горшокқа отырған емеспін. Отырайын десем, әлгі сабалақ-сабалақ біреу келіп қалар деп үрейім ұшады». Сөйтсем, менің атам үстіндегі тонын айналдырып киіп алған екен ғой.

Атамның кіші бажасы бірде маған:

-Сенің атаңның мені шошытқаны бар - деді.

-Қалай?

-Ауылдарыңа қыз алуға бардық. Бізді бір топ адам қарсы алды. Сонда бір кісі «Мен осы үйдің күйеу баласымын. Есің барында еліңді тап. Бұлар аямайды» - деп, бұжыр-бұжыр басын көрсетті. Сеніп қалдым, үрейім ұшып кетті, - деді мәз болып.

Атамның жазған өлеңдері мен толғауларын әр кезде оқып тұрамын.

Баланың асыл болғаны,
Ата-анасын сыйлаған.
Ер ынсапсыз болғаны,
Жастығы жеңіп мінезін,
Қартайғанша қоймаған.

Бұл сөзімді кем көрмес,
Ақылы артық милы адам.
Милы адамның белгісі,
Сөзі шықпас шашауға...

Иә, тереңіне бойласаңыз, бұл тағылымның өміршеңдігіне көзіңіз жете түсері анық.

Бірде үш-төрт адам жол жүріп келе жатқанбыз. Ішіндегі біреуі:

-Сенің осы Дәнекеге жақындығың жоқ па? – деп сұрады.

-Иә. Мен Дәнекенің немересімін.

-Бәсе! Атаң сияқты шағып сөйлейді екенсің, - деді.

Шіркін деймін кейде. Сол балалық шағым қайта оралса деп армандаймын. Онда жүгіріп барып, атамды құшақтай алар едім!..

Дәулетбек Шәріпбекұлы Бұланбаев



СУРЕТТЕР СӨЙЛЕГЕНДЕ...

(Дәнеке Бұланбайұлы жайлы фотодеректер)





Анамыз – Рақия, Әкеміз –Дәнеке.



Дәнеке Бұланбайұлы ауыл азаматтарымен.



Еңбекшілердің облыстық жиыны. Жезқазған қаласы.



Әкеміз қызы Гүлбанумен. Қарағанды қаласы. 1981 ж.



Бір әке, бір ананың баласымыз.



Шөп шабу науқаны. Дәнеке Бұланбайұлы ұлдары Әліпбек, Шәріпбекпен.



Әкеміз кенжесі Дәуренбекпен.



Той тойға ұласқанда. Әкеміздің оң жағында – інісі Тұрсынбек.



Ағайын-туыспен той тойлап...

Тұрсынбек Бұланбайұлы жайлы естеліктер





ҰЛАҒАТЫ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Мен Кеңгір өзенінің бойында, бұрынғы «Қызыләскер» колхозында 1949 жылы дүниеге келдім. 1956 жылы Рудниктегі № 29 бастауыш мектебіне бірінші сыныпқа оқуға бардым. Сол жердегі № 7 мектепте оқуымды жалғастырып, 1966 жылы онжылдық мектепті аяқтадым. Сол жылдары мал шаруашылығына араласқан жастарға оқуға түсуге көп жеңілдіктер болатын, сол себепті Сарысу совхозына апа-жезделерім бара жатқан соң, солармен ілесіп

мен де сол ауылға бардым. Сол жерде бір жыл мал шаруашылығымен айналысып, 1968 жылы Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түсіп, сол оқу орнын биология мамандығы бойынша 1973 жылы аяқтап, Сарысу совхозының № 7 мектебіне биология пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналастым. Сол ауылда жұмыс істей жүріп, 1974 жылы жолдасым Тұрсынбекпен таныстым, 1975 жылы отбасын құрдық. Жолдасым екеуміздің еңбек жолымыз сол ауылдан басталды. Кейін балалы-шағалы болдық.

Ол кезде Сарысу совхозының дүрілдеп тұрған уақыты, «Сарысу асыл тұқымды қой заводы» деуші еді. Жолдасым Тұрсынбек мектеп бітірген жылдары Қарқаралы зооветеринарлық техникумында білім алған екен, кейіннен Целиноград ауыл шаруашылық институтын бітіріп, жоғары білімді маман атанып, 1984 жылы жұмысын жалғастырды. Сарысудағы үйде енем, қайнағам отбасымен тұрды, кейін біз рұқсат сұрап, еншімізді алып, бөлек шықтық.

Атамыз Бұланбай 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, хат-хабарсыз кеткен екен. Жолдасым өмір бойы әкесі туралы деректерді іздеумен болды. Жезді аудандық әскери комиссариатынан, Алматы қаласының архивінен де сұрастырдық, бірақ жөнді ақпарат табылмады.

Балалар өсіп келе жатты, оларды оқыту дегеніңіз тағы бар, кейіннен қалаға көшіп, балалардың жағдайына қарайық деген ойға келдік. Әуелі XXIII партсъезд совхозына көшіп бардық, жолдасым ол ауылда бас зоотехник болып үш жыл жұмыс істеді. Сол ауылда Досымбек деген соғыс ардагері бар екен. Сол кісі бізге:

-Қалқаларым, сендердің Бұланбай аталарыңмен мен алты ай майданда бірге болдым, одан кейін көрген жоқпын» - деді. Сол деректің өзіне атамыз тіріліп келгендей қуанғанымыз бар. Сол ақсақалды құдайы-тойдан қалдырмай, қатты құрметтедік.

Кейіннен Сәтбаев қаласына қоныс аудардық. Осы жақтан балаларымызды оқыттық, бәрі де жоғары білімді маман атанды. Жолдасым екеуміз балалардың қанаты қатайғанша еңбек еттік, ешкімнен кем қылғанымыз жоқ. Кейіннен жолдасым денсаулығын күтіп, еңбек демалысына шықты.

2008 жылы балаларымыз жиналып, «Әке, сізді Меккеге жібереміз» - деген соң, жолдасым жолға жиналды. Сол жылы Сәтбаев қаласынан сегіз адам Меккеге қажылық сапарға барды, соның біреуі – осы кісі. Сапарлары сәтті болып, Меккеден аман-есен оралды.

Жолдасымның руы – Найман – Балталы – Құли – Қарашаш. Әрбір адам баласы өзінің өмір сүрген дәуірінде артына өшпес із қалдыруды көксейтіні анық. Өздерінің ел үшін, жер үшін сіңірген еңбектерімен есімдері ел есінде қалады. Ауызекі аңыздарға, әңгіме-жазбаларға қарағанда Құли бабамыз зор денелі, кең жауырынды, қалың қасты, сұсты, айтқанынан қайтпайтын, батыр мінезді болған деседі. Өз елін ұдайы татулыққа, ынтымаққа шақырып, дау-шарларды әділ шешіп, ел қамын ойлаған екен. Үстіне шапан немесе күпі киіп, басына тымақ, аяғына саптама етік киіп жүреді екен. Құли атамыз 16-17 ғасырларда ғұмыр кешіп, жасы сексеннен аса өмірден өткен екен. Бұл дәуірлерде қалмақ-жоңғар шапқыншылығы көп болып, Құли бабамыз ер азаматтармен бірге өз елін қорғап, ерлік көрсеткен.

Сонымен бірге оның билік ісіндегі әділдігі де ел арасына аңыз болып тараған. Құли бабамыздың үш әйелі болыпты. Бөлек ана, Қарашаш ана, үшіншісінің аты белгісіз. Бөлек анамыз үлкен үйде, қара шаңырақта отырса керек. Өзі реңді, дөңгелек жүзді, орта бойлы, толықша адам екен. Ол кісі Құли бабамызбен көбінесе бірге болған деседі, Құли бабамыздан кейін өмірден өтіпті. Қабірі Құли бабамыздың қабірінің күн батыс жағында. Атамызбен қатар Қарашаш анамыз жерленген. Қарашаш анамыздың төркін жағы беделді, ауқатты адамдар болған екен. Қарашаш анамыз ер мінезді болса керек, сегіз қанат үйі, бір қасқа, бір ала шұбар аты болыпты. Ел көшкенде сол аттарына мініп жүріпті. Бірде ер-азаматтар жаумен алысып шетте жүргенде барымташылардың ауылдағы малды айдап әкеткенін естіген Қарашаш шөгіп жатқан түйеге міне салып, қолына ілінген ұзын сойылды алып, ұрыларды қуып жетіп, малдарын қайтарып алыпты. Содан Қарашаш анамыздың аты шығып, бұл анадан тараған ұрпақтар өздерін «Құли – Қарашаштың ұрпағымыз» деп айтатын болыпты.

Бабаларымыздың атамекені өте шұрайлы, өрісі малға жайлы жер екен. Есіл өзеніне Терісаққан өзені құятын тұста малын бағып, егінін егіп, өзеннен балығын аулап күн көрген екен. Сол Терісаққан өзенінің Балталы ауылының тұсында Қарашаш ана өткелі болыпты.

Асан Қайғы бабамыз ел қамы үшін желмаясына мініп, жаһан кезіп, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» қоныс іздеген кезде Есіл жағасына келіп:

-Жары мен суы тең, жарлысы мен байы тең жер екен, - десе керек. Терісаққан өзенін көргенде «Ағар суы бал татыған, ақ шабағы май татыған жер екен» - депті. Асан

Қайғы бабамыз мақтаған осынау қонысымызды біздің бабаларымыз жаудан қорғап, бізге аманат етті.

Иә, ол кездегі заманның жайы белгілі ғой. Жоңғар, қалмақ шапқыншылығын, «Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұламаны» көрген, отарлау саясатының сұмдықтарын басынан өткерген ата-бабаларымыз осынау қонысын тастап, Ұлытау өңіріне, Сарысу бойына, оңтүстік жаққа ауа көшкен заман да болған. Орыстар қазақ жеріне баса-көктеп кіріп, сулы-нулы жерлерге орналасқан. Бірақ орыстардың озбырлығын басып, туған жерінен көшпей қалған Хасан ұрпақтары, Есілбай мен Көшімбай, Самай ұрпақтары, Қасым мен Есім аталарымыз өздерінің ата қонысында түтін түтетті.

Кейіннен Балталының ұрпақтары сонау Балталы ауылындағы Құли бабамыз бен Бөлек анамыздың, Қарашаш анамыздың басына мінәжат етеміз деген ниетпен барлығы жиналып, барып қайтқан болатын. Бабаларымыздың бейіті тастан қаланыпты, қанша ғасыр өтсе де жауын-шашынға төтеп беріп тұр екен. Ол да болса аруақтың қолдауы шығар. Бабаларымыздың басына барған ұрпақтары құрбандық шалып, төрт-бес киіз үй тігіп, сол маңайда тұратын елге дәм беріп, құран оқытты. Сол ауылдың ақсақалдарының айтуынша, осы қорымның жанынан құран оқып өтпеген жолаушылардың көлігі өшіп қалады екен. Аруақтың құдіреті ғой. Асқа Терісаққан, Атбасар жақтан да кісілер келді. Сол өлкеде жалбыз деген гүл өседі екен, сол гүлді тердік. Сол гүлді кептіріп, шәйімізге қосып ішкеніміз есімде.

Осындай өнегелі шаруаның келешек ұрпақ үшін берері мол болмақ. Сол шаруалардың басы-қасында жолдасым Тұрсынбек жүрді.

Жолдасым Тұрсынбек ағайын-туғанның құдайы, қуаныштарынан қалмайтын, мені де үнемі ертіп жүруші еді. Алланың маңдайға жазуы шығар, жолдасым екі күн ғана ауырып, 2021 жылы бесінші сәуірде дүние салды. Одан бері де бес жыл уақыт өте шықты.

Өзім «Алтын алқа» иегерімін. Балаларым бүгінде бір-бір үй болып, түтін түтетіп отыр. Мен бала-шағаның ортасында, осылардың қызық-қуанышын көріп ғұмыр кешудемін. Алла ұрпағымызға амандық, ұзақ ғұмыр берсін!..

Жұмаш Әбдірқызы

ӨЛКЕ ТАРИХЫНЫҢ ТАМЫРШЫСЫ

Ұлытау өңірі қашаннан-ақ ұлағатты тұлғаларға кенде болмаған. Қасиетті өңірдің қатепті қара нарындай наркескен ұлдары туған өлкесінің туын жоғары ұстап, өмірін өнегемен өрнектеген.

Біз әңгіме еткелі отырған Тұрсынбек Бұланбайұлы да көкірегі көне сандық, өлкетанушы, шежіреші, үлкенмен де, кішімен де әзілі жарасқан азамат еді. Руы – Балталы - Құли. 1941 жылы Ұлытау ауданының Сарысу ауылында дүниеге келіп, 1959 жылы ауыл мектебін бітірген Тұрсынбек Бұланбайұлы Қарқаралы зооветеринарлық техникумына оқуға түсіп, оны 1962 жылы аяқтаған соң туған ауылына келіп, өз мамандығы бойынша еңбек еткен. 1979-1985 жылдары Целиноград ауылшаруашылық институтын бітірген азамат Сарысу ауылында бас мал дәрігері, жұмысшылар комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған. Кейіннен біршама жыл XXIII партсъезд ауылында бас зоотехник болып еңбек еткен Тұрсынбек Бұланбайұлы Сәтбаев қаласына қоныс аударған.

Ұлытау өңіріндегі көптеген тарихи кесенелер, Балталы руынан шыққан ақындар мен батырлар, әулиелер жайлы деректерді жасынан жадына түйіп өскен Тұрсынбек Бұланбайұлы кейінгі буынға ел мен жердің тарихын айтып, көптеген игі шараларға ұйытқы бола білген, кейінгі ұрпақтар үшін тарих пен шежіренің толқып жатқан теңізіндей болған азамат.

Теректі елді мекені тұсында Балталының Баймұрат деген мыңғырған малы бар атақты байы мекен еткен екен. Сол кісінің бейітін Оңтүстік өңірден ұрпағы іздеп келген

болатын. Келген кісілерге елдің бәрі өлкетанушы ретінде маған жол сілтесе керек. Мен осы өңірдегі өлкетанушы Тұрсынбек ағама хабарласып, Тұрсекең әлгі кісілерге жол бастап, бабаларының бейітін көрсеткен екен. Тұрсынбек Бұланбайұлының айтуынша, Бекболат бай өзі мекен еткен тұстан құдық қаздырып, осы маңға өзін жерлеуді ұрпағына аманат етіпті. Сол құдық әлі күнге дейін шөлдеген жанның сусынын қандырып тұр.

Ұлытау, Көнетау, Киелітау маңын сан ғасырлар бойы Балталы, Бағаналылар мекен еткендігі белгілі. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырындағы Таңсық қыздың:

«Балталы, Бағаналы ел аман бол,

Бақалы, Балдырғанды көл аман бол» - деп басталатын өлеңі осы сөзімізге дәлел. Осы жырдағы Сегізбай, Тоғызбай көлдері күні бүгінге дейін бар. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының 1500 жылдық тарихы бар екендігі белгілі. Осыншама ғасыр бұрын болған оқиға бізге данышпан бабаларымыз арқылы ауыздан-ауызға тарап, жетіп отыр. Ал, осынау өлкенің шежірелі тарихы Тұрсынбек Бұланбайұлы сияқты азаматтардың арқасында жас ұрпақтың жадына тоқылуда. Осы күнгі қарттардың кейбірінен өлке тарихын сұрай қалсаңыз:

-Өзіміздің Тұрсынбек пен Дәнекеден, Сарысудағы Бабас деген азаматтан сұрағандарың дұрыс, - деп жөн сілтейтіні бар. Сол кісілерді «Өлкетанушылардың соңы» деп айтып жүргендер де аз емес. Сарысу жақтағы Балталы Тоғызбай би, Балталы Құнанқара шешен, Балталы Қарабатыр жайлы деректерді де осы кісілер қазіргі жастардың жадына сіңіре білген. Қобызымен күй шертіп, қара суды теріс ағызған, Жыланды тауындағы ордалы

жыландардың тілін байлаған, Ұлытау етегін мәңгілік мекен еткен Балталы Беркімбай бақсының басына ұрпағын алып барып, құрбандық шалып, шер жамылған шежіре айта білген Тұрсынбек Бұланбайұлы одан да басқа көптеген игілікті істерге ұйытқы бола білген.

Мұсылманның бір парызы – Қажылық сапарға барып келген Тұрсекең шамасы келгенше бес уақыт намазын қаза етпеген, имандылыққа бет бұрған жан еді.

Жақсының аты ешқашан ұмытылмақ емес. Біршама жыл бұрын мәңгілік мекеніне сапар шеккен асыл азаматтың бейнесі мәңгілік ел есінде, жұрт жадында.

Кенжал Балкенов,
тарихшы, өлкетанушы ғалым.

ҚҰРДАСЫМ ӘРІ ҚҰДАМ ЕДІ

Тұрсынбек – менің туған құдам Дәнекенің туған інісі. Мен Жәйрем кентінде тұрамын. Дәкеңмен құда болған уақыттан бастап Тұрсынбекпен де жақсы араластық. Жұбайы Жұмаш екеуі балаларына тағылымды тәрбие берген өнегелі отбасылардың бірі. Балалары да әкелері сияқты ашық мінезді, дархан көңілді болып ер жетті. Бәрі де ата-аналарының арқасы ғой, әрине.

Тұрсекең екеуміз құрдаспыз. Кездескенде әзіл-қалжыңымыз жарасып, бір жасап қалушы едік. Өзі әзілге де шебер болатын.

Бірде машинасын жөндеп жатыр екен. Кешкі уақыт, қараңғылық түскен кез. «Тұрсынбек-ау, қараңғы боп кетті ғой, ертең жөндесеңші» - дедім. Сонда Тұрсынбек:

-Мен күндізден гөрі түнде жақсы көрем – дегені. Күліп жатырмыз.

Тұрсынбек араб тіліне де жетік еді, құран сүрелерін оқи беретін. Ислам дініне тереңдігі сондай, біраз молдаларға да бағыт беріп, жастарды имандылыққа шақырып, маңына ұйыстырып жүруші еді. Кейіннен Меккеге сапар шегіп, мұсылманның бір парызын орындап, қажы атанып келді.

Тұрсекең өзінің бабалары Найман – Балталыдан шыққан талай белгілі тұлғаларды ұрпақ санасына сіңіру жолында көп еңбек сіңірді. Сонау Ұлытау өңіріндегі Балталы Беркімбай әулиенің басына жастарды ертіп апарып, ас беріп, үлкен өнеге көрсетті.

Мына Сарысу ауылының тұсында «Жыланды» деген биік тау бар. Ерте заманда сол таудан ордалы жылан өріп

шығып, іргедегі Сарысу өзенінен су ішеді екен. Жыланның жүрген жері белгілі ғой, ордалы жыландар жолында кездескен мал-жанның бәрін шағып, елге үлкен зиян тигізсе керек. Содан ауыл ақсақалдары ақылдаса келіп, сонау Ұлытау тауының етегінде тіршілік еткен Беркімбай әулиені шақырып, ол кісіні Жыланды тауға апарыпты. Беркімбай әулие күңіреген даусымен құран оқыған кезде жыланның ордасынан басы сап-сары алтын үлкен жылан шығыпты. Беркімбай әулие құранын тоқтатпастан оқи беріпті. Бір кезде әлгі алтын басты жыланның алқымы ісіп, басын бұлғақтатып тұрып-тұрып, апанға қайта кіріп кетіпті. Сол күннен бастап ордалы жылан мал-жанға тиіспейтін болған деседі. Міне, осындай әулие адамның тарихын Тұрсекең кейінгілерге танытты. Түсіне білгенге, бұл үлкен сауапты іс.

Сол Беркімбай әулие кейін қобызын Әбілге берген екен. Әбіл – Тұрсынбектің туған нағашысы. Тұрсекең Әбіл нағашысынан қобыз тартуды үйренген екен. «Қобызды Әбіл деген нағашы атамнан үйрендім» - дегенін естігенім бар. Ерте кезде қазіргідей нотаға түсіру дегенді ешкім біле қоймайды ғой, Тұрсекең өзінің құйма құлақтығы арқасында нағашы атасының тартқан күйлерін көкірегіне түйіп, санасына сіңірсе керек. Домбыраны да шебер тартатын.

Иә, Дәнеке құдам да, інісі Тұрсынбек құрдасым да көкірегі көне сандықтай көрген-білгені көп, жақсы жандар еді. Алла жандарын жәннаттық етіп, артындағы ұрпағына аманшылық, ырыс-береке берсін.

Смайыл Елеусізов, еңбек ардагері.

МЕНІҢ ҚҰДАМ

«Қарға тамырлы қазақ» деген мәтелде қазақ ұлтының сыйласуы мен араласуы сияқты терең мағыналы ұғым жатыр. Олай дейтінім, Тұрсынбек Бұланбайұлын сексенінші жылдары Жезді ауданы ауыл шаруашылығы басқармасында жүрген кезімнен бастап білуші едім. Ол кезде Тұрсекең «Жетіқоңыр» аталып кеткен кеңшарда беделді қызмет атқарушы еді. Атқаратын жұмысымызға байланысты тікелей байланысымыз болмаса да аға-інілік сыйластығымыз анық болатын.

Уақыт өте келе Тұрсынбек ағамыздың өзі атқарып жүрген мамандығын ғана емес, шаруашылықтың мәдени өміріне де белсене араласатын, қажет болғанда техниканы да жетік меңгерген жан-жақты іскер азамат екендігін елі айтып жүретінін естідік. Кейін Ұлытау ауданына ауысуына байланысты ұзақ уақыт кездеспедік. Сөзімнің басында келтіргенімдей, 2019 жылы туған құда болып араласып кеттік.

Жезді өңірінің іргелес шаруашылықтарының, өзі еңбек еткен ұжымының Тұрсекеңі, кейінгі қажы Тұрсынбек көпшілікті ұнататын, дастарханынан несібесі ортаймаған, отырыстарда әңгімешіл және қажетіне қарай әзілге де жөнімен орын беріп отыратын азамат екеніне аз уақыт ішінде көз жеткіздік. Осы орайда үйдегі дастарханның берекесін келтіретін Жұмаш құдағидың ерекше адами қасиеттерін айта кеткен жөн. Әрине, әке-шеше тәрбиесін көріп, еркін өскен ұл-қыздарының орындары бөлек.

Құда болғаннан кейінгі үш-төрт жыл ішінде сыйластықпен өткізген, жиі араласқаннан алған әсерлер баға жетпес уақыттар екенін әр кез еске аламын.

Балталы елінің бір баласы, елге сыйлы бола білген Тұрсынбек қажы туралы көп әңгіме айтуға болады. Ақ тілегім мен адал түйгендерімді қысқаша болса да оқырмандарға жеткізе алдым деп ойлаймын.

Тұрсынбек қажының туған құдасы,
Ұлытау ауданының Құрметті азаматы
Әлімбек Жандарбеков

ҚҰДАНЫ ҚҰДАЙ ҚОСАДЫ

Бұл дүниеде жер қозғалса да қозғалмайтын адамдардың қатарынан бірінші көргенім – Нұрғали әкемнің қарындасы Сания анамның жолдасы Қасым (Тілес) жездем, екіншісі – Тұрсынбек құдам. Бұл кісінің баласы Манарбек менің қызым Айнұрды алып отыр. Тұрсекеңмен 2003 жылдан бері құдамыз. Тұрсекең мен менің мінезім – жер мен көктей. Құдамыз өте сабырлы, сөзді бабымен бастайтын, нық сөйлеуші еді. Әңгіме айтқанда майын тамызатын, әзілге де бейім болатын, үлкенмен де, кішімен де тіл табыса білетін. Менің мінезім шапшаң, дауыс көтеріп сөйлегенді ұнатам. Әсіресе Тұрсекеңнің кейбір әңгімелеріне келіспей, дауласа кетуші едім. Бірақ сыйластықтан аспаймыз. Тұрсекең 2008 жылы Мекке-Мәдинаға барып, Пірге қол тапсырып келді, қажы атанды. Қажылықтан келгенде канистрамен Зәм-зәм суын әкеліп, үйде отырғандардың бәрі ауыз тигенбіз. Меккеде болған жағдайларды, қағбаны айналғандарын, шайтанға тас атқандарын, мал алып құдайы бергендерін әңгімелеп берген.

Құдам техникаға да өте жақсы болды. Совет марқұмның айтқанына қарағанда, машинасы бұзылып сүйреп әкелсе, ертеңіне қайтадан теуіп кететін көрінеді. Жүксалғышқа запас коробка, кардан, крестовина, тағы да басқа саймандарды салып алып жүретін көрінеді.

Тұрсекең түздің адамы ғой, Жұмаш құдағи айы-күні жетіп босанып қалып, Совет марқұм Тұрсекеңе «Жұмаш босанды ғой, қайтпайсың ба?» - десе, «Ағайын-туыс бар ғой» - деп, шаруасын күйттей беретін көрінеді.

Тұрсекеңнің үйінде дәмдес болған жандардың біразы қазір жоқ. Алла бәрінің иманын серік қылсын дейміз.

Тұрсынбек құдамыз 2021 жылы өмірден өтті. Жаратқан ием Жұмаш құдағиға, артындағы ұрпағына ұзақ та ғибратты ғұмыр нәсіп етсін дейміз.

Әбдірахман Нұрғалиев

ЕКІ ӘУЛЕТТІҢ АЛТЫН КӨПІРІ

Әр істің басын «Бисмиллаһир – Рахманир – Рахим» деп, Хақтың атымен бастауды мұрат еткен біздер үшін бұл таныстықтың орны бөлек. Бұланбайдың ұлы, ел сыйлаған Тұрсынбек қажымен бір-екі көше қашықтықта сырттай таныс болғанымызбен, тағдыр бізді 2015 жылдың 14 шілдесінде жақын етіп, жүздестірді. Сол айтулы күні Тұрсынбек қажының кенже қызы, аяулы Ақеркеге құда түсіп барған сәтіміз үлкен туыстықтың алтын көпіріне айналды. Қазақтың ежелден үзілмеген ата салтымен Ақеркеге сырға салып, үлкендердің ақ батасын алып, құда-жекжаттық атты ажырамас туыстыққа қадам басып, баталы күннің базарын көрдік.

Тұрсынбек құдамыздың қасиетті қара шаңырағына қадам басқанда-ақ ол кісінің ақ жарқын көңілі мен кең пейілі бізді баурап алды. Сол сәттен бастап құдалығымыз туыстыққа, сыйластыққа ұласа берді.

2015 жылдың 15 қыркүйегінде ағайын-туыс жиналып, ұлан-асыр той жасап, Ақеркемізді қияға қондырдық, ал 19 қыркүйек күні екі жастың үйлену тойы дүбірлеп өтті. Содан бергі уақытта ауылымыз аралас, қойымыз қоралас болып, іргеміз сөгілмес ынтымақтастықта келеміз. «Құданы құдай қосады» демекші, Тұрсынбек қажы бастаған құдаларымызбен және басқа да құда-жекжаттармен арадағы сыйластығымыз өте жоғары деңгейде. Өмір жолында жастарымызға ақылшы болып, алдымыздағы асқар таудай көрінетін бұл кісінің орны біз үшін әрқашан ерекше. Ол кісі бәрімізге бірдей қарап, алаламайтын әділдігімен, кең пейілімен баршамыздың жүрегімізден орын алды.

Ұлытау төріндегі ұмытылмас сәттер құдаларымыздың баяндылығы мен сыйластығымыздың белгісіндей болған ерекше бір кез еді-ау. Үш жүздің басы қосылған киелі Ұлытауға құдамызбен бірге жасаған сапарымыз әлі есте. Тарих тұнған таудың баурайында бірге қыдырып, емен-жарқын әңгіме айтқан сәттер, табиғат аясындағы сол кездер ыстық естелік болып қалды. Ұлытаудың ұлылығындай біздің туыстығымыз да биіктей түсті.

Тұрсынбек қажының бойындағы асыл қасиеттері – біз үшін баға жетпес байлық. Шаңырағының киесін сақтап, қадірлей білген, берекесін кіргізіп отырған бұл кісіден біздің үйренгеніміз көп. Жұмаш анамызға деген құрметі, отбасылық өмірдегі көрегендігі, имандылығы, еліне жасаған ерен еңбегі – кейінгі ұрпаққа өшпес үлгі. Біз үшін бұл кісілер – парасаттылықтың символындай болған біртуар тұлғалар десек жөн болар.

«Жақсының аты өлмейді» демекші, қимас Тұрсынбек құдамыздың ақжарқын бейнесі мен мейірімге толы жүрегі біздің жадымызда мәңгі сақталады, салған сара жолы мен өнегесі әрқашан үлгі бола бермек. Тұрсекеңнің Алланың рақымы мен пайғамбарымыздың (с.ғ.с) шапағатына бөленуін тілейміз.

Ал, бүгінгі ұрпағы, бала-шағасы мен немере-шөберелеріне осынау текті әулеттің мерейін үстем етіп, амандықта болыңыздар демекпіз. Жұмаш анамыз әулеттің ақылшысы болып жүре берсін. Ұрпақ сабақтастығы мәңгі жалғаса бергей!

Сералы Тілегенов

ТҰРСЫНБЕК ҚҰДАМЫЗ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

Өмір жолында кездесетін адамдардың бәрі бірдей жүректе із қалдыра бермейді. Кейбір жандар өздерінің адамгершілігімен, кішіпейілдігімен, ақжарқын мінезімен көптің көңілінен орын алып, артында өшпес із қалдырады. Сондай азаматтардың бірі – біздің ардақты құдамыз Тұрсынбек еді.

Мен – Клара, Самал келінінің нағашы апасымын. Тұрсынбек құдамызбен құдалық жолымен танысып, араласып-сыйласып жүрген жылдарымда оның ерекше адам екенін анық байқадым. Алғаш көрген күннен-ақ байсалды мінезі, жылы жүзі, адамды бірден баурап алатын қарапайымдылығы көңіліме жақын болды.

Қазақ халқы «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді. Тұрсынбек құдамыз сондай мақтауға лайық жан еді. Ол кісі үлкенді құрметтеп, кішіні сыйлай білетін, әр адамға ілтипатпен қарайтын. Қай жерде жүрсе де асып-тасып сөйлемейтін, әр сөзін ойланып айтатын, салмақты азамат болатын. Сондықтан да оны ағайын-туыс, дос-жаран ғана емес, көрші-қолаң мен таныстары да ерекше құрметтейтін.

Самалдың әке-шешесі – Амангелді жездем мен Қамажай апам көзі тірісінде Астанада тұрғандықтан, мен Жезқазғандағы құдағи ретінде олардың отбасымен, құдаларымен жиі араластым. Амангелді жездем мен Қамажай апам да Тұрсынбек құдасымен өте жақсы сыйластықта, сырлас, сыйлы қарым-қатынаста болды. Өкінішке қарай, қазіргі таңда жездем де, апам да бұл дүниеде жоқ, олар да бақилық болды.

Сол кезде Тұрсынбек құдамыз бен Жұмаш құдағиымның маған көрсеткен құрметін ешқашан ұмытпаймын. «Үлкен құдағиымыз келді» деп ерекше ықылас танытып, төрден орын ұсынып, сый-құрмет көрсетіп отыратын. Бұл олардың адамға деген ықыласының, тәрбиесінің биіктігін көрсететін. Қазіргі заманда үлкен мен кішінің арасындағы сыйластық кейде сиреп бара жатқандай көрінеді. Ал Тұрсынбек құдамыз сол қазақы дәстүрді берік ұстанған, ағайындық пен құдалықтың қадірін жақсы түсінген жан еді.

Тұрсынбек құдамыздың тағы бір жақсы қасиеті – еңбекқорлығы болатын. Жаз мезгілі басталысымен саяжайға барып, мал ұстап, бақша егумен айналысатын, қол қусырып отырмайтын. Еңбектің қадірін білетін адам еді. Немерелерін қасына ертіп алып, табиғат аясында еңбекке баулып жүретін. Балалары мен немерелеріне өзінің ісімен үлгі көрсететін.

Біз кейде саяжайға барып, олардың қонағы болатынбыз. Сондай кездерде самаурын қойылып, шай қайнайтын. Балқаймақ қойылып, дастарқан басында ұзақ әңгіме айтылатын. Қазір сол күндерді сағынышпен еске аламын. Самаурынның будақтаған түтіні, немерелердің шат күлкісі, Тұрсынбек құдамыздың сабырлы әңгімесі – бәрі-бәрі көз алдымда. Өмірдің ең қымбат сәттері осындай қарапайым күндерде екенін кейін түсінеді екенсің.

Мен өзім Жезқазған қаласындағы базарда ет сатамын. Тұрсынбек құдамыз базарға келген сайын міндетті түрде іздеп келіп, амандасып кететін. Қанша асығыс болса да, сәлем бермей өтпейтін. Бұл оның адамға деген құрметінің белгісі еді. Кейде аз-кем әңгімелесіп, хал-жағдай сұрап

кететін. Осындай қарапайым қарым-қатынастың өзі адамның жүрегінде үлкен із қалдырады екен.

Қазір сол жақсы үрдісті баласы Манарбек жалғастырып жүр. Әкесі сияқты амандасып, ізет көрсетіп тұрады. Сондайда Тұрсынбек құдамыздың тәрбиесі есіме түседі. Шынында да, жақсы әкенің тәрбиесі баласынан көрінеді. «Әке көрген оқ жонар» деген сөз осындайда айтылса керек.

Тұрсынбек құдамыздың адамгершілігі мен қамқорлығы қиын-қыстау күндерде ерекше байқалатын. Менің жолдасым осыдан жиырма жыл бұрын өмірден өтті. Одан кейін бірнеше жылдан соң енем де қайтыс болды. Сол кезде Тұрсынбек құдамыздың көрсеткен жанашырлығы әлі күнге дейін жадымнан шықпайды. Енемнің жаназасына баруым керек болғанда, «Сені қалай жалғыз жібереміз?» деп, мені жалғыз аттандырмай, өзі бастап Жұмаш құдағиымды, күйеу балам Оразбекті және келіні Самалды ертіп, бәріміз бірге барған едік. Қыстың қақаған аязына қарамастан, менің қасымда болып, демеу көрсеткені оның кең жүректі, ойы терең, түсінігі мол азамат екенін тағы бір дәлелдегендей болды.

Менің төркінім Астана маңындағы Шалқар ауылында тұрады. Өз анам дүниеден өткенде де Тұрсынбек құдамыз бен Жұмаш құдағиым Сәтбаев қаласынан арнайы келіп, анамның жаназасына қатысып, алғашқы бейсенбісіне дейін қасымда болып, көңіл айтып, қайғымды бөлісті. Алыстан ат терлетіп келіп, маған сүйеу болған сол жақсылығын өмір бойы ұмытпаймын.

Анамның бірінші бейсенбісінде ауыл молдасы Құран оқып отырған кезде, дәстүр бойынша орамалға түйіп ақша

беріліп жатты. Сонда Тұрсынбек құдамыз: «Молдеке, Құран сатылмайды ғой», – деген еді. Молда: «Адамдар өздері береді, қоймайды», – дегенде, құдамыз: «Сіздер алғанды қойсаңыздар, бұл кісілер де бергенді қояды ғой», – деп ойын ашық жеткізді. Осы сөзінен оның дінге деген құрметі мен әділдікті бәрінен жоғары қоятыны көрініп тұрды.

Ақбота дүниеге келген кезде болған бір оқиға жадымда ерекше сақталып қалыпты. Қуанышты хабарды ести сала саяжайға барып, сүйінші сұраған едім. Сонда Тұрсынбек құдамыз маған бір қозы сыйлаған болатын. Сол кезде қатты қуанып, мәз болып едім. Бұл жерде мәселе қозыда емес еді. Оның артында үлкен көңіл, сыйластық, құдалыққа деген құрмет жатты. Қазақтың ежелден келе жатқан жақсы дәстүрін сақтап, қуанышты бірге бөлісе білетін кең пейілді жан екенін сол кезде тағы бір мәрте сезіндім.

Тұрсынбек құдамыз осындай көңілге бай, жомарт мінезді адам болатын. Адамның көңілін таба білетін, қуанышын бірге бөлісетін, жақсылығын аямайтын. Сондықтан да оны айналасындағы адамдар ерекше жақсы көріп, құрметтейтін.

Бірде Тұрсынбек құдамыз барлық құдаларды үйіне арнайы шақырып, шеке ас берген болатын. Сол күні бәріміз жиналып, дастарқан басында әдемі әңгіме-дүкен құрдық. Кейін ойласақ, ол құдамызбен бірге отырған соңғы үлкен отырысымыз екен. Сол жиында Тұрсынбек құдамыз орнынан тұрып, әр құдаға жеке-жеке жылы лебізін айтып шықты. Сонда: «Мен болмасам да, жұптарың жазылмай, бір үйдің құдасындай ғана емес, туысқандай болып сыйластықтарың үзілмесін», – деген еді. Бірақ сол

сөздерінің бізбен қоштасқандай жүрек сөзі екенін ол кезде ешқайсымыз аңғармаппыз.

Тұрсынбек құдамыз қажылық парызын өтеп келген қажы ата еді. Қажылыққа аттанарда барлық құдалар теміржол вокзалына барып, ақ жол тілеп шығарып салғанбыз. Ал, елге оралғанда таңғы сағат бесте пойыздан күтіп алып, бәріміз бірге Сәтбаевтағы үйіне барып шай ішкен едік. Қажылықтан әрқайсымызға құрма мен зәмзәм суын сыйлап, ақ батасын берген болатын. Бұл да оның жақындарын қадірлей білетін кең пейілді жан екенін көрсететін жарқын естеліктердің бірі болып қалды.

Жұмаш құдағи екеуінің арасындағы сыйластық та көпке үлгі болды. Бір-бірін түсініп, құрметтеп өмір сүрді. Балаларын тәрбиелеп, ұл-қыздарын өсіріп, өнегелі отбасының үлгісін көрсетті. Бүгінде олардың тәрбиесін көрген балалары мен немерелері сол жолды жалғастырып келеді.

Оразбек күйеу балам мен Самал сіңілімнің бүгінде Нұрлыбек атты ұлы мен Ақбота атты қызы өсіп келеді. Осы балаларға қарап отырып, екі әулеттің де тәрбиесі мен берекесін көремін.

Бүгін сол күндерді еске алғанда, көңілім толқиды. Өткен күндер қайта оралмаса да, сол бір сыйластыққа толы сәттер жүрегімде мәңгі сақталып қалды. Тұрсынбек құдамыздың адамдық болмысы мен жасаған жақсылықтары ұмытылмайды деп сенемін.

Өкінішке қарай, өмір мәңгі емес. Бүгінде Тұрсынбек құдамыз да, онымен қимас сыйлас болған Амангелді жездем мен Қамажай апам да арамызда жоқ. Бірақ жақсы адамдардың артында жақсы аты қалады екен. Олардың

жарқын жүзі, байыпты сөзі, кішіпейіл мінезі, көрсеткен құрметі мен сыйластығы жүрегімізде мәңгі сақталады. Кейде өткен күндерді еске алғанда, базарға келіп амандасқан сәттері, саяжайдағы шай үстіндегі әңгімелері, ақжарқын күлкісі көз алдыма келеді.

Тұрсынбек құдамыздың өмірден өткеніне қанша уақыт өтсе де, оны білетін жандардың жүрегіндегі орны ешқашан босамайды. Өйткені ол соңында дүние емес, жақсы ат пен жақсы естелік қалдырды. Бұл – адам үшін ең үлкен байлық.

Алла Тағала Тұрсынбек құдамыздың, Амангелді жездем мен Қамажай апамның жатқан жерлерін жайлы, топырақтарын торқа етсін. Имандары жолдас болып, жандары жәннатта шалқысын. Артында қалған Жұмаш құдағиымызға, балалары мен немерелеріне сабыр, амандық берсін.

Жақсының аты өлмейді. Тұрсынбек құдамыздың жарқын бейнесі біздің жүрегімізде әрдайым сақталады.

Ізгі құрметпен: Клара Әбдікәрімқызы,
Самалдың нағашы апасы,
Жезқазған қаласы.

ЖАҚСЫ БОЛСАҢ ЖЕРДЕЙ БОЛ...

(Тұрсынбек қажы Бұланбайұлының жарқын бейнесіне арналған естелік)

Жақсы болсаң жердей бол,
Бәрін шыдап көтерген;
Таза болсаң судай бол,
Бәрін жуып кетірген.

Жер - төзім мен кеңдіктің, сабыр мен мейірімнің бейнесі. Ол бәрін көтереді, ешкімді жатсынбайды. Су – тазалықтың, адалдықтың, жаңартушы күштің символы. Су кірді жуады, лайды кетіреді, сол сияқты Жақсы адамның сөзі де, ісі де айналасына жақсылық таратады.

Адам баласының иманды болуы отбасынан басталады. Ол үшін әке мен шешенің рөлі зор. Осы мәселеге де хақ дініміз аса жауапкершілікпен қарайды. Жастарды, яғни, өз ұрпағын имандылыққа тәрбиелеу негізі де отбасынан басталады. Отбасы дегеніміз – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Осындай үлгілі де өнегелі, тәлім- тәрбиесі жоғары, имандылық, ибалылық тәрбие алған отбасымен танысу, жақын туған-туыс болу, құда-жекжат атану - әр қазақ елінің, әр отбасының арманы. Осындай арманның орындалған күні - менің апам Самал мен жездем Оразбектің танысқан күні. Жайма-шуақ күндердің бірінде апам Самалдан тұрмысқа шығатыны жөнінде хабар келді. Естігенде отбасымызда үнсіздік, тыныштық, әрине уайым, ата-анамыздың көкейінде жауабы жоқ «Қызымыз қандай отбасына келін болады? Қайда бара жатыр? Қандай ел? Қандай жер?...» деген сұрақтар мазалауда. Әрине, бір

жағынан қуаныш та болды. Қуаныштың көз жасын да көрдік. Ата-анамыз дайындыққа кірісті. Түнде ұйқы, күндіз күлкі жоқ, қызу талқылау, той десе қазақ барын шашады ғой. Қазақтың дәстүрі бойынша құда түсу күні де жақындады. Біз қонақ келсе бар жиған-тергенімізді алдына қоямыз ғой. Дайындық күннен күнге қыза түсті, жоспарланған күнге де жеттік, ата-анамызда қобалжу, әрине, тұла-бойы тұңғыштары тұрмысқа шыққалы жатыр. Үйге тепсе темір үзетіндей бес ер азамат кіріп келді. Бірі ерекше көзге түскен еді. Басында ақ топысы бар, жүзінен нұр төгілген, құран оқитын қарияларға ұқсайтын үлкен ата келді деп біз мәз болып жүрміз. Сөйтсек, нағыз құда болатын кісі осы кісі екен. Ол кісі бүгінде осы естелікті жазардағы басты кейіпкер құдамыз Тұрсынбек қажы Бұланбайұлы болатын.

Сөйтіп арада күндер, айлар, жылдар өтті. Апа-жездеміз отау құрып, қазақтың салт-дәстүрімен той-томалақтарының бәрі өтіп, Ақмола облысы Целиноград ауданы Қараөткел ауылымен сол кездегі Жезқазған облысы Сәтбаев қаласы арасында дорбалар, жорғалар алмасып, құда-жекжат болып күндер өте берді.

Әрине, Тұрсынбек құда мен Жұмаш құдағидың біздің елге әр келгені той еді. Бірде «NIVA» көлігімен Шұбаркөл, Баршын елді мекені арқылы төте жолмен келе жатып, көлік артына жүк тасымалдайтын кішкене телешка тіркеп алған екен, ол телешкамен аяғы байланған қой әкеле жатып, жолдың ойлы-қырлы тұстарында тіркеме секіргенде, әлгі қой жолда түсіп қалыпты. Өздері біраз жол жүріп кетіп, Жұмаш құдағи көліктің артқы терезесінен қараса, қой жоқ, «Папасы, әлгі қой жоқ қой, түсіп қалған ба? Әлде аяғы

шешіліп секіріп кетті ме?» - деген екен. Құда көлікті тоқтатып қараса, қой жоқ, жүріп өткен жолмен кері айналып, артқа бірнеше шақырым жүрсе, қой жолдың ортасында көрінер-көрінбес болып жатыр екен деп, үйге келген соң бізге айтып, бір күліп алған едік.

Біздің ауылға Тұрсынбек құда мен Жұмаш құдағи келе жатыр десе біздің үйдің іші, көрші-қолаң бәрі қуанатын. Көршілер құданың ғибратты әңгімелерін тыңдауға асығатын. Біздің үйде абыр-сабыр, анам қазанын алып, ет асуға кірісетін, ол кісілердің сыбағасы үнемі тоңазытқышта сақтаулы болатын, бір жағынан бауырсақ қамырын дайындайтын. Тұрсынбек құда менің анамның пісірген ши бауырсағын жақсы көретін.

Ши бауырсақ таза жұмыртқадан иленетін, кішкентай-кішкентай етіп кесіп, майға салып пісіргенде үлкен болып көтеріліп, әр түрлі пішінде пісетін, ауызға салып жегенде үгітіліп тұратын. Тұрсынбек құда келгенде шай дастарханына алғаш тағамы болып осы ши бауырсақ қойылады. Кімде-кім жол түсіп Жезқазған, Сәтбаев қаласына бара қалса, күн-түн демей анам осы ши бауырсақты пісіріп, суытып, бірнеше пакеттерге салып, ішіндегі ең көп бауырсақ салынған пакетті құданың үйіне апарасың деп айтатын. Құданың үйіне барып амандасып, хал-жағдай сұрасқаннан кейін «Құдағи бауырсақ беріп жіберді ме?» - деп сұрайтын. «Иә» деп, бауырсақ салынған пакетті алып бергенде қуанып шай ішуге кірісетін.

Жақсы адамдармен өткізген әр күн, әр сағат, әр минут, әр секунд құнды ғой, қызыққа толы сәттер де өте көп. Құданың балажандығы да ерекше еді. Үйіміздің кенжесі Думан құданың келуін асыға күтетін. Көліктің дауысы

шықса, далаға жүгіріп шығып, алдынан тосатын. Себебі Тұрсынбек құда костюмінің төс қалтасынан «қызыл ақша» (бес мың теңге) суырып алып, Думанның қолына ұстататын. Думан мәз болып дүкенге жүгіргенде, құдамыз: «Баланың қуанғаны - менің қуанғаным», — деп риза кейіппен жымиятын.

Тағы да бір қызыққа толы керемет күндер есіме түсіп отыр. Бірде Тұрсынбек құда мен Жұмаш құдағи біздің ауылға келді. Дәстүр бойынша күтіп алып, демалып отырғанда, мен тыныш отырмай, «Сіздерді Астанаға апарып қыдыртайық» - дедім, менің анам бірден бас тартты, мен бармаймын деп. Құда мен құдағиды інім Еділханның көлігіне мінгізіп алып, Астанаға жол тарттық. Шатыспасам, 2013 жылы болса керек. Астана төрінде орналасқан «Астана-Бәйтерек» монументіне бардық. «Астана-Бәйтерек» монументіне барған кезде біраз жерлерді аралап жүріп, таныстырып, қызықтап жүрген едік, кенеттен құдағи «Папасы, мен шаршадым, аяқ та жүрмейді» - деді. Сонда құда тұрып, «Әй, шаршасаң ана арбаға мініп ал» - деді, адамдарды мінгізіп «Бәйтерек» монументін аралатып жүрген ат арбаны көрсетіп. Ол арбаны «Күйме» деп атайды екен. Содан біреуімен сөйлесіп, келісіп, құдағиды күймеге отырғызып, «Астана-Бәйтерек» монументін бірнеше рет аралап шықты. Астананың біраз жақсы жерлерін көріп, құда да құдағи да риза, жақсы көңіл-күймен үйге келген болатынбыз.

Айта берсек, қызықты кезеңдер өте көп. Тұрсынбек құда өте керемет адам еді. Осыдан бес жыл бұрын дүниеден озды. Естігенде қабырғамыз қайысып, қимастық болды. Тұрсынбек құдамыздың дүниеден өткеніне бес жыл өтсе де,

ол кісінің нұрлы бейнесі мен салиқалы сөзі көңіл төрінде сайрап тұр. Ол кісі басына тақиясын сәнмен киіп, жүрегіне иманды ұялатқан, айналасына шуақ шашқан асылдың сынығы еді. «Жақсы болсаң жердей бол» деген мақалға сай, баршамызды бауырына тартып, кеңдігімен тәнті еткен абзал жанның орны қашан да бөлек. Адам өлгенмен, артында қалған жақсы ісі мен мейірімге толы естеліктері өлмейді екен. Бүгінде апамыз Самал мен жездеміз Оразбектің түтіні түзу ұшып, ұрпақ өсіріп отырғаны - сол иманды отбасынан алған тәрбиенің жемісі. Біз ол кісіні тек құда деп емес, ақылшымыз, асқар тауымыз ретінде сағынышпен еске аламыз. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді халық даналығы. Тұрсынбек қажының жарқын бейнесі біздің жүрегімізде, балаларының ісінде, немерелерінің күлкісінде мәңгі жасай бермек. Жаны жәннатта, топырағы торқа болсын. Артында қалған Жұмаш құдағиымыз аман болып, үлкен бәйтерегіміздей жайқалып отыра берсін. Жақсы адамның ізі де, сөзі де — келер ұрпаққа сарқылмас қазына. Біз бақыттымыз, себебі біздің өмірімізде Тұрсынбек құдадай асыл адам болды.

Марал Амангелдіқызы

ҚҰДАЙ ҚОСҚАН ҚҰДАМЫЗ ЕДІ

«Құданы құдай қосады» дейді қазақ. 2002 жылдан бері біз осы әулетпен құда болып келеміз. Мен Тұрсынбек ағаның үлкен ұлының жұбайы Самалдың туған бөлесімін. Тұрсынбек аға өте жақсы адам еді. Бір сөзбен айтқанда – дана, шат көңілді, жылы естеліктер сыйлайтын жан. Ол кісі көп сөйлемейтін, адал ісімен, терең ақылымен, Жұмаш тәтем екеуі жеті баласына жақсы тәрбие беріп, үлгі болған жандар.

Бала кезімнен есімде, Жұмаш тәтем екеуі әрдайым жүздері жадырап, көңілді жүретін, бір-біріне тірек болып, бір-бірін үнсіз ұғып, жарасымды ғұмыр кешті. Ол кісілер менің ата-анаммен жақсы сыйласып, араласатын еді. Тұрсынбек аға мен Жұмаш тәтем алыстағы Сәтбаев қаласынан «Нива» көлігімен Астана өңіріне келіп тұрушы еді. Ол кезде Раушан анамның көзі тірі болатын. Анашым дастарханын жайып, аға мен тәтемнің жақсы көретін тағамдарын дайындап, ол кісілерді үлкен құрметпен қарсы алушы еді. Біз де отбасымызбен сол кісілердің шаңырағына қыдырып жиі барып тұрдық. Тұрсынбек аға менің әкеммен жақсы араласып, қалжыңдасып отырушы еді. Әкем ол кісіні әлі күнге дейін есіне алып отырады.

Шіркін-ай, өткен күндердің керемет сәттері, адамдары қайта оралмас, бірақ жүректе мәңгі сақталып, естелік болып қалады.

Өмірдің заңдылығы ғой, анамның дүниеден озғанына біршама жылдың жүзі болды, 2009 жылдан бері де біршама уақыт өтті. Осы аралықта көп нәрсе өзгерді, бірақ

жақсы адамдар жайлы жүректе сақталған естеліктердің өшпейтініне тағы бір мәрте көзім жетті.

Бірде осы отбасының үлкен ұлының шаңырағында қонақта болғанымда, Жұмаш апай маған алтын сақина сыйлады. Бұл сыйлықты олар анамның жарқын бейнесіне, оның жасаған жақсылықтарына, ақ ниетіне, адамдарға көрсеткен мейіріміне деген құрмет ретінде табыстады. Мені ерекше толқытқаны – арада қаншама жыл өтсе де, олардың анамды ұмытпағаны, оның жақсы істерін жылы лебізбен еске алғаны болды. Сол құрметтің белгісі ретінде маған алтын сақина сыйлады. Ол кісілердің анамның рухына деген құрметіне мен шексіз ризамын.

Шынымды айтсам, мен үшін ең құндысы – алтын сақинаның өзі емес еді. Сол сәтте барлық қонақтардың алдында көзіме жас келіп, толқып кеттім. Себебі, мен үшін ең үлкен сыйлық – олардың анам туралы айтқан жақсы сөздері, оған деген құрметі мен жылы естеліктері еді. Анамның соңында осындай жақсы естелік қалғаны мен үшін үлкен қуаныш болатын.

Тұрсынбек ағамыздың жатқан жері жарық, жәннаттың төрінде болғай. Жұмаш апамызға және барлық отбасына мықты денсаулық, ұзақ та бақытты өмір тілеймін.

Зухра Маратқызы Ганиева

ЖАДЫМЫЗДА САҚТАЛАТЫН ЖАНДАР

Жақсы адамдарды еске алу, олар жайлы естелік жазу да бір ғанибет. Тұрсынбек көкеміз біздің нағашы апамыз Жұмаш тәтемен отбасын құрып, үйлі-баранды болды. Өзіміздің әкеміздей ақылын айтып, бүкіл шаруаны шешіп, қызық-қуанышымызды бөлісіп, атсалысып жүретін. Өз отбасында да ұл-қыздарының бойына ұлағатын сіңіріп, үйдің берекесі, ұйытқысы бола білген тұлға. Ол кісі Сарысу ауылында ұзақ жылдар бойы бас мал дәрігері болып еңбек етті, нағыз өз ісінің білгір маманы болатын.

Тұрсынбек көкеміздің ағасы Дәнеке көкемізбен Сарысу асыл тұқымды қой зауыты дүрілдеп тұрған жылдары бірге еңбек еттік. Ол кісі майталман механизатор да бола білген адам еді. Трактордың ақауын дауысынан-ақ танитынын ауылдастары әлі күнге дейін айтады.

Кейіннен Дәнеке көкеміз механизаторлық жұмысты шопандыққа ауыстырып, ұзақ жылдар бойы екінші фермада қой бақты.

Дәкең көпшілік отырыстарда жақсы әңгімелер айтып, ел-жұртты күлдіріп отырушы еді. Біз де сол жылдары мал бағып, жаз жайлау, қыс қыстауда көрші отырдық. Ол кісі өте жайдары, сөзге шешен, көңілі кең адам болатын.

Иә, жақсы жандардың жадымызда сақталары анық. Олардың әрбір ісі кейінгі ұрпаққа өнеге бола бермек. Жандары жәннатта болғай!..

Қуаныш Қалыбекұлы

ЖҮРЕГІ ЖОМАРТ ЖАН ЕДІ

2026 жылғы қасиетті Рамазан айының алтыншы жұлдызында Оразбек бөлем маған телефон шалып, әкесі жайлы осы естелікті жазуыма себепші болды. Әкелері жайлы кітап шығаруға ниеттеніп жатыр екен.

Мен 1964 жылы 15 желтоқсанда Сарысу ауылында дүниеге келдім. Әкем Қалыбек осы ауылда бухгалтер болып еңбек етті. Анам Жұмакүл Әбдірқызы – батыр ана, үй шаруасымен, бала тәрбиесімен айналысқан жан. Үйде он екі бала болдық.

Мен бала кезімде нағашы әжем Сараның (Бибісара) қолында болғанмын, анам – Жұмакүл, Жұмаш тәтемнің туған апасы.

Жұмаш тәтем Тұрсынбек көкеме тұрмысқа шыққан жылы мені қолдарына алды. Нағашы әжем Сара да бізбен тұрды. Маған киім-кешек, қажетті дүниелердің бәрін Жұмаш тәтем сатып алып беретін. Мен осы кісілерге еркелеп, еркін өстім. Шіркін, балалық шақ!

Тұрсынбек көкеміз өте кең пейілді, мінезі жайдары, үлкенмен де, кішімен де әзілдесіп отыратын. Мен ес білген кезімде ол кісі Сарысу совхозының жұмысшы комитетін басқарушы еді. Кейіннен бас мал дәрігері қызметін атқарды.

Мен бөлелерімді жиі ойнатып тұратынмын. Тұрсынбек көкем жұмыстан үйге келген кезінде домбырасын қолына алып, бізге күй тартып беруші еді. Домбырада шебер ойнайтын. Кейбір күйлерді радио арқылы күйтабаққа (пластинка) ойнатып, өзі қайталап шертіп отыратын. Оразбек бес жасқа келген кезде көкем қайың ағаштан домбыра жасап, Оразбекке күй үйреткенін

көргенім бар. Тұрсынбек көкем мен Жұмаш тәтем қонаққа баратын болса, балаларды әжем екеумізге тастап кететін.

Күз мезгілінде аудан орталығында Сабан той, Қойшылар слеті болатын. Соған ауыл еңбеккерлері концертке дайындалып, сол шараны да көкем ұйымдастырушы еді. Өзі қобыз да тартатын, үйінің төрінде қобыз ілініп тұрушы еді. Ауыл өнерпаздары Алматыға концерт қойып, көкем сол концертте қобыз тартып, лауреат атанып та келген.

1983 жылы анам мені Шымкентке оқуға алып барды. Ол жақта жиен тәтем Жаһан тұратын. Сол жылы Қазақ химия-Технология институтына оқуға түстім. Мамандығым – инженер-технолог. Мен оқуымды бітірген соң, мені Саратовқа жұмысқа жіберді. Бір жылдан кейін көкеме елге қайтқым келеді деп өтініш айтып едім, ол кісі сол кездегі тұрмыстық комитеттің бастығы Ж.Ибадилдинге айтып, Жезқазған қаласындағы әкімшіліктің қасындағы ғимаратқа жұмысқа тұрғызды. Тұрсынбек көкем бізге әкеміздей қамқор еді ғой. Мен 1989 жылдан бастап 2021 жылға дейін Жезқазғандағы Құю-механика зауытының зертхана бөлімінде еңбек еттім.

1991 жылы жолдасым Болатқа тұрмысқа шығып, отбасылы болған соң да көкем-тәтемізбен жиі хабарласып тұрдық. Қазір Астана қаласында тұрамыз. Балаларымыз ер жеткен, немерелерімізбен бақытты ғұмыр кешіп жатқан жайымыз бар.

Бірде Майра бөлем хабарласты. «Әкеміз Меккеге қажылық сапарға баруға ниеттеніп жатыр еді, машинасын жөндеймін деп жүріп белін ауыртып алыпты. Сіздің үйде атаңыздан қалған таяқ бар ма?» - деді. Үйде Жүніс атамның

таяғы бар болатын, қызым екеуміз апарып бердік. Бір күні түнде Майра тағы телефон шалды. Әкесі Меккеде жүр екен. «Атаңызға құран бағыштап, таяқты Меккеге тастап кетсем қалай болады, мына жақта жердің бәрі мрамор, таяқ тайғанай береді» - депті әкесі. Бірақ мен қасиетті жерге барған таяқты ырымдап, үйге әкелгенін қаладым.

Иә, Тұрсынбек көкеміз туралы көп айтуға болады. Ол кісі өмірден өткенімен, істеген жақсылығы әлі күнге жадымызда. Шүкір, көкеміздің ұл-қыздары бүгінгі таңда бір-бір үй болып, ғибратты ғұмыр кешуде. Жұмаш тәтем немере-шөберелерінің қызығын көріп отыр. Алла баршасына ұзақ ғұмыр берсін дейміз.

Бақыт Қалыбекқызы

ҚАСИЕТ ҚОНҒАН ЖАН

Жақсы адамдар туралы сөз қозғау – үлкен бақыт. Ондайда жаныңыз жадырайды, жүрегіңізге жылылық ұялайды.

Тұрсынбек жездеміз бен Жұмаш апамыз – айналасына мейірімін төккен, жүрегі кең, бауырмал жандар еді. Тұрсынбек жездеміз қасиетті қажылық парызын өтеп, Мекке мен Мәдинаға барып келген, иманы берік, дінге жақын жан болатын. Олардың шаңырағы әрдайым жылылыққа толы еді. Туыстар бас қосқанда, жездеміздің әзіл-қалжыңы әңгімені қыздырып, бәрін күлкіге бөлейтін. «Менің әкем Германияда тұрады» деп қалжыңдайтын сөзі әлі күнге дейін ел есінде. Сол бір қарапайым әзілдерінің өзінен оның кең пейілі мен өмірге деген шуақты көзқарасы байқалатын. Жездеміздің бойында ерекше қасиет бар еді – емшілікке жақындығы сезілетін. Кейде үнсіз отырып-ақ қолынан шипа дарығандай әсер қалдыратын. Ал, шаңырағында қара сандықта жатқан қара қобызды қолына алғанда, оның үні жан-дүниеңізді тербеп, ерекше күйге бөлейтін. Сол қобыздың сарыны оның ішкі әлемінің тереңдігін аңғартқандай еді.

Сөзімнің басында айтып өткенімдей, мен Жұмаш апамыздың жақын інісі болып келемін. Байдәулеттен тараған Төбет әулеті – тарихы тереңге бойлаған, тамыры мықты, ұрпағы кеңге жайылған қасиетті әулет. Төбеттен Қазыбек, Балапан, Кішкентай тараса, Кішкентайдан Бердікен атамыз дүниеге келген. Бердікеннен Дөненбай, Ернияз, Бекнияз, Зайыр, Малшыбай тарайды. Әрқайсысы бір-бір бұтақ болып, үлкен әулеттің іргесін кеңейткен.

Жұмаш апамыз Ерниязdан тараса, біз Дөненбай атамыздың ұрпағымыз. Дөненбайдан Ақдәулет туып, одан Мұқан, Ахмет, Қалмағанбет, Нұржан және Ұлша апамыз дүниеге келген. Ахметтен Зікірия туып, одан Жұмабек, Жұмажан, Нұрғали, Айбек болып жалғасқан ұрпақ – бүгінгі күнге жеткен үлкен шежіре. Төбер ұрпақтарының ата қонысы – Жезқазған маңындағы Промышленный ауылынан 12 шақырым жердегі Бердікен атаның қорымы. Бұл жер жай ғана зират емес, ата-бабаларымыздың ізі қалған, тарихтың үнсіз куәсі болған киелі мекен. Жырықтан тараған Ерден атамыз болыс болып тұрған кезінде берілген осы өңірде аталарымыз қоныс теуіп, мал жайып, тіршілік етіп, тамырларын тереңге жайған. Бүгінде бұл жер – тарихы ғасырдан асып жатқан, ұрпақ тағзым ететін қасиетті орын. Біздің түбіміз де, тамырымыз да осы жерден бастау алады. Бердікеннен тараған Дөненбай, Ерниаз, Зайыр, Малшыбай әулеті – бірлігі бекем, бауырмалдығы жарасқан ел еді. Солардың ішінде Ерниязdан тараған Жұмаш апамыздың орны бөлек.

Мен, Жұмажан Зікірияұлы, алғаш рет сәждеге басымды қойып, намаз оқуға ниет еткенімде, маған жол көрсеткен ұстазым – осы Тұрсынбек жездем болды десем, артық айтқандық емес. Оның ақылы мен өнегесі менің өмірімде өшпес із қалдырды.

Жездеміз аққөңіл, ақжарқын, айналасына нұр шашқан жан еді. Оның әрбір ісі мен сөзі адамдарға жақсылық сыйлап тұратын.

Алла Тағала жездеміздің жанын жәннаттан қылып, тәнін рақатқа бөлесін. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Тіршілікте біліп немесе білмей істеген күнәлары

болса, Алла кешірсін. Артындағы ұрпақтарына таудай талап, бармақтай бақ беріп, екі дүниенің рахатын нәсіп етсін. Осындай асыл жандардың ғибратты өмірі – кейінгі ұрпаққа мәңгілік өнеге. Тамырымыз тереңде, тарихымыз бай, ендеше, өткенді ұмытпай, құрметтеу – біздің парызымыз.

Жұмажан Зікірияұлы, еңбек ардагері.

ЖАСТАРДЫ ИМАНДЫЛЫҚҚА ШАҚЫРДЫ

Тұрсекең ұзақ жылдар бойы Сарысу ауылында тұрды, сол жақта мал дәрігері болып еңбек етті. Ол кісі өз шаруасына мығым, абыройлы азамат еді. Кейіннен Сәтбаев қаласына көшіп келген жылдары Тұрсекеңді менің анам Балталы руының азаматтарымен таныстырып, содан кейін-ақ бәріміз жақын араласып кеттік.

Ол үйдегі Жұмаш жеңгеміз балаларына тәлім мен тәрбие берген алтын құрсақты ана. Балаларының бәрі де жоғарғы оқу орнын бітірген, бүгінгі таңда отбасылы.

Тұрсекеңнің үлкен баласы Оразбек үйленгенде менің ұлым Дастан мен оның досы Ерлан екеуі де Астанаға жолға шығып, келініміз Самалды алып келген болатын.

Тұрсекең ислам діні турасында да білімді кісі еді. Шама-шарқынша бес уақыт намазын қаза етпеді. Осы Сәтбаев қаласындағы Б.Балқыбайұлы атындағы орталық мешітте де біраз жыл еңбек етті. Кейіннен қажылыққа барып, мұсылманның бір парызын да өтеді. Қажылықтан келген кезінде ағайын-туысты жинап, құдайы ас берді, біз де сол дәмнен ауыз тидік.

Тағдырдың жазуы шығар, ұлым Дастан кісі қолынан қаза тапқанда інім Қозы-Көрпеш, Сартай көкеміз, Тұрсекең барлығы келіп, естірткен болатын. Қасірет-қайғыны бөлісудің өзі үлкен адамгершілік қой.

Тұрсекең шежіреге де жетік, арабша хат танитын кісі еді. Құран сүрелерін еш аудармасыз оқи беретін.

1998 жылы Беркімбай бабамызға ас бердік. Беркімбай бабамыздың бейіті Ұлытау ауданының Урожайный ауылының тұсында болатын. Сол жаққа Жезқазған, Сәтбаев

қалаларының, Ұлытау ауданының, іргеміздегі Сарысу ауылының Балталы руының азаматтары барып, киіз үй тігіп, құрбандық шалып, сол тұстағы Урожайный ауылының қарияларын шақырып, ас бердік. Балталыдан шыққан бабаларымыз жайлы жақсы әңгімелер айтылды, құран оқылды. Бұл бір үлкен тағылымды іс екендігі даусыз. Кейінгі жастар үшін осындай игі істерді Тұрсынбек ағамызбен бірлесіп атқардық.

Тұрсекеңнің домбырашылығы, күйшілігі тағы бар. Тіпті, қобыз да тартатын. Үйінде қобызы бар.

Тұрсекеңдей асыл азаматтың есімі ұмытылмақ емес, үнемі ел есінде, жұрт жадында жүре бермек.

Серік Байтоқов, ҚР ІІМ құрметті ардагері,
зейнеттегі полиция подполковнигі.

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕУЛІ

Сарысу ауылы – іргелі шаруашылық. Сол шаруашылықтың басы-қасында жүріп, еңбегімен елге танылған азаматтарымыз да жетерлік. Солардың бірі – Тұрсынбек Бұланбаев.

Тұрсекең жастайынан еңбекке араласты, кейіннен Целиноградтан мал дәрігерлік оқуын оқып келіп, совхоздың бас мал дәрігері болып еңбек етті. Совхозымыз мал шаруашылығымен айналысқан соң мал дәрігерлік қызметтің маңыздылығын өзіңіз-ақ шамалай беріңіз. Тұрсекең өз ісіне берілген, адал, сөзден гөрі еңбекпен етене жан еді. Ол кісі бас мал дәрігері боп еңбек еткен жылдары мал ауруының таралуы, бір-біріне жұғуы, малдың қырылуы дегенді естімедік. Бұл да Тұрсекең сияқты азаматтардың ерен еңбегі десек болатын шығар.

Ол кезде шарушылығымыз іргелі, сонау құмда да мал фермалары бар. Бірде бір топ колонна құмға қарай жолға шықтық. Қасымызда Әріп деген порторг бар. Әріптің әйелінің ұлты – орыс. Қырсық шалғанда, жол ортасында Тұрсынбектің «Газ-69» көлігі бұзылып қалмасын ба! Тұрсынбек мәшинесін шұқылап жатыр. Парторг Әріп «жолдан қалатын болдық» - деп асықтырады. Сонда Тұрсекең:

-Орыстан алғанның оңғаны жоқ. Соның зияны бізге тиіп жатыр, - деп, Әріпті сөзбен түйреп тастады. Елдің бәрі қыран-топан күлкі.

Тұрсекең имандылыққа ертерек бет бұрған, ислам діні жайында көкейіне түйгені мол азамат еді. Кейіннен Меккеге сапар шегіп, мұсылмандықтың бір парызын да өтеп қайтты.

Ол кісі кейіннен Сәтбаев қаласына қоныс аударған кезде қала жаққа барған елдің адамының бәрі дерлік сол үйге ат басын тірейтін. Тұрсекең мен Жұмаш үйіне келген адамның бәрін де төріне шығарып, қонақ қылатын, дастархандары кең, өнегелі отбасы еді.

Жұбайы Жұмаш мектепте мұғалім болып еңбек етті, бала-шағаларының бәрін де көркем мінезді етіп тәрбиеледі. Балаларының бәрі де бүгінгі таңда отбасылы, абыройлы еңбек етіп, ел ырысын еселеуде.

Иә, Тұрсынбектей болмысы бөлек азаматтың есімі ешқашан ұмытылмақ емес.

Сұлтанғазы Жандильдин

ӨНЕРІМЕН ӨРГЕ ЖҮЗДІ

Ауыл – алтын бесік. Осынау алтын бесігімізді аялай тербетіп, бүгінгідей дәрежеге жеткізген азаматтардың асыл өнегесі кейінгі ұрпаққа үлгі болса, келешегіміз де келбетті бола бермек. Біздің ауылдың тарихына үңілсеңіз, іргелі шаруашылық болуымыз үшін күні-түні аянбай еңбек еткен ерлеріміздің есімі көптеп саналады.

Біздің Сарысу асыл тұқымды қой заводы ауданның емес, Алматы қаласындағы Қазақ ғылыми-зерттеу институтының қарамағында болды. Ол кезде мал тұқымын асылдандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, нәтижесін Алматыдан ғалымдар келіп, тексеріп отыратын. Асыл тұқымды қозыларды, қошқарларды басқа аудандар тұқымдыққа сатып алушы еді.

Тұрсынбек Сарысу асыл тұқымды қой заводының бас мал дәрігері болып еңбек етті. Жұбайы Жұмаш сол ауылдағы орта мектепте биология пәнінің мұғалім болды. Екеуі де еңбекке адал, өнегелі отбасы атанды.

Тұрсынбек Сарысу ауылында жұмысшылар комитетінің төрағасы (рабочком) болып та еңбек етті. Ол уақытта түрлі мерекелерге байланысты концерттер жиі ұйымдастырылатын. Сонымен қатар аудандық шопандар тойында да ауылдың көркемөнерпаздар ұжымы өз өнерлерін көрсетіп, жүлделі орындар алып жүрді. Тұрсынбектің өзі де өнерден құралақан емес, күйші болатын, домбыра оркестрін де ұйымдастырды, өзі күй тартатын. Сол жылдары ауылдың бас инженері болып қызмет атқарған Әбеев Төкен деген кісі мандолин тартатын. Тұрсынбектің қобыз тартатын да өнері болды. Ауыл

өнерпаздарын түрлі байқауларға қатыстырып, ұйымдастырушылық шеберлігін көрсеткен Тұрсынбек ауылдың мәдени іс-шараларын жоғары деңгейге көтергендігін айта кеткен жөн. Бір жылдары ауыл өнерпаздары Алматыға концерт қойып, Тұрсынбек Бұланбайұлы сол концертте қобыз тартып, лауреат атанып та келген болатын.

Мен өзім де сол ауылда Халық депутаттары Сарысу селолық кеңесінің атқару комитетінің хатшысы болып қырық жылға жуық еңбек еттім. Талай жақсы азаматтармен қызметтес болдым. Сондай жаны таза, елі үшін еңбек еткен азаматтардың бірі – Тұрсынбек Бұланбаев еді дей келе, ол кісінің бейнесі ел есінде мәңгі сақталады деген ойдамын.

Бақыт Дүйсенбекова, еңбек ардагері,
Ұлытау ауданының Құрметті азаматы

ТАУ ТҰЛҒА

Тұрсынбек ақсақалдың отбасымен танысып-білісіп, етене араласқанымызға отыз жылдың жүзі болыпты. 1996 жылы Тұрсекеңнің ортаншы баласы Манарбекпен танысып, әңгіметіміз, әзіліміз жарасып, тай-құлындай тебісіп, достығымыз жарасып, жақсы араласып кеттік.

1999 жылы Сәтбаев қаласындағы №65 шахтаға жұмысқа орналастым. Сүр бойдақ жігіт кезім. Манарбек, Самат, Бейбіт, Нұрлан, Тілектес, Жангелді, араларында өзім де бармын, жеті жігіт тонның ішкі бауындай араласып, дос болдық. Менің де есімім – Манарбек, елдің бәрі мені «Макос» деп атайды.

Бір күні сәті түсіп, Манарбектің үйіне жиналдық. Төрде - Тұрсынбек ақсақал, жанында Жұмаш анамыз шәй құйып отыр. Сайдың тасындай өңшең сүр бойдақ жігіттер бірімізден соң біріміз жапырлай амандасып жатырмыз. Сол сәтте Тұрсекең:

-Әй, балам, қай елсің, танымадым ғой? – деді.

-Атым – Манарбек, руым – кіші жүз, Тамамын. Ералиев ауылынан болам, әкемнің аты - Өзіаман – деп жауап бердім.

Сонда Тұрсекең:

-Әй, сен өзіміздің балуан шолақ Өзіаманның баласы екенсің ғой – деп, құшақтап, бауырына басты.

Тұрсекеңмен менің әкем екеуі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында зооветтехникумда қатар оқыған екен. Өзіаман әкем Тұрсекеңдерден бір-екі курс төмен оқыса керек. «Балуан шолақ» дейтін себебі – әкем өмірге келген соң алты айлығында отқа құлап, сол қолын күйдіріп алған

екен. Содан ер жетіп, күреспен айналысқан, жалғыз қолымен-ақ екі дүркін спорт шебері атанған.

Алты айда отқа құлап, болдым молақ,
Атандым мен екінші Балуан шолақ.
Домбыра төгілдіріп тарта алмаймын,

Өкініш көкейімде жалғыз сол-ақ – деп, әкем марқұм қолының шолақтығын әнге қосатын. 1983 жылы Баянғали Әлімжанов «20 ғасырдың Балуан шолағы» деп, әкем жайлы деректі фильм түсірген.

Сөйтіп, ақыры не керек, жөн сұраса келе, менің әкем екеуі бірін-бірі танитын болып шықты. Сол күннен бастап мен осы үйдің баласындай боп кеттім. Жұмыстан шыға осы үйге келеміз. Манарбектің үйде бар-жоқтығы бізге маңызды емес. Сол жылдары бұл үйдің балаларының үлкені студент, кішілері мектепте оқитын. Осы үйдің жеті баласы бар, оның үстіне топырлап біз барамыз. Бірақ Тұрсынбек ақсақал мен Жұмаш анамыз қабақ шыту дегенді білмейтін, біз барғанда туған баласы келгендей қарсы алатын. Ұйқымызды қандырып, қарнымызды тойдырып, аунап-қунап, өз үйімізде жүргендей болушы едік. Сол пейілдеріне қарай Алла Тағала несібелерін де молынан беріп отыр. Ордалы отбасы болып, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, бүгінде Жұмаш анамыз немере, шөбере сүйіп отырған жайы бар.

2002 жылдың сәуір айы. «Тұрсекеңнің тұла бойы тұңғышы Оразбек үйленгелі жатыр, соған Астанаға жігіт жолдас болып баруың керек» - деген хабар алдым. Ол кезде ауылда еңбек демалысында едім. Содан не керек, 4-5 көлік болып, Астанаға жолға шықтық. Құдалар күтіп алды, өте жақсы адамдар екен. Сонымен той басталып кетті. Ол

жақты салты бойынша таң бозарып атпайынша келінді жібермейді екен. Таң атқанша ән салдық, биледік, жүрек жарды ақ тілектер айтылды, жөн-жоралғы жасалды. Сонымен таң ата үлкендердің батасын алып, Жезқазғанға қарай жолға шықтық. Аман-есен елге жетіп, келін ақ босағаны аттады. Тұрсынбек ақсақал мен Жұмаш анамыздың қуанышында шек жоқ. Осынау отбасының ұлдары тегіс аяқтанды, қыздары тұрмыс құрды, екі немересі отау көтерді. Осы қызық-қуаныштарының біреуінен де бізді қалдырған емес. Отыз жыл ішінде біз бұл шаңырақпен туыстай араласып кеттік.

Тұрсынбек ақсақал мен Жұмаш анамыздың ұл-қыздарын жоғарғы оқу орнында оқытуы, оларға берген тәлімі мен тәрбиесі – бір мектеп. Қыздары ибалы, инабатты, сымбатты, үлкенді сыйлай білетін қасиеті бір төбе. Ұлдары ақылды, көркем мінезді азаматтар болып ер жетті.

Манарбек досым мен Айнұр – қазіргі заманның Қыз Жібегі мен Төлегені, Қозы Көрпеші мен Баян сұлуы, махаббаттарына адал жұп. Ағайын-туысқа, достыққа өте адал, қамқор, қиналған жанға қол ұшын бергісі кеп тұратын жандар. Айнұрдай қызды оқытып, біздің Манарбекке беріп отырған Әбдірахмен әкеміз бен Орынбасар анамызға мың алғыс!

Міне, осы Манарбек пен Айнұрдың арқасында осындай ордалы отбасымен танысқаныма өте қуаныштымын. Иә, ер-азаматта дос та, жолдас та көп болады, бірақ соның бәрі бірдей жанашыр бола бермейді. Манарбек пен Айнұр - барыңа қуанып, жоғыңа жабырқайтын шынайы достар.

Осындай балаларды тәрбиелеп өсірген Тұрсынбек ақсақал мен Жұмаш анамыздың еңбегіне мың да бір алғыс дейміз. Жұмаш анамыздың ғұмыры ұзақ болып, ұл-қызығының қуанышы мен қызығына тоймай, аман-есен жүре берсін.

Тұрсынбек ақсақалдың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Тұрсекең – Балталының Ақтаңгері,
Сарысу – туып-өсіп, басқан жері.
Өмірден ерте кетті, амал нешік,
Е, Алла, жайлы болсын жатқан жері.

Алладан жеңіл болсын сұрағыңыз,
Жағылсын ортаңыздан шырағыңыз.
Дұғамен қабіріңіз нұрға толып,
Оқыған тие берсін құранымыз.

Әлі де тасып жатыр дәулетіңіз,
Базары тарқамаған сәулетіңіз.
Немере, шөберелер өмірге кеп,
Көбейе берсін әр кез әулетіңіз.

Манарбек Өзіаманұлы

ЖАН ДОСЫ ЕДІ ӘКЕМНІҢ

Тұрсынбек көкем – менің әкемнің немере бауыры, құрдасы, сырласы, өмір бойы сыйласып өткен жан досы еді. Екеуінің арасындағы сыйластық пен бауырмалдықты көріп өскен біз үшін олардың достығы үлкен өнеге болды. Олар бір-бірін туған бауырдай көретін. Қуанышта да, қиындықта да қатар жүрген жандар еді.

Тұрсынбек көкем өте көпшіл, әзілқой, ақ жарқын адам болатын. Қай ортаға барса да айналасына күлкі сыйлап, адамдарды өзіне тартып тұратын ерекше қасиеті бар еді. Сол мінезі мен қарапайымдылығының арқасында елге сыйлы болды. Шежіре жазып, молдалық қызмет атқарып, ағайынның бірлігіне үлес қосқан азамат ретінде де жұртшылықтың құрметіне бөленді.

Бала күнімнен есімде қалған бір қызық оқиға бар. Шамамен он жасар кезімде Тұрсынбек көкем Сәтбаев қаласынан ауылға автобуспен келетін. Бір келгенінде жолдағы бір қызық жағдайды айтып беріп, бәрімізді күлдіргені бар. «Автобуста бір қыз отыр екен, қарап отырсам, аузынан бірдеңе дәу болып шығады да, кенеттен жоқ боп кетеді. Тағы шығады, тағы жоқ боп кетеді. Мен аңтаң болып қарап отырдым» - деп, өзі қолымен көрсетіп, әлгі көріністі айнытпай салып беретін. Кейін оның сағыз шайнап отырғанын түсінгенін айтып, өзі де қарқылдап күліп, бізді де күлкіге қарық қылатын. Сол сәттегі көкемнің қимыл-қозғалысы мен әңгіме айту мәнері күні бүгінге дейін көз алдымда тұр. Осындай қарапайым дүниенің өзінен күлкі тауып, айналасына қуаныш сыйлай білетін адам еді.

Мен үшін Тұрсынбек көкемнің ең үлкен адамгершілік қасиеті – достыққа адалдығы болатын. Әкем ауыр науқасқа шалдыққан кезде осыны анық көрдім. Әкем кейде:

-Әлгі Тұрсынбек қайда? Неге келмейді? Тамырымды ұстамай ма? – деп, іздеп отыратын. Бұл сөздер олардың арасындағы терең достықтың белгісі еді. Өзі сырқаттанып жүрсе де, қан қысымы көтеріліп қиналса да, Тұрсынбек көкем әкеме арнайы келетін. Қолына шұбатын алып, бесінші қабатқа көтеріліп, қасында ұзақ отырып кететін. Екеуі өткен-кеткенді айтып, жастық шақтарын еске алып, ағайынның жағдайын сөз етіп, сағаттап әңгімелесетін. Кейде екі-үш сағат отырып қалатын. Сондай кезде әкемнің көңілі көтеріліп, жүзі жадырап кететін. Науқас адамға дәріден бұрын жылы сөз бен жақын адамның көңілі керек дейді ғой. Тұрсынбек көкем әкеме дәл сондай рухани демеу болды. Олардың достығы бір күннің немесе бір жылдың достығы емес еді. Бұл бала кезден басталып, өмірдің талай белесінен бірге өткен достық болатын. Бір-бірінің қуанышына қуанып, қайғысына ортақтасып, қиындықта сүйеніш болған жандар еді. Сондықтан әкемнің Тұрсынбек көкемді ерекше күтіп отыратындығы да заңдылық дер едім.

Бүгінде ойласам, сондай жандардың қадірін уақыт өткен сайын тереңірек түсінеді екенсің. Қазір екеуі де бұл дүниеде жоқ. Әкем де, Тұрсынбек көкем де бақилық болды. Бірақ олардың артында жақсы аты, өнегелі жолы, тәрбиелі ұрпағы қалды. Тұрсынбек көкем көп баланың ардақты әкесі болды. Балаларын адалдыққа, еңбекқорлыққа, адамгершілікке тәрбиеледі. Қыздарын қияға қондырып, ұлдарын ұяға ұйытып, үлкен әулеттің берекесін қалыптастырды. Бүгінде сол әулет өсіп-өркендеп, немере-шөберелерінің қызығын көріп отыр. Бұл – әкенің өмірдегі

ең үлкен жеңісі. Көкемнің қызы Майра – менің құрдасым әрі сырласым. Бүгінде біз әкелеріміздің қалған достық пен туыстықтың жалғасы болып келеміз. Бір-біріміздің қуаныштарымызға ортақтасып, жақсы күндерде бірге болып жүрміз. Әкелеріміздің сыйластығы бізге де өнеге болды.

Тұрсынбек көкемнің өмір жолын ойласам, ең алдымен бауырмалдық, адамгершілік, кеңпейілдік қасиеттері көз алдыма келеді. Ол кісі ешкімді жат көрмейтін, қолынан келген көмегін аямайтын, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін жан еді. Осындай қасиеттері үшін ел-жұрт көкемді сыйлады, ағайын құрметтеді.

Тұрсынбек көкемнің өмір жолын айтқанда, оның жан жары Жұмаш анамыздың орны ерекше екендігін айта кеткеніміз жөн. Көкем мен Жұмаш анамыз - бір шаңырақта түтін түтетіп, өмірдің ыстығы мен суығын бірге көтерген жандар. Көкемнің елге сыйлы азамат, абыройлы әке атануында Жұмаш анамыздың да еңбегі зор. Ұрпағын тәрбиелеп, отбасының берекесін кіргізіп, ағайын-туысты ұйыстыра білген ардақты ана бүгінде үлкен әулеттің ақылшысы болып отыр.

Адам бұл дүниеден өткенімен, оның жақсы ісі мен жарқын бейнесі халық жадында қалады. Тұрсынбек көкем де сондай жандардың бірі. Оның ақжарқын күлкісі, әзілге толы әңгімелері, достыққа адалдығы, ағайынға деген жанашырлығы бізбен бірге мәңгі жасай береді. Көкеміздің жатқан жері жарық, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын. Артында қалған ұрпағы аман болып, әулетінің мерейі әрдайым үстем болғай!

Қалдықүл Жартыбаева

ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ

Әкемнің көзінің ағы мен қарасындай жалғыз інісі Тұрсынбек көкем дегенде әкемді еске алғандай боламын. Көкем әңгімешіл, әзілқой, қай ортада болса да өзін еркін ұстай отырып, әр адамның көңіл күйін дөп басып, жақсы отырыстарға себеп болатын. Ол кісінің отырған жері кішігірім той-думан еді, әдемі әзілімен бәрін күлдіріп, көңілді отыратын еді, сол сәттерді ағайын-туыс, көкемнің құда-жекжаты жиі еске алады. Құдаларын құдайдай күтетін, құрдасындай сырласатын еді, сол құдалар қазір де «Тұрсекең болғанда ғой, ол кісі былай деп еді» - деп сағынып отырады.

Әкем өмірден өткен соң мен көкемнің үйіне бара қалсам, «Ә, келдің бе?» деп қатты қуанып қалатын, мейірімге толы үнінен әкемнің даусын естігендей болушы едім.

Бала кезден есімде қалғаны - көкем алыста, фермаларда жұмыста болатын еді, апам (шешесі) ылғи тәтті-дәмдісін сақтап, күтіп жүретін. Ол кезде тым кішкентай едім, бірақ сол кездердегі сән үлгісі шығар деп ойлаймын, ол кісі китель сияқты кәстөм мен галифе шалбар киетін, үйде болғанда ол кісі есеп шотымен тарс-тарс еткізіп есептеп, көп қағаз жазып отыратын еді, сонда апам бөлмесіне кіріп, ыстық сүт апарып беретіні де есімде. Шешем ол кісінің атын атамай, «Мырза жігіт» деуші еді, қатты сыйлайтын.

Көкем Сарысу совхозының дамуына үлкен үлес қосқан тұлғалардың бірі еді, есімде қалғаны - Алматыдан өздері «Амантай наук» деп атайтын бір кісі және тағы аты

есімде жоқ, көп ғалымдар келетін. Олар зертханаларда жұмыс жасады, сол совхозда қой тұқымын асылдандыруда көкеммен бірге көп шаруалар атқарыпты. Көкем сол мал шаруашылығында мал дәрігерінен бастап жұмыс жасап, басшылық қызметтер де атқарды.

Естуімізше, көкемнің нағашысы Әбіл бақсы, балгер, молда, сыныкшы болыпты дейтін, Бұланбай атамыз соғысқа кеткенде Әбіл молда екі жиенін бағып, көп көмек берген екен, сол нағашысынан берілген қасиет болса керек, көкем анау-мынау сынықтарды сала беретін, сылап-сипау, сынғанды, шыққанды орнына салып, талай жанға көмек берді. Қобызбен күй тартатын, домбыра шертетін де қасиеті бар еді. Арабша жақсы білетін және шежірешіл адам болатын.

Ойлап отырсам, ол кісінің менмендігі жоқ, мен көп білем демей, сұрағанға көмек беріпті, өмірде көрген-түйгені көп, бәрімізге ақылшы адам еді. Қажылыққа барып келген, діндар, айтар өсиеті, тәрбиесі көп жан еді. Жұбайы Жұмаш тәтем екеуі өнегелі өмір сүрді. Тәтем екеуі жеті бала тәрбиелеп, бәрін де жоғары оқу орындарында оқытты. Олардың ішінде әр саладағы мамандық иелері, мұғалім де, кенші де бар, бір қызы Майра – дәрігер, басқа балалары да түрлі салаларда еңбек етуде, бәрі де отбасылы.

Көкем көбіне сыртта, жұмыста болды, бала тәрбиесімен тәтем айналысты. Ол кісі ұлағатты ұстаз, талай мықты шәкірттер тәрбиелеп, солардан алғыс алған адам. Бала тәрбиесін үйренсең тәтемнен үйрен дер едім, балалары, немерелері бірін-бірі ағам-ау, көкем, апатайым деп отырады. Тәтем келіндері Самал, Айнұр, Әсемдерді тәрбиелеп, білмегендерін үйретіп отырды, олардың бәрі де

қазір ұлағатты отбасылар. Бір барғанда көргенім, кішкене тәттінің өзін үйдегі немерелері шетінен бөліп, ағама қойдым деп, басқа үйдегі бауырына қалдырып жатқаны, ал барлығын сондай бауырмалдылыққа баулып отырған үлкен қазынамыз - осы тәтем. Қазіргі таңда тәтем кіші баласы Болатпен, келіні Әсеммен тұрады, біздің асыл қазынамыз, ақыл айтар ақылшымыз да осы алтын жан. Көкем мен тәтем бір-бірін түсініп, қолдап, бақытты ғұмыр кешті, соның арқасында үлгілі отбасы бола білді. Мен олармен мақтанамын.

Гүлбану Дәнекеқызы Бұланбаева

ӨНЕГЕСІ ӨМІРШЕҢ

Көкем!

Бұл есім біздің үйдің балалары үшін парасаттылықтың, биіктіктің өлшемі секілді болатын. Ол кісіге сәлем беру, айтқанын тыңдау, қасында жүрудің өзі үлкен дәрежедей көрінетін.

Көкем деп отырғаным - әкемнің артынан ерген жалғыз бауыры Тұрсынбек. Аға мен інінің арасындағы сыйластық, жанашырлық біздер үшін үлкен үлгі болды. Әкелеріміз бір-бірін ұзақ уақыт көрмесе, сағынысып қауышатын. Көкем үйге келген күн біз үшін мереке еді ғой. Ол күні міндетті түрде қой сойылады. Төрге жайылған көрпе үстінде әкелеріміз арқа-жарқа болып әңгіме шертетін, оны тыңдауға құштар едік. Ол кісілер тарих, әдебиет, ислам діні жайлы көптеген әңгіме айтатын.

Иә, балалық шақтары Ұлы Отан соғысы тұсына дөп келіп, әкелері 1941 жылдың соңында майданға аттанған, ішер ас, киер киімге зарығып өскен ұрпақтың мұңы айтпаса да түсінікті. Ол отты жылдар қай шаңыраққа оңай болды дейсіз? Сондай қиындықты бірге өткерген, еңбекке ерте араласқан жандардың жанындағы жараны бала да болсақ сезініп өстік. Ол кісілердің арасындағы сыйластық екі үйдің балаларының егіз қозыдай араласуына да үлкен жол ашты, өзім Оразбек, Манарбектермен бірге ойнап өстім. Сол кездер керемет еді ғой.

Тоқсаныншы жылдардың басы. Сол кездері көкем Сарысу ауылында бас мал дәрігері болып еңбек етті. Менің мектепте оқитын кезім, көкем мені қасынан тастамай, үнемі ертіп жүретін. Ұжымның берген «Газ-53» маркалы

көлігімен біз талай ауылдарды араладық. Көкемнің отбасы ол кезде Сәтбаев қаласында тұратын, әлгі көлікпен қалаға да барып қайтып жүрдік. Қай жерге, қай ауылға барсақ та көкемді құрақ ұшып қарсы алатын. Оған мен де мәзбін. Әлгі көліктің стартері жөнді істемейтін, көкем рульде отырады, мен рукояткімен бұрап, гүр еткізетінмін. Сол тұста 6-7 сынып оқитын баламын. Жаз мезгілінде көкем екеуміз Сарысу өзенінің «Жайынды қара су» аталатын тұсына балық аулауға жиі шығып тұрдық. Мен жалтырауық қармақпен (спиннинг) шортан аулаймын. Ол кезде балық көп еді, лақтырған сайын шортан алған кездерім әлі есімде. Көкем үлкен шелекке шортандарды жинап, салып тұратын. Кейде Манарбек те жазда ауылға келетін, балыққа бірге баратынбыз.

Көкемнің машинасының бортында 200 литрлік бөшке болатын, жанармайдың қоры үзілмеуші еді. Жолда көліктің бензині бітіп қалса, мен бортқа қарғып шығып, бөшкені ашып, ішіне шланганы сүңгітіп жіберем, әп-сәтте бакқа бензинді толтырып алатынбыз.

Ол кездері әкей мал бағады, жазда қырқаны жайлайтын. Кейде түс ауа, ыстық қайтқан кезде көкем екеуміз жайлауға тартып кететінбіз. Біз ауылға жетісімен мал сойылатын, әкелеріміз көлеңкеге киіз төсетіп, салқын қымыздан сіміре отырып әңгіме шертуші еді.

Көкем қаладағы үйіне мал ұстады, сол малдың бабымен кейде Түйемойнақ жағындағы шөпшілерге барып, шөп алатынбыз. Шөпшілердің қосы, қаптаған тракторлар әлі де есімде. Түскі астан кейін шөпшілер қауын-қарбызбен сусындайды екен, одан да талай мәрте ауыз тидік.

Көкем өнер десе ішкен асын жерге қоятын жан еді. Теледидардан айтыс көрсетсе, орнынан тұра салып жақындап отырып тыңдайтын. Өзі де өнерден құралақан емес, керемет күйші еді. Домбыра мен қобызды шебер тартатын көкеміздің балалары да күй тарта біледі. Бәрі де көкеміз бен ол кісінің жұбайы Жұмаш анамыздың тәрбиесі ғой.

Иә, біздің көкеміздің алған өнегеміз өте көп. Ол кісінің көзін көрген ағайынның да айтары – көкеміздің жақсылығы. «Жақсының аты өлмейді» дейді данагөй қазақ. Рас сөз. Ондай жанның есімі мәңгілік ел есінде, жұрт жадында болмақ. Жаныңыз жәннатта болсын, көке!..

Дәуренбек Бұланбаев, ақын,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

МЕНІҢ ӘКЕМ – ТІРЕГІМ

Әке...

Әр адамның өміріндегі ең қадірлі, ең биік тұлға да осы болар, сірә. Мен үшін әкем тек қана ата-ана емес, ол ақылшы, қамқоршы, жанашыр дос және өмір жолын көрсеткен шамшырақ.

Мен кішкентай кезімнен бастап, әкемнің еңбекқорлығын көріп өстім. Ол әрқашан «Адал еңбек адамды биікке жеткізеді» - деп айтып отыратын. Әкемнің осы сөздері менің өмірлік ұстанымыма айналды. Ол біз үшін таңнан кешке дейін тынбай еңбек етсе де, үйге келгенде жүзінен мейірім мен шуақ төгіліп тұратын.

Әкем 1940 жылы дүниеге келіпті. Әкемнің балалық шағы Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келген екен. Соғыс басталған жылы әкем небары бір жастағы сәби болса керек. Әкесі Бұланбай 1941 жылдың аяғында қан майданға аттанады. Содан әкем мен оның ағасы Дәнеке көкеміз екеуі әке мейірімін көріп үлгермей, анасы Шолпанның қолында соғыстың ауыртпалығын сезініп өседі. Әкемнің балалық шағындағы тірегі де, қамқоршысы да болған – ағасы Дәнеке. Кейін екеуі иық тіресе еңбек етіп, қиын-қыстау заманда анасы үшеуі ел қатарлы өмір сүру үшін жастайынан бейнет кешкен.

Әкем 1949-1959 жылдары ауыл мектебінен білім алған. 1959-1962 жылдар аралығында Қарқаралы зооветеринарлық техникумында білім алып, зооветтехник мамандығы бойынша Сарысу ауылындағы №1 фермаға мал дәрігері болып жұмысқа орналасады. 1970 жылы Жезқазғандағы «Бетбақ дала» охотпромхозында ветеринар

мал дәрігері болып жұмыс жасайды. 1971 жылы қайтадан Сарысу совхозының №1 фермасына ветеринар-техник болып жұмысқа орналасады. 1975 жылы Сарысу совхозының жұмысшылар комитетінің төрағасы (рабочком) болып сайланады. 1977 жылы Сарысу асыл тұқымды қой зауытының бас мал дәрігері болып тағайындалады. 1979 жылы еңбек ете жүріп, Целинаград ауылшаруашылық институтына оқуға түсіп, оны 1985 жылы аяқтайды. 1986 жылы Жезді ауданының XXIII партсъезд совхозына бас зоотехник болып тағайындалады. 1989 жылы балаларды оқыту үшін Сәтбаев қаласына қоныс аударады. Сол жылдан бастап 1992 жылға дейін Сәтбаев қаласындағы ЖКХ кәсіпорнында жұмыс атқарды. 1992 жылы Жезді аудандық Райпотребсоюзында шикізат дайындаушы (заготовитель) болып қызмет атқарды. 1993 жылы Сарысу ауылында мал дәрігері қызметін атқарды. 1994 жылы совхоз тарап, «Қамқор» атты шағын кәсіпорын ашып, мал шаруашылығымен айналысады. 1996 жылы Сәтбаев қаласындағы жолаушылар тасымалдайтын кәсіпорнында (СПАТП) темір ұстасы болып жұмыс істейді. Сол жерде 2000 жылдарға дейін қызмет атқарды. 2002 жылдан бастап Сәтбаев қалалық Мұсылмандар мешітінде есепші болып еңбек етті. Сол жерде жүріп зейнеткерлікке шықты, сонда да жұмысын тастаған жоқ. 2008 жылы әкеміз үлкен қажылыққа барып, мұсылмандық парызын өтеп, қажы атанып елге оралды.

Әкем жұбайы Жұмаш Әбдірқызымен 1974 жылы шаңырақ көтерген екен. Екеуі еңбек ете жүріп, жеті бала тәрбиелеп өсірді. Анамыз Жұмаш Әбдірқызы 1949 жылы «Қызыл әскер» ауылында дүниеге келген. Руы – Найман –

Бағаналы – Байдәулет – Төбет. 1956 жылы Жезқазған поселкесіндегі №7 мектепке барып, 1966 жылы аттестат алып шығады. 1967 жылы Қарағанды педагогикалық институтына оқуға түсіп, оны 1973 жылы «Биология пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша ойдағыдай аяқтайды. 1973-1986 жылдар аралығында Сарысу ауылындағы №7 қазақ орта мектебінде мұғалім болып қызмет атқарады. 1986-1989 жылдар аралығында XXIII партсъезд совхозындағы №8 Борсеңгір қазақ орта мектебінде мұғалім болып еңбек етеді. 1989 жылдан бастап Сәтбаев қаласындағы №1 орта мектепте зейнеткерлік жасқа жеткенше жұмыс істейді.

Анамыз - «Күміс алқа» және «Алтын алқа» иегері. Әкем екеуі мәпелеп өсірген жеті баласын оқытып-тоқытып, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды, бәрі де жоғары білімді.

Тоқырау жылдарын елдің бәрі де біледі ғой, сол кездегі қиындықтарға қарамастан ата-анамыз біздер үшін барлық жағдайды жасады.

Балалары жайлы айтсақ, үйдің үлкені – мен, Оразбек Тұрсынбекұлы, Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған Университетін тәмамдағанмын. Сәтбаев қаласында тұрамын. 1992 жылдан бері «Қазақмыс» корпорациясында еңбек етудемін. Қазіргі кезде № 67-70 кеніштерде электрик маманымын. Жолдасым Самал Амангелдіқызы да ЖезУ-дің түлегі. Бүгінгі таңда Сәтбаев қаласындағы №16 орта мектепте мұғалім, басшының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары болып еңбек етеді. Ұлым Нұрлыбек Оразбекұлы - Ә.Сағынов атындағы Қарағанды политехникалық Университетінің түлегі, қазіргі уақытта Жезқазған қаласындағы «Қазақ Газ Аймақ» кәсіпорнында еңбек етеді. Қызым Ақбота Қарағанды қаласында тұрады.

Тұрмыста, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды политехникалық Университетінде оқиды. Күйеу балам Сұлтан «Нұрқазған» кенішінде бұрғылаушы болып еңбек етеді. Жиен немереміз бар.

Менен кейінгі қарындасым Майра Жезқазған қаласында тұрады. Қарағанды медицина институтының стоматология факультетін бітірген. Мамандығы – стоматолог. Күйеу баламыз Алмас Әлімбекұлы Ұлытау облыстық әкімшілігінде қызмет атқарады. Ұлдары Абай өсіп келеді.

Інім Манарбек Тұрсынбекұлы - ЖезУ-дің түлегі, энергетик. Ол да 2000 жылдан бері «Қазақмыс» корпорациясында еңбек етуде. Қазіргі таңда № 67-70 Батыс кенішінде энергетик қызметін атқаруда. Келініміз Айнұр Әбдірахманқызы салық саласында еңбек етуде. Манарбек пен Айнұр келініміз төрт бала тәрбиелеуде. Ұлы Бекзат Манарбекұлы КЕГОК-та энергетик, үйленген, баласы бар. Барлығы Сәтбаев қаласында тұрады.

Одан кейінгі қарындасым – Мадина Тұрсынбекқызы, ол да ЖезУ-дің түлегі, тау-кен механика шебері. Мадина Анненск кенішінде еңбек етеді. Күйеу баламыз Медет Сәрсенбайұлы – энергетик. Ол да Анненск кенішінде монтаж учаскесінің басшысы болып жұмыс істейді. Медет пен Мадина – төрт баланың ата-анасы, Сәтбаев қаласында тұрады.

Одан кейінгі қарындасым – Фарида Тұрсынбекқызы. Фарида Астана қаласында тұрады, «Қазақмыс» корпорациясының жобалау институтында қызмет атқарады.

Содан кейін қара шаңырақта отырған ең кіші інім – Болат Тұрсынбекұлы. Ол да «Қазақмыс» корпорациясында

«Жыланды-Сарыоба» кенішінде еңбек етеді. Келініміз Әсем Сарыбайқызы – мұғалім. Болат пен Әсем келініміз төрт бала тәрбиелеуде. Анамыз осы кенже ұлының қолында.

Үйдің кенжесі – қарындасым Ақерке Тұрсынбекқызы. Ақерке Қарағанды қаласында тұрады. Тұрмыста. Қарағанды политехникалық колледжінде мұғалім болып еңбек етеді. Күйеу баламыз Мадияр Сералыұлы Нұрқазған кенішінде бұрғылаушы болып қызмет атқарады. Мадияр мен Ақерке үш бала тәрбиелеп отыр.

Ұрпағымен мың жасағыр әкеміз өнерлі адам еді. Домбыра мен қобызда шебер ойнайтын. Әсіресе домбырамен күй тартқанына таң қалатынбыз, ешқандай нотасыз, құлаққа не келеді, соны домбыраға, қобызға салып тарта беретін. Той-думандарда домбырамен күй тартушы еді. Әлі есімде, Сарысудағы үйде және нағашы әжемнің үйінде сырты ағаш, лакталған үлкен радиола болатын. Әлгі радионың екінші жағы пластинка ойнатқыш (проигрыватель), соны қосып алып, неше түрлі пластинкаларды тыңдаушы едік. Үйде неше түрлі күй пластинкалары, қаншама қазақ оркестрларының туындылары, шетел және совет эстрадасының пластинкалары көп болатын. Мен сол балалық шағымнан бастап домбыраға әуес болып өстім. Үш-төрт жасымда әкем ағаштан ойып, кішкентай домбыра жасап берді. Ол домбыра бертінге дейін сақталды. Сол домбырамен күй тартуды бастадым.

Әкем нота білмейтін, бірақ есте сақтау қабілеті керемет дамыған. Бір естіген күйді қайта тартып беретін. Үйде ескі қыл қобыз да бар болатын, екі ішекті, ішектері

жылқының қылынан жасалған. Ол қобыз әлі де бар, қара шаңырақта сақтаулы. Кейіннен әкем қобыз тартуды да үйретті. Содан ептеп қобыз тартатыным да бар. Негізінен домбыраға бейім болдым. Ең бірінші тартқаным – «Кеңес» күйі болса керек. Ол күйді әзілдеп «Нәң-нәң» дейтінбіз. Одан кейін әкем маған «Жастар», «Балбырауын», «Ерке сылқым», «Көрұғлы», тағы да басқа күйлерді үйретті. «Балбырауын» демекші, сол күймен аудандық шопандар тойына Сарысу асыл тұқымды қой заводы атынан қатысып, жүлделі орын алғаным бар. Сол кездегі жасым бесте екен. Домбырам өзімнен үлкен, содан өзім бір орындыққа отырып, қасымдағы екінші орындыққа домбырамды тіреп қойып күй тартқан екенмін. Сол тойдағы күй жарысынан жүлдеге бес метрлік кілем ұтып алыппын. Сол кілем әлі күнге дейін бар, қара шаңырақта сақтаулы. Тойларда, үйге қонақ келсе, мен кішкентаймын ғой, соны қызық көре ме, маған күй тартқызатын. Үйге қонақ та көп келуші еді. Сарысудағы үйіміз контордың дәл алдында болды ғой, сосын да шығар, көшедегі адамның бәрі біздің үйге соқпай, дәм ауыз тимей кетпейтін. Анам айтып отырады, әкеміз кәсіподақ жұмысшы комитетінде (рабочком) жұмыс істеген кезінде ауылға концерт қоюға неше түрлі ансамбльдер, әнші-бишілер көп келеді екен. Солардың бәрі біздің үйден дәм татқан. Шешем, қасында Бақыт бөлем бар, сол қонақтарды күтіп, ас-ауқатын беріп, шығарып салып жататын. Ауылда нағашы әжеммен көрші тұрдық. Бөлелерім Қабай мен Бақыт сол нағашы әжемнің қолында тұрды, тәрбие алды. Біз ол кезде кішкентаймыз, шешемізге көп көмегін тигізген де осы Қабай мен Бақыт еді. Сондықтан да ол кісілерге алғысымыз шексіз.

Ол кезде заман басқа ма, әлде адам басқа ма, керемет бір кезең еді ғой. Адамдардың бір-біріне деген пейілі, көзқарасы тіпті тамаша болатын. Ал, қазір ше? Қазір де заман жақсы, бірақ басқаша...

Әкеміз Балталыдан шыққан белгілі тұлғалардың атын өшірмеуге, оларды жастарға үлгі етуге көп күш салды. 1999 жылы Балталының балалары Беркімбай әулиенің басына барып, құран оқыды, мал сойылып, ас берілді. Осы шараның басы-қасында әкем жүрді. Осы аста мен де болдым. Беркімбай бабамыздың бейіті Ұлытау ауданының Егінді (Урожайный) ауылының тұсында екен.

2007 жылы шілде айында Жақсы ауданы Балталы ауылында Құли ата және оның жұбайлары Бөлек анамыз бен Қарашаш аналарымызға ұрпақтары ескерткіш белгі орнатты. Мал сойылып, ас берілді, бабаларымыздың рухына құран бағышталды. Сол асқа әкем мен анам, осы өңірдегі біраз Балталылар барып қайтқан еді.

Иә, өмірдің бұзылмас заңы бар. Бүгінде бақилық болған әкеміздің есімі ел есінде, жұрт жадында. Ал, ұрпағы мына біздер, әкеміздің есімін әрдайым мақтан етеміз.

Оразбек Тұрсынбекұлы Бұланбаев

САҒЫНЫШҚА АЙНАЛҒАН АСҚАР ТАУЫМ

Мен әкем мен анамның аялы алақанында, бір отбасының қыздарының үлкені болып өстім. Мен үшін әке мен анадан қасиетті де құдіретті жан жоқ. Әке-шешеміздің бізге жасаған қамқорлығын, жақсылығын, берген тәлім-тәрбиесі мен өнегесін бұл дүниеде өтей алмаспыз.

Мен 1978 жылы дүние есігін аштым. Мектепте білім алып, 1999 жылы Қарағанды мемлекеттік Медицина Академиясының «Стоматология» мамандығын аяқтап шықтым.

Түрім анама ұқсағанымен, әкемнің бойындағы асыл қасиеттерін, мінезін, қылықтарын, қарапайымдылығын, уәдеге беріктігін, адамгершілігін, тіпті әзілқойлығына дейін Жаратқан ием маған беріпті.

Естуімізше, әкем бала кезінде нағашы атасының қасында жүріп, сол кісінің тәлім-тәрбиесін алып, сол кісіден арабша хат танып, сонымен қатар қобыз тартуды да үйренген екен. Нағашы атасы Әбіл емші болған адам деседі. Қолындағы қоңыр үнді қобызымен адам емдеген екен. Әкемізге де сол кісіден қасиет дарығанын сезетінмін. Үйімізге ағайын-туыстар ауырған балаларын алып келіп, түкіртіп, сипатып, дем салдырып кететін. Кішігірім абцесстерді қалтасынан бәкісін алып, ешқандай жансыздырусыз тіліп жіберетін. Ертеңіне еш асқынусыз жазылып кететін. Буын шығып кетсе, өзі орнына салатын. Халық медицинасында ежелден келе жатқан «Үзбе емін» жақсы білетін. Ол - жүйке тамырларын босаңсытып, қан айналымын жақсартып, ауырып тұрған денеге жасалатын пышақсыз ота, халық емі.

Әкеміз Қарағанды облысы, Қарқаралы зооветеринарлық техникумында «Ветеринарлық врос» , Ақмола қаласындағы мал шаруашылық институтында «Зоотехник» мамандықтарын тәмамдаған.

Анамыз Қарағанды мемлекеттік университетінде «Химия, биология пәні мұғалімі» мамандығы бойынша білім алған. Мен ес білгелі үйіміз «Животноводство», «Овцеводство», «Биология», «Ботаника» сияқты том-том кітапқа толы болған. Әкеміздің медициналық құралдарын көзімізбен көріп, қолымызбен ұстап ойнайтынбыз.

Алла Тағаланың біздің үйге берген несібесі шығар, әкеміз 1985 жылы су жаңа «Нива» автокөлігін алды. Сол көлікпен әкеміздің бармаған жері, баспаған тауы жоқ. 80 жасқа келгенше осы марканың көліктерін теуіп жүрді.

Әкеміздің Жезді ауданының Сарысу, Борсеңгір совхоздарына сіңірген еңбегі зор. Өз міндетіне асқан жауапкершілікпен қарайтын әкемді елдің бәрі құрметтейтін, қадір тұтатын.

1986 жылы әкем Борсеңгір совхозына бас зоотехник болып, Сарысу совхозынан сол жаққа көшіп бардық. Ол жақта да әкем абыройлы еңбек етті.

Әкем балажан адам еді. Мен ептеп ауырып қалған кезімде, 1987 жылы «Нива» көлігімен Алматы қаласындағы А.Н.Сызғанов атындағы институтқа зерттеуге апарғаны есімде. 1988 жылы Ұлытау ауданындағы «Ащы көл» атты көлге апарып, 20 күн суына түсірді. Қолынан келмейтіні жоқ еді. Көл жағасына қолдан шатыр тігіп, ешқандай жарықсыз, өркениеттің пұшпағы да жоқ жапан далада ем қабылдадық. «Бәрі Алланың қолында, еш уайымдама» - деуші еді әкем. Тағы бір қасиеті - ешқашан асығыс шешім қабылдамайтын.

2009 жылы Алланың қалауымен медицинаның дамыған заманында толық емделіп шықтым. Бүгінде жолдасым Алмас екеуміз ұлымыз Абайды тәрбиелеп отырмыз.

Әкеміз 2002 жылдары Сәтбаев калалық мешітінің бас есепшісі болып жұмыс атқарған. 2008 жылы Алла нәсіп етіп, Меккеге сапар шегіп, үлкен қажылық парызын орындап келді.

Әкемнің арманы – 1910 жылы дүниеге келіп, 1941 жылдың соңында Ұлы Отан соғысына аттанған әкесін іздеп табу еді. Іздестіргенімізде, 1943 жылы 27 сәуірден бері із-түзсіз кеткендердің тізімінде табылды. Қара қағаз үйге келмегендіктен бе, баласы әкесін сағына күтті, үміттенді.

1989 жылы Сәтбаев қаласына көшіп келіп, үш ай ішінде өзі үй салып, сол шаңырақтан 2021 жылы мәңгілік мекеніне аттанды.

Әкеміз қызметінде, өмірлік жолында өңіріміздің қаншама азаматтарымен араласты. Өзімен егіз қозыдай бірге өскен Совет көкеміз ерекше жан еді, сонымен қатар, Байзақ көкеміз, Оразбек, Бахат көкелеріміз кішкентай кезінен сыйлас достары болатын. Үйге өздері жиналып, қонып, дастарханда болып, қатты сыйласушы еді. Қазір барлығы өмірден өтті.

Әлі есімде, Байзақ көкеміз ауырып қалып, «Астана қаласында ауруханада жатыр» - деген хабарды естіп, әкем мен шешем сол кісінің көңілін сұрамақ болып, маған Астанаға апарып келуді тапсырды. Пойыздан түсе сала, Астана қаласындағы ауруханаға тарттық. Бардық, кездестік, көңілін, хал-жағдайын сұрадық. Әкем мен Байзақ көкем екеуі бірінің қолын бірі ұстап, үнсіз, ұзақ қоштасты. Мен бұл қоштасудың қаншалықты ауыр екенін, екеуінің енді бұл

өмірде бір-бірін көрмейтінін сезіп, іштей жүректерінің езіліп, жылап тұрғанын жүрегіммен сездім. Іштей мен де жыладым... Досқа деген сағыныш, қимастық пен сыйластықты түсіндім.

Қазіргі таңда ата-анамыздың саналы тәрбиесінің арқасында өсіп-өніп жатырмыз. Ортамызда анамыз бар, немере-шөберелерінің қызықтарын қызықтап жүр. Аллаға шүкір дейік!..

Майра Тұрсынбекқызы Бұланбаева

ӘКЕ КӨРГЕН ОҚ ЖОНАР

Кейде өткен күндерді еске алғанда, кең дала және асқар тау әкем көз алдыма келеді. Менің балалық шағым әкемнің жанында өтті, кейде Оразбек ағам екеуміз жүретінбіз. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, мен ес білген шақтан бастап әкемнің көлігінен түспей, еріп жүрдім. Ол кезде әкем Сарысу совхозында мал дәрігері қызметін атқарды. Күні-түні малдың қамымен жүретін ол кісінің қызметтік «Газ-69» көлігі болатын. Мен әкеме еріп, сол көлікпен малшыларды талай араладық.

Әкемнің достары да көп болатын. Дүйсенбай көке мен Айтпай ағаның бейнелері әлі де менің көз алдымда. Мен сол кезде бес-алты жасар бала болсам да, сол кісілердің қасында өзімді үлкен кісідей сезінетінмін. Ол кісілердің әңгімелері мен әзілдері біз үшін үлкен тәрбие мектебі болды. Әкемнің сол кісілермен сыйластығы – сол уақыттағы адамдардың бір-біріне деген адалдығы мен бауырмалдығының көрінісі болатын. Ойлап отырсам, менің бойымда жақсы қасиет болса, сол кісілерден дарығандығына еш күмәнім жоқ.

1985 жылы әкем қасына ағамды ертіп, Целиноградтан су жаңа «Нива» автокөлігін әкелгені есімде. Сол көлікті әкеміз совхоздың жұмысына мініп, ойға да, қырға да салды.

1986 жылы әкем қызмет бабымен «Борсеңгір» ауылына ауысты, сол ауылда зоотехник болып еңбек етті. Сол уақытта үш ай бойы екі ауылдың арасына «Нивамен» қатынап жүрді. Екі ауылдың арасындағы ұзақ жолда әкемнің жолдың шұңқырын айналып өтіп, рульді еппен бұрғанын артқы орында отырып қарайтынмын. Кейде шаршайтынмын, сол кезде рульдегі әкемнің сенімді

бейнесіне қарап, ештеңеге алаңдамай ұйқыға кететінмін. Кейіннен сол ауылға көшіп бардық.

Болашақ өміріме бағыт-бағдарды да мен әкемнен алдым. «Балам, нағыз ер-азамат техниканың тілін білуі керек» - дейтін әкем. Содан кейін техникаға құмарта бастадым. Бүгінде біздің қолымыздан келетін барлық іс – әкеміздің тәрбиесі мен көрсеткен үлгісінің жемісі.

1994 жылдың жазы менің есімде жылы естеліктерімен қалды. Ол кезде мектептің оныншы сыныбын бітіріп, есейіп қалған шағым. Әкем екеуміз ауылға баратын болып, «Газ - 53» көлігімен жолға шықтық. Сол жылдары Дәуренбек ағамның мектеп бітірген кезі, оқуға түсуге дайындалып жүр екен. Біз сол жазды Сарысу өзенінен балық аулаумен өткіздік. Балығы тайдай тулаған өзеннің кереметін мен сонда көрдім. Дәуренбек ағамның қармақты суға ептілікпен лақтырғанына қызыға қарайтынмын. Жалтырауыққа ілінген шортанның тайдай тулағаны тіпті бөлек әңгіме. Әкем бізді сырттай бақылап, жағаға шыққан шортандарды жинайтын. Судан балықты сүйреп шыққан сәттің қызығы керемет екен. Әкем бізді көбінесе ауылдың түстік жағындағы балығы мол қырқымның тұсына алып баратын. Барған сайын олжалы қайтатынбыз. Қайран, киелі өлке!

Сарысу ауылы жай ғана ауыл емес, біз үшін қара шаңырақ еді. Ол жақта әкеміздің ағасы Дәнеке әкеміз бен Рақия анамыз үлкен отбасын ұйытып отырушы еді. Өте жиі жиналып, жақсы араласқаннан екі әкеміз әулеттің қос қанатындай көрінетін. Екі бауырдың арасындағы бауырмалдық, бір-біріне деген құрметі бізге үлкен сабақ еді. Әлі есімде, Рақия анамыз біз аулап әкелген балықты қазанына салып қуырып, дастарханын жайып, ыстық

бауырсағын пісіріп, барын алдымызға тосатын, ол кісінің мейірімі арнасынан асып, төгіліп жатушы еді.

Сарысудағы біздің балалық шағымыз тек бір үйдің ауласында емес, барша ағайынның құшағында өтті. Әкеміздің айналасындағы адамдар өз алдына бір төбе еді. Совет әкеміз, Қарлыбай атамыз, Байзақ әкеміз дәм-тұзы аралас, сыйлас, ниеттес жандар еді, достықтары, бауырмалдығы шынайы болатын. Қарлыбай атамыздың ақыл-кеңесі, жүріс-тұрысы, ісі бәрімізге үлгі болды. Байзақ әкеміздің салмақты қалпы, сөздерінің нақтылығы, қарапайымдылығы, Совет атамыздың кеңдігі, үйіне барғанда күлімдеп қарсы алатыны, емін-еркін кіріп-шығуымыз - бәрі де біздер үшін үлкен мектеп болды. Осылайша әкелерімізден үлкенге құрмет, кішіге ізет үлгісін көріп өстік. Ол кісілерге деген құрметіміз ерекше.

Әкем шежірені жақсы білетін кісі еді. 2017 жылғы 7 қазан күні Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында орналасқан Найман атадан тараған ұрпақтарына және Төлегетай кесенесіне бардық. Жезқазған қаласы, Ұлытау ауданының Найман атадан тараған ұрпақтары ас берді. Әкем мен анамды сол асқа апарған едім, Сарыбай құда мен ұлым Бекзат та бізбен ілесті. Әкеміз мұндай ас, жиыннан қалмайтын. Осы сапардан мен мол мағлұмат алдым, ұрпақ сабақтастығын жалғаған ұмытылмас сапар деп айтсам да болады. Бұл асқа Байзақ әкеміз де арнайы қатысты. Сапарда екі кісі бір-біріне сүйеу болды. Осы сапарда әкем Тұрсынбек Жаңақорғанның наубайханасына арнайы соғып, «Балаларымның, немерелерімнің барлығына» деп, жаңа піскен жиырма шақты тоқаш сатып алды.

Қазақтың «Құда - мың жылдық» деген сөзінің даналығы сондай, сапар барысында Сарыбай құданың әкесіне, туыстарына арнайы бұрылып, сәлем беріп шығуы – сол кездегі үлкендердің бір-біріне деген құрметі үлкен өнегенің көзіндей болды. Иә, әкелеріміздің әрбір ісі терең тағылымға толы еді. Қайран туған жер, ағайын!..

Сарысудың бойына салған ізім,
Есімде, сол бір бейқам бала кезім.
Сапарлап, алыстарға жол шеккенде,
Үйреттің, әке, маған төзімді өзің.
Әкешім – асқар тауым, тірегіміз,
Біз үшін таусылмайтын жыр едіңіз.
Тәрбиең – бізге қалған алтын қазық,
Сенімен мақтанады жүрегіміз!

Иә, әкеміздің жүріс-тұрысы да, сөзі де, ісі де бөлек еді. Көлігінің моторы қалай түзу жұмыс істесе, өмірі мен ұстанымы да солай түзу болатын. Көлігінің әрбір бөлшегінің «тілін» дәл әкемдей ешкім білмейтін. Қозғалтқышының дыбысына құлақ түргенде, маған ол кісі көлікпен тілдесіп жатқандай көрінуші еді.

Мен әкемнің жанында көп жүрдім, өзі де мені қасынан шығарғысы келмейтін. Осы күні ойлап отырсам, мені ел-жер көрсін, ағайын-туысты танысын, келешекте елдің азаматы болсын деп ойлайды екен ғой.

Жаныңыз жәннатта болсын, әке. Сіздей жақсы адамның баласы болғанымызға біз әрдайым мақтанамыз.

Манарбек Тұрсынбекұлы Бұланбаев

ӘКЕМЕ САҒЫНЫШ

Ес білгелі әкем мен үшін ең жақын, бәрін білетін, қамқор адам болатын, әкемнің қолынан келмейтіні жоқ деп ойлайтынмын. Алғаш мектепке барғанда Борсеңгір ауылында тұратын едік, ол жаққа да әкемнің жұмыс бабымен көшіп барғанбыз. Сол ауылда мектеп табалдырығын аттадым, әкеміз анамызбен қасымызда болатын. Анам сол мен барған мектепте мұғалім болып жұмыс жасайтын, оқыған-тоқығаны көп ұлағатты ұстаз еді.

1989 жылы ол кезде «Никольский» деп аталатын, қазіргі Сәтбаев қаласына көшіп келдік, осы жақтың мектебінде оқыдық, үйлі болдық, өстік-өндік.

Әкеміз өте сабырлы, көп сөйлемейтін, көпшіл, әзілге жақын адам болатын. Осы жаққа келгесін ұлдарымен үй салды. Ағаларым сол кезде мектепте оқитын бала болатын, соған қарамастан әкемізбен бірге үй салып, бәрі сол үйдің құрылысын толығымен бітірді, қазіргі біздің қара шаңырағымыз - сол үй.

Әкеміз бен анамыз қайда барса да бірге жүретін, ешқайда жалғыз бармайтын, әкеміз өмірден өткен соң анамыздың жалғызсырап қалғанын сеземіз.

Әкеміз бен анамыз біз кішкентай кезімізде жыл сайын қыстан аман шығып, жерге көк шыққанда балалардың бәрін көлікке салып алып, қызғалдақ теруге алып шығатын. Кең далаға шығып, самаурынға шәй қойып, доп ойнап, рақаттанып қайтатын едік. Сол жақта ұлдарына көлік жүргізуді үйретететін.

Әкеміз бен анамыз бар өмірлерін балаларына арнады, балалар оқысын, ешкімнен кем болмасын деп, барлық

жағдайды жасады. Көп балалы болсақ та, бәріміз жоғары оқу орнында оқыдық, барлығымызда диплом бар. Осының бәрі – әкеміздің еңбегі.

Әкеміздің тағы бір жақсы қасиеті – туған-туыс, жақындарымызды, құда-құдағиларымызды қонаққа шақырғанда әдемі әзілдерімен елдің бәрін баурап алатын, күлдіріп отыратын.

Аллаға шүкір, бүгінде барлық балалары үйлі-жайлы болды, өздерінің отбасы, бала-шағасы бар. Мен де жолдасым Медетпен бірге Руслан, Еркеназ, Гүлназ, Айзере атты ұл-қыздарымды өсіріп отырмын. Руслан нағашы атасының бірінші жиен немересі, нағашы аталары барлық балаларымды көріп, маңдайларынан иіскеп үлгерді. Балаларым да нағашы аталарын еске алып, сағынып отырады.

Әкеміздің жаны жәннатта болсын дейміз.

Мадина Тұрсынбекқызы Бұланбаева

ӘКЕМНІҢ АСЫЛ БЕЙНЕСІ

Әкем – біздің өміріміздегі ең қадірлі, ең ардақты, орны бөлек жан еді. Ол өте сабырлы, терең ойлы, парасатты тұлға болды. Әкем ешқашан артық сөз айтпайтын, бірақ оның әрбір сөзі мен әрбір әрекеті біз үшін үлкен тәрбие, өмірлік сабақ болатын. Біз әкеміздің жанында жүріп, өмірдің мәнін, адамгершіліктің шынайы мағынасын түсініп өстік.

Әкем көп сөйлемейтін, бірақ сөйлеген кезде әр сөзін байыппен, сабырмен, ақылмен нақты жеткізетін. Оның сөздері қысқа болса да, мағынасы өте терең еді. Кейде оның бір ғана көзқарасынан не айтқысы келетінін түсініп тұратынбыз. Сол көзқарастың өзінде мейірім, қамқорлық, талап пен тәрбие сезіліп тұратын. Біз үшін оның үнсіздігі де үлкен тәрбие болды.

Әкем ешқашан дауыс көтермейтін, ұрыспайтын. Қандай жағдай болса да, бәрін сабырмен, ақылмен жеткізетін. Ол әрдайым асықпай, ойланып, дұрыс шешім қабылдайтын көреген жан еді. Осындай сабырлылығы арқылы бізге өмірде асығыс шешім қабылдамауды, әр нәрсеге ойланып қарауды үйретті.

Әкемнің мінезіндегі ерекше қасиеттердің бірі – оның қарапайымдылығы мен шынайылығы еді. Ол ешқашан өзін жоғары қоймай, әр адаммен тең сөйлесетін. Айналасына жылулық сыйлап, адамдарға көмектесуге дайын тұратын. Оның бойынан кішіпейілділік пен адамгершілік айқын көрінетін.

Сонымен қатар, әкем әзілді жақсы көретін адам еді. Орнымен қалжың айтып, үйдің ішін күлкіге бөлейтін. Оның

жанында біз әрдайым өзімізді еркін, жайлы сезінетінбіз. Ол тек отбасының тірегі ғана емес, үйдің жылуы болды.

Әкем білімге ұмтылған, рухани дүниесі бай жан еді. Араб тілін оқып, өзін дамытуға ерекше көңіл бөлген. Қасиетті Меккеге барып, қажылық парызын өтеп келгені – оның имандылығының, жүрегінің тазалығының айқын белгісі. Ол бізге тек дүниелік емес, рухани құндылықтардың да маңызын түсіндіріп отырды.

Әкем мен анамыз бір-біріне деген махаббаты мен сыйластығы жарасқан, ажырамас жұп болды. Олар әрдайым бірге жүріп, бір-бірінсіз ешқайда бармайтын. Қайда барса да бірге болып, өмірдің барлық қуанышы мен қиыншылығын бірге бөлісті. Бір-бірімен сырласып, бір-бірін түсініп, әрдайым қолдап отырды.

Біз көпбалалы отбасы болдық – жеті ағайынды болып өстік. Әкем бізге әрдайым тең қарап, ешқайсымызды бөліп-жармай, бәрімізге бірдей көңіл бөлді. Бізді бірлікке, бауырмалдыққа, сыйластыққа тәрбиеледі.

Біздің үйде ерекше бір дәстүр қалыптасқан еді. Әкем дастарханға отырмайынша, ешкім тамаққа қол созбайтын. Барлығымыз бірге жиналып, бір дастархан басында отыратынбыз. Сол сәттер біздің ең бақытты кездеріміз еді.

Әкем бүкіл өмірін отбасына арнады. Балалары үшін аянбай еңбек етіп, бізді өсіріп, тәрбиелеп, оқытып, әрқайсымыздың өмірде өз орнымызды табуымызға үлкен үлес қосты. Әсіресе, біздің білім алып, жоғары оқу орындарын бітіріп, белгілі бір мамандық иесі болуымызда әкеміздің еңбегі ерекше.

Бүгінде біз жан-жаққа қанат қақтық, қияларға самғадық. Бірақ әкеміздің берген тәрбиесі біздің өміріміздің негізі болып қалды.

Сізді қатты сағынамыз, әке. Жаныңыз жәннатта болсын.

Фарида Тұрсынбекқызы Бұланбаева

ӘКЕМНЕН ҮЙРЕНГЕНІМ КӨП

Әке-шешем Борсеңгір ауылынан Сәтбаев қаласына 1989 жылы көшіп келгеннен кейін дүниеге мен келдім. 1996 жылы Сәтбаев қаласындағы №27 орта мектептің табалдырығын аттап, 2007 жылы осы мектепті аяқтадым. Сол жылы оқуға түсіп, 2012 жылы жоғарғы оқу орнын тәмамдадым.

Сәтбаев қаласына кіре беріс тұста біздің саяжайымыз бар. Мектепте, Университетте оқи жүріп, сол саяжайда мал бағып отырған әкем мен анама көмектестім. Әкем екеуміз «Газ-53» жүк көлігімен малға шөп тасушы едік. Ол шөпті Түйемойнақ тұсынан алып, Қоскұдық арқылы өтетінбіз. Анам сиыр сауып, бізді айран, піскен бал қаймағымен қуантатын. Сол жақта ата-анаммен, бауырларыммен көптеген қызықты сәттерді өткіздік. Әкем бізге оң мен солымызды тануға үйретті, бар білгенін ортаға салды. Өзі өте мейірімді, жанашыр, көпті көрген, иманды кісі болатын.

Мен 2014 жылы қыркүйек айында үйлендім. Жарым - Сарыбайқызы Әсем. Отбасылы болған соң жұмысқа тұрдым. Әкем өмірден озғалы сол қара шаңырақта анаммен бірге тұрып жатырмыз.

Әке, мәңгілік жадымыздасың. Біз сені жақсы көреміз.

Болат Тұрсынбекұлы

ӘКЕМНІҢ КЕНЖЕ ҚЫЗЫМЫН

Мен әкемнің кенже қызымын. Үйдің кенжесі болу - бір бақыт болса, Тұрсынбек тегін алып жүру әкеммен арамыздағы үзілмес байланыс болды. Әкемнің елу үш жасында Алланың берген марапаты болып дүниеге келсем, ол мен үшін үлкен жауапкершілік пен мақтаныш еді. 1992 жылы өмірге келген сәтімнен бастап, әке мен кенже қыздың арасындағы керемет сәттер басымыздан өтті. Әкеміз бізді жақсы көретінін жиі айтпаса да, ол кісінің әрбір іс-әрекеті мен қамқорлығынан шексіз махаббатты сезетінбіз. Маған ешқандай шектеу қоймай, менің таңдауыма құрметпен қарады, ешқашан қабағын шытқан емес. Сол сенім менің өзіме деген сенімділігімді нығайта түсті және өз ісіме жауапты болуға қалыптастырды.

Әкем қонаққа, тойға барған сайын маған қалтасына салып, кәмпит-тәттілер әкелетін. Ол заттың құндылығы емес, әкемнің мені қуантқысы келетіндігі ғой, әрине.

Мен төрт жасымда мектепке бардым. Сол кезде әкем мені қолымнан жетелеп, мектеп табалдырығын аттатқан. Кейін мектеп бітіріп, жоғарғы оқу орнына түсер кезімде де мені әкем ертіп апарды.

Әкем домбыра мен қобыздың құлағында ойнайтын. Бала кезімізден бастап осы аспаптардан күй тыңдадық. Менің құлағымда әкем тартқан домбыраның үні, қасиетті қобыздың тебіреністі сарыны қалып қойды. Отбасындағы барлық балалар әкемізге ұқсап күй тыңдап, домбыра шертіп өстік. Қасиетті қобыз бен домбыра бойымызға қазақылықты, тектілікті сіңірді.

Әкем сонымен қатар білікті дәрігер еді. Ес білген кезімізден бастап, ауырып-сырқап қалсақ, әкем өзі емдеп, дем салып, күн батар кезде есік алдына шығарып, сүре оқып, ұшықтайтын. Бертінге дейін, егер ауырып қалсақ, тек әкем ғана емдей алады, жазады деп өстік. Әкем бір түкірсе, бір ауыз жылы сөзі мен емші қолы кез келген дәріден артық еді. Бір оқиға есімде қалыпты. Ол кезде мен шамамен бес-алты жаста болатынмын. Әпкем Фариданың және ағам Болаттың аяғына ісік шығып, әкем жұмыстан келе сала еш саспай, бәкісін, қайшысын, мақта мен нашатырды алып, жерге орамал төсетіп, әлгі ісікті өз қолымен тіліп, ісікті сыртқа шығарып, қайта тігіп берді. Сонда әпкем мен ағамның шыдамдылығына таң қалдым, қыңқ еткен дыбыс шығармады. Осыны көрген мен қорыққанымнан ұйықтап қалдым. Осыдан ұққаным - әкемнің өз балаларына деген жанашырлығы және мамандығына деген жауапкершілігі еді. Әкемнің қолы сондай жеңіл болатын.

Біздің отбасымызда саяжай болды. Ол саяжайдың табиғатынан бөлек өз ерекшелігі бар еді: он сотық жері, екі бөлмелі үйі, қора жайы, жазғы ас үйі болатын. Әкем мен анам қыс соңында сол жаққа көшіп, қар түсе қара шаңырақ оралатын. Саяжай мал ұстауға да ыңғайлы еді. Бәріміз демалыс күндері сол жаққа барып, бақшаны күтіп, түрлі шаруаларды атқаратынбыз. Солайша біз еңбектің қадірін біліп өстік. Әкем бізге бір шаруа тапсырса, біз өзімізді ересек адамдай сезініп, іске құлшына кірісетінбіз. Бір шаруаны бастасақ, соңына дейін аяқтауды біз әкеміздің үйрендік. Саяжайдағы шағын ғана үйде біз туған күнімізді де атап өтуші едік. 16 шілде – әпкем мен ағамның туған күні еді, біз оны асыға күтетін едік. Әкем сол күні мал соятын.

Анам қуырдақ қуырады, кешкісін кәуап жасайтынбыз. Бақшаның дәмі тіл үйірген жеміс-жидектері, самаурынның шәйі, шіркін, сол балалық шағымыз керемет еді.

Саяжайда болсын, қара шаңырақта болсын, үйден қонақ үзілмейтін. Әкем әр келген кісіні құдайы қонақ деп төрге шығарып, ерекше ілтипатпен күтетін. Ауылдан ағайын-туыс келсе, тіпті ерекше қуанатын, қазанда ет асылып, керемет әңгімелер айтылушы еді. Әзіл-қалжыңдар да дастарханның сәнін кіргізетін.

Әкем сапарға шығар болса, ағам екеумізді кезекпен алып жүретін. Әкемнің «Нива» көлігімен көп жерлерге бардық, алыс сапарларға да шықтық, қонаққа да жиі баратынбыз. Әкем Сарысу ауылына жиі баратын. Әкеммен бірге барғанымда ағайын-туыстың «Тұрсынбектің қызы» деп айтқанының өзі мені ерекше сезімге бөлейтін. Ауылға жетісімен-ақ ағайынның әкеме деген құрметін көріп, марқайып қалатынмын. Ауылдастары әкемнің «Нива» көлігін көрген сәтте-ақ сәлем беруге ұмтылатын. Кіріп-шығатын үйлерге барғанда әкем мені «Бұл біздің кенжеміз, еркеміз» - деп, мақтанышпен таныстыратын. Ол кісі көпшіл болды. Ағайын-туыс, дос-құрдастардың арасында сыйлы еді. Әрбір отырыстарда әкемнің айтқан әңгімесін елдің бәрі сүйсіне тыңдайтын.

Әкемнің әкесі Ұлы Отан соғысы басталған жылы майданға аттанып, содан хат-хабарсыз кеткен екен. Әкемнің өзі әкелік мейірімге шөліркеп өссе де, бізге шұғыласы мен шуағын төге білді. Бізге берген мейірімі, шапағатының арқасында үйдегі үш ұл, төрт қыз бала махаббатқа бөленіп өстік. Әкем мен анам бәрімізді тұлға қылып тәрбиеледі. Бауырлардың арасындағы ұйымшылдық, жанашырлық,

қамқорлық сияқты қасиеттерді біз әкеміз бен анамыздан үйрендік. Өз басым, әкемнен ақыл тәрбиесін алсам, анамнан сұлулық тәрбиесін алдым. Үйдің кенжесі болсам да тым еркелетіп жібермеді, барлығының өз шегі, өз жөні болды. Әкемнің анама деген құрметі, сыйластығы, ауыр сөз айтпауы ерекше қасиеттерінің бірі болатын. Өзі түзде қызмет атқарса да, әкеміздің тәрбиесі әрдайым бізбен бірге жүретін. Әкем мен анамның арасындағы махаббаттан болар, аралары он жас болса да олардың бір-біріне деген құрметін көріп, шаттанып өстік. Мен есейіп кеткен соң әкем мен анамның махаббаты немерелері Нұрлыбек пен Бекзатқа да бұйырды. Әкем мен анам немерелері десе, ішкен асын жерге қоятын. Көп уақытын саяжайда осы немерелерімен өткізуші еді, еңбекке ерте баулып, ер-азамат болып өсулеріне бағыт берді. Одан соң басқа немерелері де дүниеге келді. Әкем немерелерін қасына алып, ауылға барғандағы сапарларын айтып отыратын. Бәрі де тәрбиенің көзі ғой.

Әкем маған әрдайым:

-Қызым, қайда жүрсең де ешкімнің ала жібін аттама. Адал бол, еңбегіңмен еленсең, ешкімнен кем болмайсың» - дейтін. «Ешқашан еріңнің есімін атама» - деп те өсиет айтқан. Кейін отбасылы болған кезімде де «папасы, мамасы» деген сөз менің Темірқазығыма айналды. Кейде әкеме телефон соғып, «папа, жолға шығамыз, сіздерге барамыз» - десем, әкем «Аком келе жатыр»-деп, мені күтіп, есік алдындағы таста отыратын. Үйде ет асылып, сыбағамыз дайын тұрушы еді.

Әкемнің санама сіңірген «Адалдық» деген ұғымы менің болашағымды да айқындап берді. «Адал» сөзін мен

кәсібіме де серік еттім. Бүгінде өзім айналысатын «Адал торт» атауы жай ғана сөз емес, ол әкемнің бойыма сіңірген адамгершілік асыл қасиеттерінің көрінісі. Әкенің атына кір келтірмей, оның мақтанышы болу – кез келген ұрпақтың парызы. Әкеміздің басқан әрбір қадамы біз үшін – мектеп, әр сөзі – өсиет.

Ақерке Тұрсынбекқызы

ӘУЛЕТТІҢ ТІРЕГІ – АСЫЛ АТАМ

«Келін – бір елге жаңадан келген басқа үйдің жас баласы» дейді дана халқымыз. Тіпті жасы ересек болса да, жат босағаны алғаш аттағанда көңілі бала кейпінде болатыны ақиқат. Сондықтан жаңа мүшені қамқорлықпен ішке тарту – үлкендердің көрегендігі.

Мен 2002 жылы ата-анамның ақ батасымен, қазіргі Ақмола облысы, Қараөткел ауылынан осы қара шаңыраққа келін болып түстім. Жолдасым Оразбек әулеттің тұңғышы болғандықтан, маған «үлкен келін» деген жауапты міндет жүктелді. Сол алғашқы күннен бастап қайын атам мен енем мені жатсынбай, өз қызындай қабылдап, ерекше қамқорлық көрсетті. Сол сәттегі жүрегімдегі қорқынышты сейілтіп, құшақ жая қарсы алған жан – менің ардақты қайын атам мен енем еді.

Қайын атам білімді, көзі ашық, өз ісінің нағыз маманы еді. Астанадағы ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, қазіргі Ұлытау облысының Сарысу ауылында ұзақ жылдар бойы мал дәрігері болып абыройлы қызмет атқарған.

Кейіннен қасиетті Қажылық сапарына барып қайтты. Содан болар, ол кісінің жүзінен иманның нұры, сөзінен даналық есіп тұратын. Мешітте қызмет етіп, Құран оқып, бата бергенде бүкіл ауыл ұйып тыңдайтын. Тіпті менің ауылымның адамдары да атаммен мәнді де мағыналы әңгіме айтуды жақсы көретін.

Атамыздың біз үшін жасаған жақсылығын айтып тауысу мүмкін емес. Ол кісі сөзден гөрі іске жақын, отбасының әр мүшесінің жағдайын бізден бұрын ойлап жүретін. Соның бір айқын дәлелі — 2005 жылғы оқиға. Біз

ол кезде жас отбасы болғандықтан, баспана жайын әлі қатты жоспарлай қоймаған едік. Алайда атам бізге ешнәрсе айтпастан, Сәтбаев қаласының әкімдігіне барып: «Менің үлкен балам мен келініме үй керек, олардың өз алдына отау болып, түтін түтеткенін қалаймын» - деп, мәселе көтеріпті. Көп ұзамай қайын атам бізге баспана алып беріп, тіпті оның ішкі жөндеу жұмыстарын да (ремонтын) өзі қадағалап, толықтай дайындап қойды. Бізді бөлек шығарғандағы мақсаты — бізді бөлектеу емес, керісінше, «өз алдына дербес, мықты отбасы болсын» деген әкелік тілегі мен қамқорлығы еді. Біз ол үйге дайын асқа тік қасық болғандай, еш қиналмай кірдік. Осындай кеңпейілділік пен үлкен жүрек тек қайын атам сияқты асқар таудай тұлғаларға ғана тән қасиет деп білемін.

Атамның балажандылығы мен немерелеріне деген махаббаты тіптен бөлек еді. Үйінде қонақ шақырғанда, біз «балалар кедергі келтірмей-ақ қойсын» деген оймен немерелерін үйге қалдырып, өзіміз ғана барсақ, атам бізге кейіп, ренжитін. «Неге балаларды әкелмей, өздерің ғана келдіңдер?» – деп, бізді үйге қайта жіберіп, немерелерін алғызбайынша көңілі көншімейтін. Ол кісі үшін баланың шуылы – үйдің берекесі, немеренің күлкісі – көңілдің ажары еді.

Қайын атам сегіз қырлы, бір сырлы жан болатын, домбыра мен қобызда шебер ойнап, ән айтқанды жаны сүйетін. Ол кісінің бойындағы осы өнер бүгінде балалары мен немерелеріне дарыды.

Қайын атамның даналығы мен құдаларға деген ерекше құрметі аңызға бергісіз еді. «Құдам келе жатыр» дегенде, менің әкем, ерекше дайындалып, құдасын асыға күтетін. Ол

кісі үшін «Құда – құдай қосқан дос» еді. Жаз айларында «Нива» жеңіл автокөлігімен Астанаға, менің төркініме сапар шегетінбіз. Жол бойында тоқтап, самаурын қойып, шай ішкен сол бір шуақты сәттер мәңгі есімде. Астанаға барғанда көрші ауылда тұратын менің нағашыларыма соқпай кетпейтін. Нағашы әжемді «Үлкен кісі» деп ерекше сыйлап, төрге шығаратын. Ал нағашыларым қайын атам мен енемді жақсы көріп, өздері өсірген құстың етін салып беретін. Ол сәлемдемені Сәтбаевқа әкеліп, бүкіл бала-шаға жиналып, асып жейтін едік.

Менің ата-анам алыста болғандықтан, Жезқазғанда тұратын нағашы апам Кларанı атам «біздің үлкен құдағи» деп, әрдайым қасына алып, төрден орын беретін. Осындай кеңпейілділігімен атам екі әулеттің арасын жақындастырып, туыстық туын жоғары ұстады. Менің төркінімнің адамдары қайын атамның мағыналы әңгімелерін тыңдауды жақсы көретін. Бүгінде қайын атам да, менің ата-анам да бұл фәниде жоқ болса да, сол кісілер салған сара жолды, құда-жекжаттық сыйластықты менің бауырларым абыроймен жалғастырып келеді. Биыл атамның дүниеден өткеніне 5 жыл толып, құран бағыштап, ас бердік. Сол аста Астанадан екі інімнің арнайы келіп, қол жайып, ата рухына тағзым етуі — қайын атамның тектілігі мен біздің әулетке деген зор құрметінің белгісі деп білемін.

Қайын атам алғашқы немерелері Нұрлыбек пен Ақботаны ерекше жақсы көрді. Нұрлыбек студент кезінде мереке, демалыс күндері келген сайын атасы мен әжесіне соқпай кетпейтін. Атасы немересі келген сайын: «Оқуыңды жақсы оқы, керегіңе жарат», – деп қалтасына ақша салып, батасын беріп, жолға шығарып салатын. Қайын атам

дүниеден өткенде Нұрлыбек 2-курс студенті еді. Асқар таудай атасынан айырылу немересіне өте ауыр соққы болды.

Бүгінде сол ақ батаның арқасында ұлымыз Нұрлыбек пен қызымыз Ақбота ер жетіп, біз де ата-әже атандық. Ақботамыздан сүйкімді жиеніміз Аяла өсіп келеді. Нұрлыбегіміз Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетін бітіріп, «QazaqGazAimaq» мекемесінде еңбек етуде. Қайын атамнан өрбіген 18 немере мен 2 шөбере бүгінде сол кісі салған сара жолмен келеді.

Ардақты ата! Сіздің қарапайымдылығыңыз, сабырлы мінезіңіз бен дархан көңіліңіз бізге мәңгі үлгі. Жаныңыз жәннатта, топырағыңыз торқа болсын. Сіз біздің жүрегімізде мәңгі сақталасыз!

Самал Аманкелдіқызы Сәлменова

АСЫЛ АТА, ӘУЛЕТТІҢ АСҚАР ТАУЫ

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді дана халқымыз. Бүгінде біздің әулеттің арқа сүйер асқар тауы, парасатымен айналасын нұрландырған аяулы папам туралы естелік жазу мен үшін әрі парыз, әрі үлкен жауапкершілік. Ол кісінің бұл фәниден бақиға озғанына біраз уақыт өтсе де, көңілім әлі де сене алмай, қимастық сезімі көкірегімді маздатып келеді.

Мен 2003 жылы Балталы руының осы бір киелі шаңырағына ортаншы келін болып түстім. Жолдасым Манарбек – ұлдардың ортаншысы. Біз қара шаңырақта, ата-енемнің қолында тұрдық. Содан болар, папамның әрбір келген қонағын, бірге жүрген қимас құрдастарын, олардың арасындағы шынайы достықты көріп өстім. Демалыс күндері тәтем (енем) қазан көтеріп, ет асып, бауырсақ пісіріп, ақ дастарханын жаятын. Сол кезде Совет, Қарлыбай және Оразбек аталарымыз келіп, папаммен бірге арқа-жарқа болып, карта ойнап, мәре-сәре болып қалатын. Мен шәй құйып отырып, олардың Сарысу ауылында өткен жастық шақтары туралы хикаяларын ұйып тыңдайтынмын. Әсіресе, Совет атамның маған деген ықыласы ерекше еді. Папамдар үйде болмаса да арнайы келіп, ауылдың тыныс-тіршілігін, жаңалықтарын айтып, қонып кететін. Ол кездер – қазір сағынышқа айналған, қайта оралмас алтын уақыт екен ғой.

Папам өте сабырлы, әрбір сөзін асықпай, таразылап сөйлейтін терең кісі болатын. Біздің кез келген бастамамызға қолдау көрсетіп, көмегін аямайтын. Немерелері Нұрлыбек (Үбан) пен Бекзат (Додыл) аталарының жанынан бір елі қалмай өсті.

Есімде, папамдар саяжай алып, жаз шыға азын-аулақ малын (жылқы, сиыр, қой-ешкісін) айдап, сол жаққа көшетін. Соның бәріне қарап тұрып: «Осы кісілерге қиын емес пе, үйде рақаттанып демалып отырмай ма?» деп ойлайтынмын. Сөйтсем, ол кісілердің бұл бейнеті тек балалары мен немерелерінің қамы екен. Жаз бойы немерелері атасы мен әжесінің қасында болып, еңбекке шыңдалды. Тәтемнің бабымен ашытқан көжесі мен ұйытқан қою айранының дәмі әлі күнге дейін таңдайымызда. Бүгінде ойлап отырсам, сол кісілердің бойындағы қажыр-қайрат пен мейірім бізге үлкен мектеп болыпты. «Біз ол кісілердей бола аламыз ба?» деген сұрақ көкейімде жиі тұрады.

Папамның немереге деген махаббатының бір көрінісі есімнен мәңгі кетпейді. Бірде кешқұрым уақытта папам қайын інім Болат пен немересі Бекзатты жылқы қарауға жіберді. Біздің жылқылар басқа үйірмен қосылып кеткен екен. Оларды ажыратып айдап келе жатқанда, өзге үйірдің ашулы айғыры кенеттен Бекзатқа қарай шаба жөнелді. Азулы айғыр баланы тісімен жұлып лақтырып жіберердей өте қауіпті сәт туды. Сол кезде папамның жаны шығып кете жаздап: «Құр-құр! Қайт!» - деп айқайлап, ажалдан тайынбай айғырға қарсы жүгірді. Өз өмірін қатерге тігіп, тек немересін аман алып қалуды ойлады. Сол сәтте бар күшін салып жүгірген папам жерге құлап түсті, ал көмекке жеткен Ақтабан итіміз айғырдың үстіне секіріп, оны үркітіп жіберді. Сол бір сәтте папамның немересі үшін өлімге де бас тігуге дайын болған ерлігі біз үшін нағыз қаһармандықтың үлгісі болды.

Атамның бөлмесіндегі шифонердің астында тұратын қара чемоданы бәріміз үшін қасиетті жәдігердей еді.

Ішіндегі барлық құжаттары мен жазбалары сондай ұқыптылықпен, рет-ретімен жиналып тұратын. Ол кісінің қажылық сапары, таза ниеті мен ұстаған жайнамазы әулетіміздің берекесі еді.

Үлкен ұлымыз Бекзат қазақ-түрік лицейіне түсіп, жоғары сыныптарда намаз оқи бастағанда, біз ата-ана ретінде «әлі жассың, сабағыңды оқы» деп қарсылық танытқандай болдық. Сонда тек атасы ғана Бекзатты жақтап, үлкен қолдау көрсетті. «Ертең менің орнымды басып, бұл да қажы болсын» деген ақ ниетпен өзінің қасиетті жайнамазын немересіне сыйға тартты. Бұл – ұрпақтар сабақтастығының, рухани аманаттың көрінісі еді.

Атамның бойындағы кішіпейілділік пен кешірімділік – біз үшін үлкен тәрбие. Ешкімге қатты сөйлемейтін, кез келген түйткілді тек ақылмен шешетін. Тіпті, папамның ерекше емшілік қасиеті де бар еді: біреуіміз ауыра қалсақ, папам ұшықтап, ыстық алақанымен сипап жіберсе, ауруымыз басылып, құлан-таза жазылып кететінбіз. Бүгінде жұрт жолдасым Манарбекті көрсе, «айнымайтын әкесі» деп жатады. Сөйлегені, жүріс-тұрысы, іс-қимылы, тіпті үлкен-кішімен әзілдесіп, көңіл көтеретін мінезіне дейін папамнан аумайды. Бұл мен үшін папам біздің арамызда жүргендей сезім ұялатады.

Папамның маған аманаттап кеткен бір өсиеті бар еді. «Жалғыздық тек Құдайға жарасқан, артыңнан ерген қайнсіңілдеріңнің теңін тауып, бақытты болуына үлесіңді қос» - деген еді. Аллаға шүкір, бүгінде қайнсіңілдерімнің көбі отбасылы, бақытты.

Мен осы әулетке келін болып түскеніме, осындай ата-ененің тәрбиесін алғаныма дән ризамын. Бұл – маған

Алланың берген үлкен сыйы. Бүгінде біз төрт баланың (Бекзат, Перизат, Інжу, Мөлдір) ата-анасы, Гүлназ келініміздің ата-енесі, немереміз Омардың ата-әжесі атанып отырмыз. Папам мен тәтем еккен тәрбие бәйтерегі бүгінде осылай тамыр жайып, жеміс беруде.

Папамның жарқын бейнесі, салиқалы сөзі мен нұрлы жүзі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Сіздің салып кеткен сара жолыңыз – біздің өміріміздің темірқазығы. Жатқан жеріңіз жайлы, жаныңыз жәннатта болсын, асыл Ата!..

Құрметпен, келініңіз Айнұр Абдрахманқызы

ӨНЕГЕСІН САНАМЫЗҒА СІҢІРДІК

Мен 2014 жылы Балталы еліне келін боп түсіп, ақ босағаны аттадым. Жолдасымның аты – Болат. Мені ата-енем, жолдасымның туғандары жылы қабақпен қарсы алды. Енем атамызды «Папасы» деп атайтын. Содан мен де жолдасымның әкесін «Атасы», анасын «Әжесі» деп атап кеттім.

Атамызбен алты жылдан аса бірге тұрдық, тәрбиесін көрдік, батасын алдық. Осы уақыт аралығында атамды жақсы тани алдым деп айта аламын. Ол кісі өте сабырлы, байсалды, әр істің ыңғайын білетін, елге сыйлы, ағайынға қадірлі адам еді. Бізді ботам дейтін, дұрыс жол көрсететін, әр ісімізге қуанып отыратын.

Атамыздың емшілік қасиеті бар болатын. Бала ұшынып ауырып қалса, жерұшық жасайтын, ауырып, көз тие қалса – түшкіріп жіберсе, бала жазылып кететін. Ол кісіден үйренген тәрбиеміз өте көп.

Атам 2021 жылы сәуір айында дүниеден озды. Атамызды көп аңсадық, бұл қаза бізге оңай тиген жоқ. Дегенмен, Алланың бәріміздің маңдайымызға жазған шектеулі ғұмыры бар екенін түйсініп, сабырға келдік.

Қазіргі таңда сол кісінің бала-шағасымен көтерген қара шаңырағында тұрамыз. Атамыздың жаны жәннатта болсын. Ол кісінің өнегесі мәңгі жадымызда болмақ.

Әсем Сарыбайқызы

АСЫЛ АТАМДЫ САҒЫНДЫМ

Мен, Тұрсынбек Нұрлыбек Оразбекұлы, атам мен әжемді алғаш ата мен әже атандырған тұңғыш немересімін. Сондықтан менің атам мен әжеммен байланысым ерекше болды. Мен атамның үлкен ұлы Оразбектің тұңғыш баласымын. Біздің әулетіміз - үлкен әрі берекелі отбасы. Атамыз бен әжеміз 3 ұл, 4 қыз тәрбиелеп өсіріп, олардың барлығына жақсы тәрбие мен саналы өмірдің үлгісін көрсетті.

Әкем мен анам 2002 жылы шаңырақ көтеріп, 2003 жылдың 27 сәуірінде мен дүниеге келдім. Мен өмірге келгенде атам мен әжем ерекше қуанды. Себебі, мен олардың тұңғыш немересі едім. Менің дүниеге келуіммен олар алғаш рет ата мен әже атанды. Бұл мен үшін де, олар үшін де ерекше байланыс орнатқан тағдырдың сыйы деп білемін.

Сол кезде біз ата-әжеммен бірге үлкен қара шаңырақта тұрдық. Кейін қазақтың салт-дәстүріне сай атам әке-шешеме бөлек үй алып беріп, еншімізді бөліп шығарды. Ол кезде мен екі жаста едім. Бірақ бөлек тұрғанымызбен, ата-әжемнің үйі біз үшін әрдайым өз үйіміздей болып қалды. Біз күн сайын дерлік барып тұрдық. Менің балалық шағымның көп бөлігі атам мен әжемнің жанында өтті.

Менің атам – Тұрсынбек қажы. Ол кісі жастық шағында мал дәрігері болып еңбек етіп, ауыл шаруашылығы саласында абыройлы қызмет атқарды. Өз ісіне жауапкершілікпен қарап, халықтың құрметіне бөленді. Кейін зейнеткерлікке шыққан соң қасиетті қажылық парызын өтеп келді. Қажылықтан кейін мешітте қызмет

атқарып, ауыл тұрғындарын имандылыққа, адамгершілікке шақырды. Дін жолындағы қызметі арқылы көптеген адамдардың құрметіне ие болды.

Ал менің Жұмаш әжем - ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарған ардақты мұғалім. Талай шәкірттің сауатын ашып, тәрбиесіне үлес қосты. Әжемнің мейірімділігі мен сабырлылығы, білім мен тәрбиеге деген құрметі бүкіл әулетімізге үлгі болды.

Біздің әулетіміз өте үлкен. Атамның менен басқа тағы 9 немересі, 8 жиен немересі және бүгінде 2 шөбересі бар. Әулетіміздің әр мүшесі атам мен әжемнің мейірімін көріп өсті. Әсіресе жаз мезгіліндегі басқосуларымыз әлі күнге дейін көз алдымда.

Жаз басталысымен атам мен әжем саяжайға барып, сонда еңбек ететін. Саяжай біздің екінші үйіміз секілді еді. Демалыс күндері барлық немере, жиен немерелер жиналып, үлкен мереке сияқты болатын. Біз таңертеңнен кешке дейін бірге ойнап, асыр салып жүретінбіз. Балалық шағымыздың ең қызықты әрі бақытты күндері сол саяжайда өтті десем артық емес.

Атам мен әжем саяжайда сиыр, қой, ешкі ұстайтын. Өз қолдарымен бақша егіп, еңбек ететін. Біз олардың маңдай термен жасаған еңбегінің нәтижесін көріп өстік. Жаз бойы жаңа сауылған сүт ішіп, айран мен қатық ішіп өстік. Қазір сол күндерді еске алсам, ерекше сағыныш билейді. Ол кезде бәрі қарапайым болғанымен, нағыз бақытты шақ екендігін бүгінде жақсы түсінемін.

Атам мен әжем бізге тек қамқорлық жасап қана қойған жоқ, өмірдің маңызды құндылықтарын үйретті. Олар еңбектің қадірін, адалдықтың маңызын, отбасының

берекесін өз өмірлерімен көрсетті. Әсіресе атамның әр сөзі мен ісі біз үшін үлкен тәрбие мектебі болды.

Мен мектеп табалдырығын алғаш аттаған күнімді де ұмытпаймын. Сол күні мені әжем қолымнан жетектеп апарып, мектеп партасына алғаш отырғызды. Бұл – өмірімдегі ең қымбат естеліктердің бірі.

Атамнан үйренген ең үлкен құндылықтардың бірі – имандылық. Ол кісі маған Құран оқуды үйретті. Ислам дінінің асыл қағидаларын түсіндіріп, адам өміріндегі иманның, адалдықтың және ізгіліктің орнын көрсетті. Бүгінде атамнан алған сол тәрбиені өмірлік ұстанымым деп білемін.

2021 жыл біздің отбасы үшін ауыр жыл болды. Мен университеттің 2-курс студенті болып жүрген кезімде асыл атам дүниеден озды. Бұл хабар мен үшін өте ауыр тиді. Себебі мен үшін атам тек ата ғана емес, ақылшы, тәрбиеші әрі өмірлік үлгі болған жан еді. Сол күні мен өмірімдегі ең жақын адамдарымның бірінен айырылдым.

Алайда атамның тәрбиесі, ақылы мен аманаты менің жүрегімде мәңгі сақталып қалды. Бүгінде мен университетті аяқтап, өз мамандығым бойынша қызмет атқарып жүрмін. Осы жетістіктерімнің барлығында ата-анамның тәрбиесімен қатар, атамның берген батасы мен ақылының үлкен үлесі бар деп есептеймін.

Қазір Аллаға шүкір, әжеміздің ортамызда жүргеніне қуанамыз. Әжеміз әлі күнге дейін әулетіміздің ақылшысы, берекесі болып отыр. Мен әжеме жиі барып, халін сұрап тұрамын. Әжемнің жанында болған сайын бала күнімдегі бақытты шақтарым есіме түседі. Сондай-ақ атамның басына барып, Құран бағыштап тұруды өзімнің перзенттік парызым

деп білемін. Әр барған сайын атамның өнегелі өмір жолын еске алып, жасаған жақсылықтарын ойлаймын. Оның рухына дұға бағыштап, Алладан рақым тілеймін.

Мен атамның тұңғыш немересі болғанымды әрдайым үлкен мақтаныш санаймын. Алғаш немере болып дүниеге келіп, атам мен әжемнің ерекше мейіріміне бөлену – менің өмірімдегі үлкен бақ. Бүгінде есейіп, өз өмір жолымды бастаған сайын олардың берген тәрбиесінің қаншалықты құнды екенін терең түсіне түстім.

Асыл атам Тұрсынбек қажы, Сіз бізге тек аталық мейірім ғана емес, өмірлік өнеге қалдырдыңыз. Сіздің адалдығыңыз, еңбекқорлығыңыз, имандылығыңыз бен адамгершілігіңіз біз үшін мәңгілік үлгі болып қала береді. Сізді сағынышпен еске аламыз, әрдайым мақтан тұтамыз.

Мен үшін атам – дүниедегі ең жақсы ата еді. Оның мейірімі мен қамқорлығы, ақылы мен тәрбиесі менің өмірімнің ең қымбат қазынасына айналды. Атам әрдайым бізге дұрыс жол көрсетіп, ақ батасын беріп отырды. Сол себепті оның жарқын бейнесі жүрегімде мәңгі сақталады.

Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын. Алла Тағала жаныңызды жәннаттың төрінен нәсіп етіп, рақымына бөлесін. Сіздің жарқын бейнеңіз бен асыл қасиеттеріңіз ұрпақтарыңыздың жүрегінде мәңгі сақталады.

Сағынышпен еске алған тұңғыш немересі –
Нұрлыбек Оразбекұлы Тұрсынбек

МЕН АТАММЕН МАҚТАНАМ

Ата – мен үшін аты аталғанда өн-бойыма қайсарлық пен сенім құятын қасиетті сөз. Атамның бала күнінен бергі көрген қиындықтарын, әкесіз өткізген ауыр күндерін естіген сайын оның қандай мықты адам болғанына көз жеткіземіз. Мен атамды әулетімізге үлгі болған, жұбайына адал жар, балалары мен немерелеріне қорған бола білген асыл адам ретінде танимын. Әкем Оразбек пен анам Самал да атамды қатты қадірлейтін. Атам барлық жерде сыйлы, шыншыл адам болатын. Ол кісі бізге татулықты, сыйластықты үйретті. Жыл сайын жаңа жыл мерекесін төрт көзіміз түгел атамның үйінде қарсы алушы едік. Ал, наурыз мейрамында әжеміздің бал татыған наурыз көжесін ішуге асығатынбыз. Қазіргі уақытта атамыз арамызда болмаса да осы дәстүрді бұзған емеспіз.

Кішкентай кезімізде атам мен әжем жаз айларында саяжайда тұрды. Біз демалыс күндерін асыға күтіп, сабақтан босасымен саяжайға асығатынбыз. Саяжайда атам мен әжемнің бау-бақшасы болды, сонымен қатар сиыр, жылқы, қой ұстайтын. Жазда уылжып піскен жеміс-жидектерді теретінбіз. Әжеміз сиыр сауып, бізге сүт, қаймақ-май беретін.

Саяжайда есік алдында атамның қара орындығы болатын. Атам бізді сол орындығында күтіп отыратын. Біз есік алдында ойнасақ, бізге қарап отырушы еді. Біз осылайша ата-әжеміздің қасында өстік. Ең есте қалғаны – үйге кірген әр баласының, әр немересінің маңдайынан иіскеп, мейірімін төгетіні, бізді қасына отырғызып, барлық тәтті-дәмдіні алдымызға қоятыны. Біз ауырып қалсақ,

атамызға барушы едік. Ол кісі күн батар кезде жерұшық жасаушы еді. Біз атамның емінен кейін келесі күні-ақ жазылып кететінбіз.

Атам өз әкесін көп ойлайтын. Теледидардан соғыс жайлы фильм көрсетілсе, әкесін есіне алып, толқып отыратын.

Атамыз сабырлы, байсалды, артық сөзге жоқ, бірақ әр ісімен тәрбие беретін жан еді. Ер-азаматтың қандай болуы керек екендігін атам өз ісімен көрсетіп берді. Оның осы мінезі балаларына да дарығанына қуанамын. Атам айтар ойын дана әжем арқылы жеткізетін. Бұл да парасаттылықтың белгісі деп ойлаймын.

Отбасымыздың тірегі де, жүрегі де атамыз еді. Біз оның абыройын асқақтатып, есімін құрметпен алып жүруге тиіспіз. Бұланбай әулетінің ұрпағы ақыретке дейін жалғасып, үзілмесе екен дейміз. Ұрпағымыздан атам сияқты қари, салиқалы кісілер шығып, елге адал қызмет етсе екен деймін.

Мен осындай атам мен әжемнің немересі болғаныма қуанамын және мақтанамын!..

Ақбота Оразбекқызы

СУРЕТТЕР СӨЙЛЕГЕНДЕ...

(Тұрсынбек Бұланбайұлы жайлы фотодеректер)





Әкеміз – Тұрсынбек, анамыз – Жұмаш.



Әкеміз Тұрсынбек пен анамыз Жұмаштың отау құрған жылдары. (1974 жыл)



1958–1959 жылдар. Сарысу орта мектебінің алғашқы түлектері.



Әкеміздің Целиноград ауыл шаруашылығы институтында бірге оқыған жолдастары – Көшен Шубаев пен Серік Дүйсенбеков. (1985 жыл.)



Әкеміз ұлдары Оразбек және Манарбекпен бірге. (1989 жыл)



Әке мен бала – мәңгілік байланыс.



Ата-анамыз Сарыағаш шипажайында демалуда.



Қуанышқа толы бір күннің естелігі.



Әкеміздің ағалары – Шахаров Оразбек пен Жетібаев Қарлыбай.



Ата-анамыздың бала-шағамен өткізген бақытты күндері.





Әкеміз Тұрсынбек Алланың қалауымен қасиетті Мекке мен Мәдинаға барып, үлкен қажылық парызын өтеді. (2008 жыл)



Қадірлі құдалармен Ұлытаудағы естелік сапар.



Мешіттегі қызмет жылдары.

БҰЛАНБАЙ АТАМЫЗ БЕН ЖҰБАЙЫ ШОЛПАН АПАМЫЗ ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕР



АТАЛАРЫМ - АРДАҚТЫЛАРЫМ

Біз Найман – Балталы руының ұрпақтары боламыз. Балталының ішінде Құли атамыздан тараймыз. Құли атамыз өз заманының бетке ұстар азаматы болған. Сонымен қатар ол кісі батыр, әділ би болған деседі. Құли бабамыздың үш әйелі болыпты. Біріншісі – Бөлек анамыз, екіншісі – Қарашаш анамыз, үшіншісінің аты белгісіз. Бөлек ана Құли бабамыз қайтыс болғаннан кейін қара шаңырақта болады. Ал, Қарашаш анамыздың төркін жағы мықты, беделді, бай кісілер болса керек, өздері бөлек ауыл болып тұрыпты. Бұл анамыздан тараған ұрпақ өздерін «Құли-Қарашаш ұрпағымыз» деп атап кеткен.

Құли бабамыздың бейіті қазіргі Қостанай облысы, Арқалық қаласынан жүз шақырым жерде, Балталы ауылының тұсында. Бөлек, Қарашаш анамыз да сонда жерленген. Бөлек анамыздан - Жарасбай, Жарасбайдан – Жәлменбет, Жәлменбеттен – Үсен, Үсеннен – Бексейіт, Бексейіттен – Аққозы, Аққозыдан – Сүгір, Сүгірден – Игілік, Игіліктен – Жалаңтөс, Жалаңтөстен - Шошақ, Шошақтан - Сыпатай, Бұл жерде Сыпатай – арғы атамыз. Шошақтан - Жолбай, Жалайыр, Сыпатай туады. Жолбай мен Жалайырдан ұрпақ жоқ.

Менің әкем Тұрсынбектің айтуы бойынша, арғы атамыз Сыпатай бай кісі болыпты. Басқа малдарын былай қойғанда, ешкісінің өзі қора-қора болса керек. Содан Совет үкіметі орнаған кезде ауқатты адамдардың бәрі кәмпескеге ілігіп, Сыпатай да қуғын-сүргінге ұшырайды. Менің зияным ұрпағыма тимесін деген оймен Сыпатай атамыз ұлы Бұланбайды інісі Жалайырдың атына жаздырып жіберген екен. Содан біздің атамыз Жалайыров Бұланбай болып жазылып кетіпті. Атамыз Бұланбай 1910 жылы дүниеге келген. Нағыз қиыншылық заман ғой ол кездер. Содан 1928-1929 жылдары Бұланбай атамыз Шолпан әжемізбен


шаңырақ көтеріпті. 1930 жылы тұңғыштары Дәнеке әкеміз дүниеге келген. Дәнеке әкемізден кейін де Шолпан әжеміз талай құрсақ көтерсе керек, бәрі шетіней беріпті. Содан 1940 жылы менің әкем дүниеге келген кезде атын ырымдап Тұрсынбек деп қояды. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, Бұланбай атамыз да майданға аттанады. Сол кезде менің әкем бір жасқа енді толған сәби екен. Бұланбай атамыз соғысқа осы өңірдегі біраз азаматтармен бірге аттанады. Солардың бірі – Борсеңгір ауылында тұрған Досымбек ақсақал еді. Ол кісі соғыста ауыр жараланады, снаряд жарықшағы бір жақ бетін жұлып кетіп, қан майданнан ауылына оралады. Ал, біздің атамыз Бұланбай хабарсыз кетті, тіпті қара қағаз да келмеген. Біз Борсеңгірде тұрған кезімізде әкем мен анам Бұланбай атамыздың көзін көрген Досымбек ақсақалмен өте жақсы араласып тұрды.


Кейіннен заман дұрысталған соң хабарсыз кеткен жауынгерлерге ұрпақтары іздеу салып, кейбірі табылып та жатты. Сол кезде біз де Бұланбай атамызды іздедік, бірақ еш нәтиже шықпады. Атамыздың қолымызда қалған суреті де жоқ.

Атамыз біз үшін – нағыз майдангер батыр. Қай елде, қай топырақта жатса да жаны жәннатта болсын дейміз. Алла артында қалған ұрпағына ұзақ та бақытты ғұмыр берсін!..

Оразбек Тұрсынбекұлы Бұланбаев


Документ, уточняющий потери


Информация из документов, уточняющих потери



Бұланбай атамыз жайлы әскери комиссариаттың құжаттары.



Сарысу ауылынан майданға аттанған азаматтарға қойылған ескерткіш.



Осы ескерткіштегі тақтада Бұланбай атамыздың да есімі жазылған.

БЕЛГІСІЗ СОЛДАТ
(Ұлы Отан соғысында хабарсыз кеткен Бұланбай атамыздың рухына)

Жылдар өтті қуаныш кешіккелі,
Жанымызға сағыныш несіп пе еді?
...Менің атам майданға кетер күні,
Көп қарапты ұлына бесіктегі.

Солай тағдыр торына түсіпті нық,
Қайтпайтынын тылсым бір күш ұқтырып.
Маңдайынан сүйіпті асыл жарын,
Кеудесіне соңғы рет қысып тұрып.

Бір үмітке сонда да сенген, бекіп,
Қайран әке, барады елден кетіп.
Ал, алаңсыз нәресте уілдепті,
Әкесіне қолдарын ербеңдетіп.

Көңілінде - өмірге құмар қылық,
Тіршілікте, шіркін-ай, тынар ма үміт?!
Жөргегінен сәбидің жыртып алып,
Мойынына тағыпты тұмар қылып.

Қылғанменен құдайға құлшылықты,
Кім қияды, дүние-ай, тіршілікті!
Солай атам кетіпті қан майданға,
Шаңыраққа бір қарап... күрсініпті.

Оңай емес қан майдан, жат жер деген,
Өтеді ме тіршілік «әттеңменен»?
... Пошташы шал бұл үйге қия баспай,
Атамыздан бір де бір хат келмеген!

Әрбір атқан таңдарды еткенде үміт,
Қуаныш боп, шіркін-ай, жеткен бе құт?
Сағынышқа айналып сарғайған хат,
Шаңыраққа қонбапты кептер болып.

Жанымдағы айтайын мұңды кімге,
Өткен өмір тіріге жыр бүгінде.
«Менің әкем тірі» - деп қайран ұлы,
Құранға да қоспады тірлігінде.

Елдік - менің еңселі еліме тән,
Ерлік жайлы дастанды мен ұнатам.
Белгісіз боп мәңгіге қалғанымен,
Белгілісі - қаһарман менің атам!

Тұла-бойы - тұтасқан шын арлылық,
Тарлан ұлды тағдыры сынар біліп.
... Атамыздың есімін жүрміз енді,
Ұрпақтары мәңгілік тұмар қылып!..

Дәуренбек Бұланбаев, ақын,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

БҰЛАНБАЙ АТАМЫЗДЫҢ ЖҰБАЙЫ ШОЛПАН ӘБІЛҚЫЗЫ ЖАЙЫНДА



Шолпан Әбілқызы (1912-1977)

Таратып айтсақ:
Қарабала - Жауғашты - Саңырық.
Көрпе-Жүсіп-Жүніс
Жүсіп- **Дабыл-Әбіл**-Арын-Аманқара-Даукен
Дабыл- Рымбек-Нұрлан
Әбіл- Шолпан апам
Жүніс-Сәрсенбек—Тай- Бағдат-Жандос

ӘБІЛ МОЛДАНЫҢ ҚЫЗЫ ЕДІ

Дәнеке мен Тұрсынбек – бізге жиен. Олар менің Шолпан апамнан туады. Шолпан апамыз біртоға, тұйықтау,

орта бойлы жан еді. Дәнеке анасына қатты ұқсайды. Дәнеке ақынжанды, жарқын мінезді, ауылға түскен келіндердің бетін ашатын асаба болған. Беташарда әсіресе Қарабалаларға қалжыңдап, көп тиісетін.

Баяғыда бала кезімізде жайлауға қатар-қатар киіз үй тігуші едік. Сонда кешқұрым уақытта Дәнеке көршілердің бәрін жиып алып, «Рүстем-Дастан», тағы да басқа көптеген жырларды жатқа айтатын.

Інісі Тұрсынбек екі совхозда бас мал дәрігері болып еңбек етті. Өз ісіне адал, білімді болатын. Мен Тұрсынбекке «Екі совхоздың малын өзің ғана жеп тауыстың» - деп әзілдейтінмін.

Шежіреге үңілсек, Балталыда Беркімбай деген бақсы болған. Ол да айдауға түсіп, Тәжікстанға, одан Түркістан жақтағы Ащысай деген рудникте қара жұмыс істеген. Балталының Шәркен, Райхан деген біраз адамдары Ащысайда бірге еңбек етіп, кейіннен елге оралған. Ол кісі менің нағашым Мұзараф Ахановтың туған нағашысы екен. Әбіл атамыз да қобызшы болған. Беркімбай бақсы кейіннен қобызын Әбілге берген екен. Тұрсынбек Әбіл нағашысынан қобыз тартуды үйренген.

Тай үйленгенде Тұрсынбек келін түскен күні келіп, «Той малы менен болсын» деп, көмегін жасаған.

Дәнеке де, Тұрсынбек те жиендеріміз болғасын кемшілігін көрмедік. Жылы сөйлесіп, нағашылық-жиендік қатынасты үзгеніміз жоқ. Алла Тағала алдарынан жарылқасын.

Ділдагүл Жүнісқызы

Мазмұны:

Алғысөз 3

1-бөлім

Дәнеке Бұланбайұлының өлең-жырлары, толғаулары 5

2-бөлім

Дәнеке Бұланбайұлы жайлы естеліктер

1. Сағындық Қожамсейітов «Ұлытаудың ұлы» 24
2. Жетпіс Жауқасынов «Асыл азамат еді» 28
3. Жамсап Әшенов «Ауылдың абыройлы азаматы еді» 33
4. Мейірбек Бұзауов «Шежіре мен тарихтың білгірі» 35
5. Сұлтанғазы Жандильдин «Қалжыңның қақпаны» ..38
6. Әбдіжәлел Жағыпаров «Есімі ел есінде» 40
7. Аман Тәліпұлы «Жанашыр жан еді» 42
8. Қоңырбек Мәмбетбаев «Өлең-жырдың өзегі» 45
9. Әмзе Жетібаев «Сөз сүлейі» 47
10. Өтеген Әбікенов «Айтулы ақын, әзілі әзір асаба» 49
11. Роза Мұңайтпасова «Қадірлі еді көкеміз» 53
12. Қайыржан Біраяқов «Бәтуалы бажам» 56
13. Шәкия Әбеева «Апа-жездем ардақты жандар еді» 58
14. Ғазиз Әбеев «Апама жездем сай» 60
15. Бизейнеп Көпеева «Әкемдей болған адам еді» 63
16. Аманкүл Мұқашева «Көкемнің кәмпиттері» 65
17. Зәуре Абсалықова «Ел адамы» 67

18. Әбілхасен Мергентаев «Көкеміз көшелі адам еді» 69
19. Рақман Мусин «Көкемнің қызықтары» 71
20. Аман Оразұлы «Тектіден текті туады» 73
21. Динара Еділбаева «Ғибрат тұнған ғазалдар» 76
22. Қалдықүл Жартыбаева «Салмағын сөздің сезінген» 79
22. Әліпбек Дәнекеұлы «Биік оның есімі» 81
24. Гүлбану Дәнекеқызы «Мен әкеммен мақтанамын» 84
25. Шәріпбек Дәнекеұлы «Жапырағын жайған бәйтерек» 88
26. Шәркүл Дәнекеқызы «Әкемді аңсаймын» 91
27. Гүлжан Дәнекеқызы «Тау тұлға» 94
28. Дәуренбек Дәнекеұлы «Ғибратты ғұмыр» 96
29. Салтанат Арыстанова «Жаны жайсаң жан еді» 101
30. Дәулетбек Шәріпбекұлы «Атамның баласымын» .104

3-бөлім

«Суреттер сөйлегенде...»

Дәнеке Бұланбайұлы жайлы фотодеректер 107

4-бөлім

Тұрсынбек Бұланбайұлы жайлы естеліктер

1. Жұмаш Әбдірқызы «Ұлағаты ұрпаққа үлгі» 114
2. Кенжал Балкенов «Өлке тарихының тамыршысы» .120
3. Смайыл Елеусізов «Құрдасым әрі құдам еді» 123
4. Әлімбек Жандарбеков «Менің құдам». 125
5. Әбдірахман Нұрғалиев «Құданы құдай қосады» 127
6. Сералы Тілегенов «Екі әулеттің алтын көпірі» 129

7. Клара Әбдікәрімқызы «Тұрсынбек құдамыз туралы естелік» 131
8. Марал Амангелдіқызы «Жақсы болсаң жердей бол...» 137
9. Зухра Маратқызы «Құдай қосқан құдамыз еді» 142
10. Қуаныш Қалыбекұлы «Жадымызда сақталатын жандар» 144
11. Бақыт Қалыбекқызы «Жүрегі жомарт жан еді».....145
12. Жұмажан Зікірияұлы «Қасиет қонған жан» 148
13. Серік Байтоқов «Жастарды имандылыққа шақырды» 151
14. Сұлтанғазы Жандильдин «Еңбегімен елеулі» 153
15. Бақыт Дүйсенбекова «Өнерімен өрге жүзді» 155
16. Манарбек Өзіаманұлы «Тау тұлға» 157
17. Қалдықүл Жартыбаева «Жан досы еді әкемнің» ...161
19. Дәуренбек Бұланбаев «Өнегесі өміршең» 167
20. Оразбек Тұрсынбекұлы «Менің әкем - тірегім» 170
21. Майра Тұрсынбекқызы «Сағынышқа айналған асқар тауым» 177
22. Манарбек Тұрсынбекұлы «Әке көрген оқ жонар» 181
23. Мадина Тұрсынбекқызы «Әкеме сағыныш» 185
24. Фарида Тұрсынбекқызы «Әкемнің асыл бейнесі» 187
25. Болат Тұрсынбекұлы «Әкемнен үйренгенім көп» 190
26. Ақерке Тұрсынбекқызы «Әкемнің кенже қызымын» 191
27. Самал Аманкелдіқызы «Әулеттің тірегі – асыл атам» 196

28. Айнұр Абдрахманқызы «Асыл ата,
әулеттің асқар тауы» 200
29. Әсем Сарыбайқызы «Өнегесін санамызға
сіңірдік» 204
30. Нұрлыбек Оразбекұлы «Асыл атамды
сағындым» 205
31. Ақбота Оразбекқызы «Мен атаммен
мақтанам» 209

5-бөлім
«Суреттер сөйлегенде...»
Тұрсынбек Бұланбайұлы жайлы фотодеректер 211

6-бөлім
Бұланбай атамыз бен жұбайы Шолпан апамыз
жайлы деректер 221

Басуға 01.07.2026 қол қойылды. Пішімі 60×84
Көлемі 14,75 шартты баспа табақ Таралымы 350 дана.

Отпечатано ТОО «Tengri ltd»
г. Караганда, ул Челябинская, стр. 13.